

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ
КЕДЕН, ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ КАФЕДРАСЫ

Г.А.ҚУАНАЛИЕВА

Қаржы құқығынан қазақша түсіндірме сөздік

-А-

АВАЛЬ - вексель бойынша төлемді төлеуге міндеттеме алған тұлғаның атынан міндеттеме орындалмаған жағдайда вексельде көрсетілген соманы толық не жартылай төлеуге берілетін кепілдеме. Вексельді төлеуге кепілдеме беруші тұлғаны авальшы деп атайды.

АВАНС - жұмыстың орындалуы, мүлікті беру, көрсетілген қызмет және т.б. үшін алдағы төлемдердің есебінен берілетін немесе аударылатын ақша сомасы немесе басқа мүліктік құндылық.

АВАНСТАУ - аванс беру алдағы шығындардың есебінен ақша қаражатын беру.

АВАНСТЫҚ ЕСЕП - «есепке алынған» ақша қаражаттарының шығындалуы туралы ақпараттан тұратын құжат, аванстық есеп жауапты адамдардың өздеріне берілген ақша қаражаттарын өз мақсаттарына жұмсалуды және қозғалысына бақылау жасау мақсатында жасалады. Аванстық есепте есепке алынған соманың келіп түскендігі, нақты жұмсалғандығы, келіп түскен соманың қалдығы немесе қайталанғандығы көрсетіледі. Аванстық есепке мынадай растайтын құжаттар тіркеледі: іс-сапарға барған жері мен уақыты белгіленген іс-сапар куәлігі, жол жүру құжаттары, материалдық бағалықтар алу құжаттары және т.б.

АВЕРАЖ - белгілі бір уақыт өткеннен кейін бірдей акцияларды тұрақты соммаға сатып алуға бағытталаған биржа операциясы. Мұндай жағдайда клиентке белгілі бір жеңілдіктер беріледі.

АВЕРАЖ МЕРЗІМІ - несиелерді кезең-кезеңмен (айлық, алты айлық, жылдық және т.б. бөліп төлеу кезеңі).

АВИЗО - өзара есеп айрысулардағы өзгерістер туралы бір банктің екінші бір банкке ресми түрдегі жазбаша хабарламасы. Авизоның екі түрі болады: кредиттік және дебеттік. Дебеттік авизо - банктік шоттан қаражатты шегергені туралы хабарлама. Кредиттік авизо - банктік шотқа қаражат есептегені туралы хабарлама.

АВИСТА - вексельге немесе қандай да бір есеп айырысуға қатысты жазылатын төлем құжаты және оны ұсынған кезден бастап, белгілі бір мерзім ішінде төленуге тиістігін куәландырады.

АВТАРКИЯ - сыртқы экономикалық ортадан қандай да бір елдің (не елдер тобының) экономикалық оқшаулануы. Автаркияның негізгі белгілеріне елге әкелетін тауарларға шектеу мақсатында жоғары кеден салығын белгілеу, басқа елдермен сауда, экономикалық қатынастардың дамуына жан-жақты кедергі жасау жатады.

АВТОМАТТЫ ТҰРАҚТАНДЫРҒЫШ – мемлекет ұдайы араласпай ақ кірістер мен бағалардың ауытқуын реттеп отыруға мүмкіндік беретін экономикалық өзгеріс. Ешқандай әсер етпей, экономиканың циклдық ауытқу амплитудасын кемітетін экономикалық тәуелділік. Мысалы, профессиивтік табыс салығы қор жинауды ынталандыра отырып, жиынтық сұраныстағы сыртқы өзгерісті ұлғайтатын мультипликатор деңгейін төмендетеді.

АВТОРИЗАЦИЯ - банктік картаны пайдалану арқылы операцияны жүргізуге берген эмитент банктің рұқсаты. Авторизациялау процедурасы аяқталған соң эмитент банк, банктік картаны (слип) майдалану арқылы жасалған есеп айырысу өзге құжаттарды төлеуге байланысты міндеттеме алады.

АВТОРЛЫҚ - тұлғаның туындының авторы деп танылуы және оны пайдалануы кезінде авторлық құқықты тануды талап ететін, осы туындыға басқа авторлардың құқықтарын тануды болғызбайтын құқығы.

АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ - өнер, әдебиет, ғылым туындыларын жасау мен пайдалануға байланысты қатынастарды реттейтін азаматтық құқықтың институты.

АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАРДЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОРҒАУ - екі жақтық және көп жақтық халықаралық шарттар жасасу арқылы авторлық құқықтарды қорғау. Бұл саладағы көп жақтық халықаралық шарттарға 1952 жылғы Авторлық құқық туралы дүниежүзілік (Женева) конвенциясы мен 1886 жылғы әдеби және көркем шығармаларды қорғау туралы Берн конвенциясы жатады. Осы конвенцияларда авторлық құқықтар ұлттық режим беру арқылы қорғалады.

АВТОРЛЫҚ ШАРТ - автордың мүліктік құқықтарын беруге арналған азаматтық-құқықтық шарт.

АВУАРЛАР - міндеттемелер бойынша төлемдерді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін банктік активтердің әр түрлі нысаны.

АЙМАҚТЫҚ КЕЛІСІМ - әкімшілік-аумақтық бөліністегі әріптестер арасында жазбаша түрде жасалатын шарт, құқықтық акт. Аймақтық келісімде аумақтық ерекшеліктер ескеріле отырып, еңбектің жағдайлары, әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктер қарастырылады.

АЙНАЛЫМДАҒЫ ТАУАРЛАРДЫ КЕПІЛГЕ САЛУ - тауарларды жалпы құнды кепіл туралы шартта көрсетілгеннен кем болмайтын жағдайда оларды кепіл берушіде қалдыру және кепіл берушіге кепілге салынған мүліктің (тауар қоры, шикізат, материалдар, жартылай фабрикаттар, дайын өнімдер және т.б.) құрамы мен нақты түрін өзгерту құқығын бере отырып, оларды кепілге салу айналымдағы тауарларды кепілге салу деп танылады.

АЙЫП ТӨЛЕУ - азаматтық құқықта міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілі; борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамағн ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті заңмен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші өзіне келтірілген зиянды дәлелдеуге міндетті емес. Айып төлеу заңда немесе шартта көрсетілуіне байланысты екі түрге бөлінеді. Заңды айып төлеу және шартты айып төлеу.

АГЕНТ - басқа бір адамның (мүлік иесінің) тапсыруы бойынша оның есебінен және оның атынан белгілі бір әрекеттер жасайтын, сондай-ақ мәмілелер дайындауды қамтамасыз ететін, бірақ шарттарға қол қоюға құқығы жоқ жеке немесе заңды тұлға. Агент өз әрекетін тапсырыс берушінің нұсқауымен жүзеге асырады, ол қызмет ақысын агенттік келісім бойынша алады.

АГЕНТТІК КЕЛІСІМ - жеке немесе заңды тұлғалардың белгілі бір заңды немесе басқа әрекеттерді басқа кез келген тұлғанын тапсырмасы немесе мүддесі бойынша және соның есебінен орындауы туралы жасалатын келісімшарттың бір түрі. Агенттік келісім жазбаша түрде жасалады. Құжатта мынадай мәліметтер: агентке берілетін өкілеттілік, қызмет ету аясы, қатысушы тараптардың міндеттері мен құқықтары, агенттің сыйақысының көлемі мен шарты, келісімнің әрекет ету мерзімі, колданылатын санкциялар және даулы мәселелерді реттеу тәртібі карастырылады.

АГЕНТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ - заңды немесе жеке тұлғардың, яғни агенттердің біреудің тапсырмасы және мүддесі бойынша, соның есебінен және соның атынан алдын ала анықталған шарттарда қызмет көрсетуі. Агенттік қызмет көрсетуде агенттер мәмілелердің көлеміне карай, оның құнынын 2-5 пайыз деңгейінде сату-сатып алу мәмілесі бойынша агенттік сыйақыларын ала алады.

АГЕНТТІК ОБЛИГАЦИЯ - қаржы агенттігі шығаратын облигация.

АГЛОМЕРАЦИЯ - көптеген қалалар мен елді мекендердің өздігінен бірінғай қала қалқына бірігіуі.

АГРЕМАН - бір жақтың қандай да бір адамды екінші елдің дипломатиялық өкілі ретінде тағайындауға алдын ала жасаған келісімі.

АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР - өңдеу және сату мерзімдеріне қарамастан тауарлы-материалдық қорлар (шикізат қалдығы, негізгі және көмекші материалдар, отын, сатып алынатын жартылай фабрикаттар, қосалқы бөлшектер).

АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕРДІҢ АЙНАЛЫМДЫЛЫҒЫ - өнімді (жұмыс, қызмет) өткізуден түскен түсімнің кәсіпорынның ағымдағы активтері шамасының орташа кезеңіне қатынасы.

АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕРДІҢ ПАЙДАЛЫЛЫҒЫ - белгілі мерзім ішіндегі сату пайдалылығының активтердің айналымдылығына ықпалы ретінде есептеледі.

АҒЫМДАҒЫ БАҒАЛАР - қарастырылатын кезеңге қызмет ететін бағалар мен тарифтер. Өнімді өткізуден түскен түсімді, көрсетілген қызметтен табысты бағалау кезінде, өнімнің өзіндік құнын және пайданы есептеу кезінде пайдаланылады. Көтерме сауда, сатып алу, бөлшек сауда бағаларына және құрылыстағы бағаларға, кәсіпорындармен, ұйымдармен, халыққа көрсетілетін қызметке бағалар мен тарифтерге бөлінеді.

АҒЫМДАҒЫ БЮДЖЕТТІ БАҚЫЛАУ - ағымдағы жылға бекітілген бюджет туралы Заңның мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес, бюджет кірістері мен шығыстарын жедел басқаруды жүзеге асыру шараларының жиынтығы.

АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛ ӘДІСІ - салық салынатын табысты сол алынған жылы бағалау әдісі.

АҒЫМДАҒЫ НЫСАНАЛЫ ТРАНСФЕРТТЕР - жекелеген ағымдық бюджеттік бағдарламаларды іске асыру үшін республикалық немесе жергілікті бюджеттерде белгіленген бюджет субвенцияларын есептеу кезінде ескерілмейтін сомалар шегінде жоғары тұрған бюджеттердің төмен тұрған

бюджеттерге беретін ресми трансферттері. Бұл трансферт мемлекеттік, салалық, аймақты бағдарламалардың іс-шараларын жүзеге асыруға, сондай-ақ қаржы жылы ішінде өкімдердің өтініші бойынша үкіметтің немесе жергілікті атқарушы органның резервінен қаржыланатын іс-шараларға беріледі.

АҒЫМДАҒЫ ШОТ - 1) елдің сыртқы сауда нарығындағы жағдайын сипаттайтын көрсеткіш, яғни нақты кезеңде өндірілген тауарлар мен қызметтердің жалпы құнындағы сыртқы сауданың жалпы көлемінің үлесін көрсетеді; шетелдегі мүліктен алынған табыс пен елдегі шетелдіктердің мүліктерінен алынған табыс арасындағы айырма, сондай-ақ шетелден алынған субсидиялар мен шетелге берілген субсидиялар арасындағы айырманы сипаттайды; 2) ағымдағы есеп айырысуды, келіп түсетін ақша қаражаттарын сақтауды жүзеге асыруға арналған банктік шот.

АҒЫМДАҒЫ ШЫҒЫНДАР - күрделі трансферттер және жерді, материалдық емес активтерді, мемлекеттік стратегиялық, және төтенше жапастарды немесе әскери емес мақсатта ұзақ уақыт пайдаланылатын тауарларды алуға кеткен шығындар. Ағымдағы шығындар әдетте, бюджеттің ағымдағы шотында немесе жеке бөлімінде көрсетіледі, яғни ағымдағы шығындардың дербес бюджеті. Демек ағымдағы бюджет ретінде қарастырылады.

АҒЫМДЫҚ ҚҰН - актив құнының қолданылмаған бөлігін, тозуды есепке алғандағы құны немесе кей жағдайларда баланстық құны.

АҒЫМДЫҚ НАРЫҚТЫҚ ҚҰН - көрсеткіш капиталдың қазіргі кездегі құрылымын сипаттайды, ең нақты болып табылады, себебі нарықтағы бағалы қағаздарды өткізу кезінде алынуы мүмкін акционерлік қоғамның шын мәніндегі табыстарын анықтайды. Сонымен қатар, қоғаммен өз акционерлерінен акцияларды сатып алу нарықтық құн бойынша жүзеге асырылады.

АДВАЛОРЛЫҚ БАЖДАР - кеден баждарының түрі, олар тауардың кедендік құнына пайыздық қатынас бойынша өндіріп алынуымен сипатталады.

АДВАЛОРЛЫҚ САЛЫҚ - тауар, қызметтің анықталған құнына салынатын салық. Салық төлемдері тауар немесе мәміле құнына тұрақты пайыздық мөлшерлеме негізінде анықталады. Бұл қағида сатудан алынатын салықты есептеу барысында қолданылады. Бұл салықтың ерекшелігі, оның өз қызметтерін инфляция жағдайында шұғыл сақтай алады.

АДДЕНДУМ - халықаралық сақтандыру ісінде сақтандыру немесе қайта сақтандыру келісімшартына қосымша ретінде қолданылады. Мұнда жалпы аварияға байланысты кеме, жүк және фрахт арасында келісілген жайттар жазылады.

АДДЕТИВТІ - көбейту жолымен алынатын шама. Сандардың аддетивті теориясы қандай да бір түрдегі қосылыстардан сан құралады деп тұжырым жасайтын заңдылықты зерттейтін арифметиканың бір бөлігі.

АДЖАСТЕР - диспашер, жалпы аварияға байланысты кеме, жүк және фрахт арасында залалды болуге байланысты есептеулерді жүргізетін маман.

АЖИО - жекелеген бағалы қағаздар мен тауарлардың құнын кеміту не арттыру мақсатымен биржада жасалатын айла-амалдар.

АЖИО-КОНТРО - бағалы қағаздардың немесе тауар бағасының биржа бағамының шұғыл ауытқуы процессінде пайда болатын, немесе залал көрініс табатын шот.

АЖИОТАЖ - бағалы қағаздарға, тауарларға бағаны жасанды көтеру арқылы биржада немесе нарықтарда жасалатын алыпсатарлық әрекеттер.

АЖУР – барлық жазбалар шаруашылық операциялар жасалған сәтте қойылатын бухгалтерлік есептің жай-күйі, яғни аналитикалық және синтетикалық, қоймалық және бухгалтерлік есеп деректерінің толық сәйкестігі.

АЗИЯ ДАМУ БАНКІ - Біріккен Ұлттар Ұйымының экономикалық комиссиясының шешімі бойынша Азия мен Қиыр Шығыс елдері үшін 1965 жылы құрылған банк. Орналасқан жері Манила қаласы (Филиппины). Банктің негізгі мақсаты - инвестициялау, қаржы-несие, техникалық көмек беру арқылы Азия мен Қиыр Шығыс елдерінің экономикалық және әлеуметтік дамуын қолдау.

АЙМАҚТЫҚ БАҒДАРЛАМА - мәслихаттар бекітетін аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму міндеттерін шешуге бағытталған бағдарлама.

АЙНАЛЫМ АКТИВИ - есептік (қаржылық) жыл ішінде бір реттен кем емес айналатын және ағымдағы айналымға қатысушы есеп-айырысу қаражаттары, ақша қаражаттары және кәсіпорындар мен ұйымдардың мүліктерінің өзге құндылықтары.

АЙНАЛЫМ КАПИТАЛЫ - құны түгелдей өндірілген тауарға айналатын, оны өткізгеннен кейін ақша түрінде қайта оралатын өндіріс капиталының бір бөлігі.

АЙНАЛЫМНАН ТЫС АКТИВТЕР - шаруашылық қаражаттарының айналымнан алынған кәсіпорындар мен ұйымдардың меншікті қаражаттары. Айналымнан тыс активтерге материалдық, материалдық емес және қаржылық сипаттағы активтер, яғни ұзақ мерзімге (1 жылдан жоғары) пайдалануға дайындалған немесе алынған, сатуға арналған тауар түрінде пайдаланылмайтын активтер жатады.

АЙЫППҰЛ - келісімшарт міндеттемесін бұзғаны үшін екі жақтың бірінің төлейтін төлемі. Мұның мақсаты келісімшарт тәртібін бекіту және залал шеккен жақтың шығынын өтеу. Айыппұл орындалмаған міндеттеме сомасынан пайыз немесе тұрақты сома түрінде төленеді.

АЙЫРБАС БАҒАМЫ - шетел валютасына бейімделген сол елдің ақша бірлігінің бағасы. Айырбастау бағамының түрлері: өзгермелі — валютаны еркін сатып алу-сату нарығы жағдайындағы, нарықтық ауытқулардың нәтижесінде белгіленеді. Қазақстан Республикасында 1999 жылдың 4 сәуірінен бастап, еркін өзгермелі бағам енгізілді; номиналдық - екі валютаның құндарының қатынасы ретінде есептелетін бағам; тіркелген - айырбас бағамы мемлекет тарапынан қатаң түрде белгіленген айырбастау қатынасы; нақты - валюталардың тауарлы қатынасын керсететін айырбастау

бағамы, яғни әр түрлі валютада бейнеленген бір ғана тауардың бағасының қатынасы.

АКВИЗИТОР - көлік немесе сақтандыру кәсіпорындары мен мекемелерінің қызметкерлері не агенті, оның міндетіне жаңа жүктерді немесе сақтандыруларды тарту жатады.

АККЛАМАЦИЯ - халықаралық ұйымдар мен конференцияларда қолданылатын қол шапалақтау, қолдауын білдіру және т.б. арқылы дауысқа салмастан шешім қабылдау тәсілі.

АККОРДТЫ САЛЫҚ - табыс мөлшеріне, тауарлар мен қызметтердің тұтыну немесе жеке мүмкіндігінің деңгейінен тәуелсіз, жеке тұлғаның жыл сайын салық түрінде төлейтін тұрақты салық сомасы.

АККРЕДИТАЦИЯЛАУ - дипломатиялық өкілдікті басқару және мемлекеттің өкіл ету өкілеттіктерін қабылдау арқылы бір мемлекеттің басқа мемлекетке өкіл ету өкілеттіктерін белгілі бір тұлғаға жүктеу үрдісі. Аккредитация ұғымы тиісті органға не қабылдаушы мемлекеттің ресми тұлғасына (мемлекет басшысына, сыртқы істер министріне) осындай өкілеттіктерді растайтын құжаттарды (сенім грамоталарын, сенім хаттарын) беру актісін де қамтиды. Аккредитация ұғымы кейде халықаралық ұйым жанындағы мемлекеттің тұрақты өкілдігінің басшысына қатысты тиісті үрдісті де білдіреді.

АККРЕДИТИВ - бұл сатып алушының тапсырмасы бойынша сатып алушының (аккредитив ашушының) банкісінің жабдықтаушының банкісіне, аккредитивте көрсетілген құжаттарды жабдықтаушы бергеннен соң және аккредитивтің басқа да шарттарын орындаған жағдайда төлемді төлеуге берген шартты ақшалай міндеттемесі. Аккредитивтің түрлері: өтелген және өтелмеген, қайтарылмалы және қайтарылмайтын. Аккредитивтің қызмет ету мерзімі және есеп айырысу тәртібі төлеуші мен жабдықтаушының арасында жасалатын келісімшартта көрсетіледі, сондай-ақ онда мыналар көрсетіледі: эмитент-банктің атауы; аккредитив түрі және орындалу тәсілі; аккредитив ашылуы туралы жабдықтаушыға хабарлау тәсілі; аккредитив бойынша қаражатты алу үшін жабдықтаушының беретін құжаттарының толық тізімі мен нақты сипаттамасы; тауарларды жөнелткеннен кейінгі құжаттарды жіберу мерзімі, олардың рәсімделуіне қойылатын талаптар; басқа да құжаттар мен шарттар. Аккредитив ашу туралы өтініште төлеуші мыналарды көрсетеді: аккредитив ашылатын келісімшарттың номері; аккредитив қызмет ету мерзімі (аккредитив жабылу күні мен айы); жабдықтаушының атауы; орындаушы банктің атауы; аккредитив орындалу орны; аккредитив бойынша төлем төленетін құжаттардың толық және нақты атауы, олардың тапсырылу мерзімі мен рәсімделу тәртібі; аккредитив төленетін тауарлардың (қызметтердің) аты, тауарларды (қызметтерді) жөнелту мерзімі; аккредитив сомасы; аккредитивті іске асыру тәсілі.

АКТ - мемлекеттік орган қабылдаған шешім немесе құжат. Ол үш түрге бөлінеді: 1) нормативтік құқықтық акт; 2) құқық қолдану акті; 3) өмірдегі әр түрлі құқықтық мәні бар мән-жайларды ресми түрде дәлелдеуге арналған

құжаттар (тексеру актісі, жауап алу хаттамасы, туу, некелесу туралы куәлік және т.б.).

АКТИВ - негізгі құралдар, материалдық емес активтер, материалдық өндірістік қорлар, ақша қаражаты, қаржы салымдары, сонда-ақ жеке немесе заңды тұлғаларға қойылатын басқа да ақшалай талаптар түрінде жеке немесе заңды тұлғаларға тиесілі мүліктік құқықтардың (мүліктердің) жиынтығы.

АКТИВТЕРДІҢ АЙНАЛЫМДЫЛЫҒЫ - коэффициент, активтердің (кезеңдегі айналым санын көрсетеді) айналым жылдамдығын көрсетеді, ол өнімді өткізуден түскен түсімнің жалпы активтердің орта шамасына қатынасы арқылы анықталады.

АКТИВТЕРДІҢ ПАЙДАЛЫЛЫҒЫ - компанияның барлық мүліктерін тиімді қолдануды сипаттайтын көрсеткіш. Активтердің айналымдығы активтердің орта жылдық мөлшеріне таза пайданы болу арқылы есептеледі.

АКТИВТІ ДЕПОЗИТТІК ОПЕРАЦИЯЛАР - банктің уақытша бос ақша қаражаттарын басқа корреспондент-банктердегі шоттарда орналастыруымен байланысты операциялар. Олар банктің өтімді активтері ретінде, яғни жалпы активтердің өте аз бөлігін алады.

АКТИВТІ ТӨЛЕМ БАЛАНСЫ - елдің шетел валютасындағы түсімдерінің сомасы шетел валютасындағы шығыстардан артық болатын төлем балансы. Қазақстан Республикасында 2000 жылдан бастап, активті төлем балансы орын алуда. Оның басты себебі, мұнай өнімдеріне деген әлемдік нарықтағы бағаның өсуі, соның нәтижесінде елдің валюталық түсімдері артып отыр.

АКТИВТІК ОПЕРАЦИЯЛАР - бұл банктердің табыс алу және өзінің өтімділігін қамтамасыз ету мақсатында иелігінде бар ресурстарды орналастыруды жүзеге асыратын операциялар.

АКТИВТІК ШОТТАР - шаруашылық субъектісінің барлық активтері есепке алынатын және активтердің бар-жоғы, құрамы, орналасуы және қозғалысы көрсетілетін бухгалтерлік есеп шоттары.

АКТУАРИЙ - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық тұрақтылығы мен қажетті төлем қабілеттілік деңгейін қамтамасыз ету мақсатында сақтандыру (қайта сақтандыру) келісімшарты бойынша міндеттеме мөлшерінің экономикалық-математикалық есептеуін жүзеге асырумен айналысатын жеке тұлға.

АКТУАРЛЫҚ ЕСЕПТЕУЛЕР - сақтандырушы мен сақтанушының өзара қатынастарын анықтайтын математикалық, және статистикалық тәуелділіктердің жүйесі.

АКЦЕПТ - шаруашылықта және халықаралық тауар айналымында тауарлар мен көрсетілген қызметтерді төлеуге кепіл беру немесе есеп айырысу құжаттарын төлеуге келісім беру. Акцепт инкассо, төлем талабы-тапсырмасы, аккредитив, аудармалы вексель сияқты есеп айырысу нысандарында қолданылады. Акцепт аталған есеп айырысу құжаттарында жазу нысанында «төлеуге келісім берілді» деп көрсетіледі. Акцепт толық немесе жартылай болуы мүмкін. Акцептің түрлері: теріс акцепт, яғни бекітілген мерзімде төлеуге келісім бермеуді білдіреді; оң акцепт — төлем құжаттарын төлеуге жазбаша келісім беру; алдын ала — акцепт мерзімі

ішінде, яғни төлем құжаттарын толегенге дейін жасалады; кейінгі акцепт — төлемнен кейінгі келісім беру. Бұл жағдайда төлем құжаттары төлеушінің банкіне келіп түскен құны төленеді, бірақ акцепт құқығы төлеушіде сақталады, соның ішінде, акцепт мерзімі ішінде акцепт бас тарту құқығы да толық сақталады. Бұл есеп айырысуды жеделдетеді.

АКЦЕПТЕЛГЕН ЧЕК - чекте көрсетілген сомманы алушының шотына есептеуге кепілдік беретін банктің келісімі бар чектің түрі.

АКЦЕПТЕУШІ - төлем құжаттарын (вексель, чек, төлем талап-тапсырмасын) төлеуге келісім беретін заңды немесе жеке тұлға. Аудармалы вексельдермен есеп айырысу барысында акцептеуші ретінде төлем міндеттемесін өзіне қабылдайтын немесе куәландырушы трассат болады.

АКЦЕПТСІЗ ТӨЛЕМ - төлеушінің банктегі есеп шотынан, оның келісіміне (акцептіне) қарамастан есеп айырысу құжаттары бойынша төлеу. Заңда немесе Орталық банк нұсқауларында көзделген жағдайларда қаржыны даусыз өндіріп алу түрлерінің бірі.

АКЦЕПТІ НЕСИЕ - аудармалы вексельді (траттаны) акцептеу нысанында банктерден берілетін несие.

АКЦИЗ - көпшілік тұтынатын тауарларға (мәселен, қант, шай, темекі өнімдері) салынатын жанама салықтың бір түрі, оны мемлекетке көпшілік тұтынатын тауарларды өндірушілер мен сатушылар төлейді, олар оны бағаны қымбаттату арқылы халықтан өтеп алады.

АКЦИЗДЕРДІҢ (ЖАНАМА САЛЫҚТЫҢ) ТӨЛЕУШІЛЕРІ - Қазақстан аумағына акцизделетін тауарлар шығаратын; акцизделген тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағына импорттайтын, Қазақстан аумағында бензиннің (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынының көтерме, бөлшек саудасын жүзеге асыратын, Қазақстан аумағында қызметтің акцизделетін түрлерін жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар.

АКЦИОНЕР - акционерлік қоғам түрінде құрылған кәсіпорын немесе ұйымның ортақ иесі, акционерлік қоғамның капиталына оның салымының мөлшерін растайтын және дивидент алуға құқық беретін акция иеленушісі.

АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН БҰЗУ - акционерлік қоғамның лауазымды адамдарының акционерлік қоғам істерін акционерлердің басқару құқықтарын, қоғамның қызметі туралы ақпарат алу құқықтарын бұзуы, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысын шақыру мен өткізудің заңдарда белгіленген тәртібін бұзуы.

АКЦИОНЕРЛІК БАНК - акционерлік қоғам сияқты ұйымдық-құқық нысанында құрылған банк. Акционерлік банк құру тәртібі мен оның қызмет ету механизмі «Акционерлік қоғам туралы», «Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы» Қазақстан Республикасы заңдарымен және Қазақстан Республикасы Ұлттық банктің нормативтік актілерімен бекітіледі.

АКЦИОНЕРЛІК БАНКТІҢ АКЦИЯСЫ - банктің жарғылық капиталына үлес қосқандығын куәландыратын және дивидент алуға және банкті басқару ісіне араласуға құқық беретін бағалы қағаз.

АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ - акционерлік қоғамның акцияларды эмиссиялау және оларды қаржы нарығында орналастыру негізінде қалыптасқан капиталы.

АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ - азаматтық заң бойынша өзінің қызметін жүзеге асыру үшін акциялар шығаратын ұйым. Ұйымдық-құқықтық нысаны бойынша қоғам коммерциялық және коммерциялық емес болып құрылуы мүмкін. Қазақстан Республикасында қоғамның екі үлгіде – ашық және жабық болып құрылуы мүмкін. Жабық акционерлік қоғамның (ЖАҚ) акциялары құрылтайшыларының және алдын ала анықталған тұлғалардың араларында таратылады. Акционерлердің өздеріне тиесілі акцияларды басқа акционерлердің келісімінсіз тарата алатын акционерлік қоғам – ашық акционерлік қоғам деп танылады (ААҚ).

АКЦИЯ - бұл акционерлік қоғамның жарғылық капиталына үлес қосқандығын куәландыратын және басқару ісіне қатысуға құқық беретін, сондай-ақ иесіне табыс әкелетін бағалы қағаз. Дивиденд төлеу тәсілінің айырмашылығына байланысты жай және артықшылықты акцияларға бөлінеді. Жай акция, оның иесіне акционерлік қоғамының табысына байланысты табыс әкеледі және қоғамды басқару ісіне немесе жалпы жиналысқа қатысуға құқық береді. Ал, артықшылықты акция, иесіне қоғамның табысына байланыссыз тұрақты табыс алуға құқық береді, бірақ басқару ісіне араласуға немесе акционерлер жиналысына қатысуға құқық бермейді.

АКЦИЯНЫ БАҒАЛАУ - қор биржасындағы акциялардың әр түрлі компаниялардың акцияларына деген сұраныс пен ұсыныстың арақатынасы арқылы анықталатын және көптеген мән-жайларға, ең алдымен дивидендтердің мөлшеріне, фирманың тұрақтылығына, тиісті тауар нарығындағы конъюнктураға тәуелді нарықтық бағалау әдісі.

АКЦИЯНЫҢ ТАБЫСТЫЛЫҒЫ - карапайым бір акциядан түсетін пайданың акцияның нарықтық құнына қатынасы.

АҚША - жалпыға бірдей балама, өзге тауарлардың құнын көрсететін және барлық тауарға бірдей айырбасталатын ерекше тауар. Ақшаның даму тарихы ақшалардың мынадай түрлерін бөліп көрсетеді: тауар ақшалар, металл ақшалар, қағаз ақшалар, несие ақшалар және электронды ақшалар. Тауар ақшалар ретінде ақшаның рөлін кейбір халықтарда мал (ертедегі гректе, римдіктерде, славяндарда, моңғолдарда және т.б.), аң терісі (Скандинавияда, ертедегі Русьте), шай (Қытайда), тұз (Абиссинияда), піл сүйегі (Оңтүстік Африкада), Қазақстанның кейбір алыс түпкірлерінде ішкі сауда-саттық жүргізуде тоқты немесе саулық қой пайдаланылған. Бірақ аталған тауарлар мұндай рөлде ұзақ уақыт жүрмеген, себебі олар тауар айналысының талаптарын толығымен қанағаттандыра алмады және өздерінің қасиеттеріне байланысты баламалық шартына сәйкес келмеді. Металл ақшаларға алтын және күмістен жасалған шақалар, қағаз ақшаларға қазынашылықпен шығарылған қазыналық билеттер, несие ақшаларға вексель, банкнота, чектер, ал электронды ақшаларға дебеттік (төлем) және кредиттік карточкалар жатады.

АҚША АҒЫМЫ - қаржылық жыл ішінде банктің табатын және төлейтін ақшалай қаражат сомаларының арасындағы айырма.

АҚША АЙНАЛЫСЫ - шаруашылықтағы тауарларды өткізуге, сондай-ақ тауарлы емес төлемдерді және есеп айырысуларды жүзеге асыруға қызмет ететін қолма-қол және қолма-қолсыз ақша формаларындағы ақшалардың қозғалысы. Ақша айналысының құрылымына қолма-қол ақшалар айналысы мен қолма-қолсыз ақшалар айналысы кіреді. Қолма-қол ақшалар айналысы — бұл нақты ақшалар қозғалысын білдіреді. Оған банкноталар, монеталар және қағаз ақшалар (қазыналық билеттер) қызмет етеді. Дамыған елдерде нақты ақшалар айналысының едәуір бөлігін орталық банктерден шығарылған банктік билеттер құрайды. Ақша шығарудың кішкене бөлігі (10%-ға жуығы) қазыналық билеттерді шығарушы қазынашылықтың үлесіне тиеді. Қолма-қолсыз ақшалар айналысы — қолма-қолсыз ақшалар айналымының төлем құралдарының қозғалысы. Қолма-қолсыз есеп айрысуларда қолданылатын төлем құжаттарының түрлеріне мыналар жатады: төлем тапсырмасы, төлем талабы-тапсырмасы, инкассалық үкім, чек, вексель.

АҚША АЙНАЛЫСЫНЫҢ ЗАҢЫ - сатылатын тауарлар бағасының ақша айналысының жылдамдығына қатынасын сипаттайды. Ақша айналысының заңы айналысқа қажетті ақшаның санын есептеуге мүмкіндік беретін экономикалық заң. Ақша айналысының заңы айналыстағы жүрген тауарлар массасы мен олардың бағасының деңгейі мен ақша айналысының жылдамдығы арасындағы экономикалық тәуелділікті бейнелейді.

АҚША БЕЛГІЛЕРІН САРАПТАУ - ақша билеттері мен металл монеталардың түпнұсқалығын тексеру.

АҚША БІРЛІГІ - барлық тауарлардың бағаларын бейнелеуге қызмет ететін, заңды түрде бекітілген ақша белгісі. Ақша бірлігі ұлттық ақша жүйесінің бір элементіне жатады. Ақша бірлігі ұсақ бөлшектерге бөлінеді. Көптеген елдерде 1:10:100, яғни ондық бөлу жүйесі бекітілген. Мысалы, АҚШ-тың 1 доллары 100 центке тең, ағылшынның 1 функ стерлингi — 100 пенсаға, Ресейдің 1 рублі — 100 копейке, Қазақстанның 1 теңгесі — 100 тиынға бөлінеді.

АҚША ЖЕТІМСІЗДІГІ - қолма-қол ақшалардың жеткіліксіздігін бейнелейтін ақша-несие дағдарысына тән құбылыстардың бірі.

АҚША ЖҮЙЕСІ - бұл тарихи түрде қалыптасқан және ұлттық заңдылықтармен бекітілген, ақша айналысын ұйымдастыру нысаны. Ақша жүйесінің өзіне тән типтері және элементері болады. Ақша жүйесінің мынадай типтері айналыста жүрген ақшалардың түріне қарай қалыптасып дамып отырады. Оның түрлері: металл ақша жүйесі, яғни монометаллизм мен биметаллизм түрінде ұйымдастырылған ақша жүйесі; несиелік және қағаз ақшалар жүйесі, яғни алтын айналыстан алынып тасталғаннан кейін, оның орынбасары ретінде ақшаның ролін атқарған несиелік және қағаз ақшалар айналысына негізделген ақша жүйесі. Қазіргі кездегі ақша жүйесінің жаңа түрі электрондық ақшалар жүйесі қалыптасты. Мұндай ақша жүйесі электрондық ақшалар, яғни дебеттік және кредиттік карточкалар айналысына негізделеді.

АҚША ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ - елдің ақша жүйесін белгілейтін және оның қоғам мен мемлекет мүдделеріне сай ойдағыдай қызмет атқаруын қамтамасыз ететін қаржылық құқықтың жалпы бөлімінің институты. Осы институт реттейтін объект ретінде мына үш элемент көрініс табады: ақша жүйесінің құрылымы, ақша жүйесін ұйымдастырудың қаржылық-құқықтық аспектілері, валюталық реттеу.

АҚША ЖҮЙЕСІНІҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІ - 1) ресми ақша бірлігі; 2) ақшалардың түрлері; 3) ақшаларды эмиссиялау (шығару) тәртібі; 4) валюта айналымының режімі; 5) ақша айналымын ұйымдастыру.

АҚША ҚАРАЖАТЫ - бұл кәсіпорынның кассасындағы қолма-қол ақша қаражаттарының сомасы, банктердегі ағымдық шоттағы, валюталық шоттағы және өзге шоттардағы ақша қаражаттары, бағалы қағаздар (акциялар, облигациялар, банктік сертификаттар) және кәсіпорынның өзге де ақша қаражаттары.

АҚША МЕХАНИЗМІ - ақша жиынындағы өзгерістер арқылы экономикаға ықпал ету тәсілі. Ақша механизмі мемлекеттің ақша-несие саясаты көмегімен жүзеге асырылады.

АҚША МУЛЬТИПЛИКАТОРЫ - ақша-несие жүйесіндегі салымдарды ұлғайту немесе қысқарту нәтижесінде қанша мөлшерде ақша ұсынысының көбеюін немесе азаюын көрсететін сандық коэффициент, мультипликатордың шамасы ақша-несие жүйесінде пайданылатын резервтеу нормасына кері пропорционал болып келеді. Қазақстанда қолданылатын ақша мультипликаторы ақша жиынының ақша базасына қатынасы арқылы есептеледі. Егер мысалға ақша мультипликаторы 2,0-ге тең болса, онда ақша базасының әрбір теңгесі 2 теңге жасауға қабілеттігін көрсетеді.

АҚША НАРЫҒЫ - қысқа мерзімді депозиттік және қарыздық операциялар жүзеге асырылатын қаржы нарығының құрамдас бөлігі немесе ақшалай қаражаттарды сатып алу-сату нарығы. Ақша нарығының құрылымына қолма-қол ақшалар нарығы мен қолма-қолсыз ақшалар нарығы кіреді. Қолма-қол ақшалар нарығының төлем құралдарына банкнота мен монета жатады. Қолма-қолсыз ақша нарығы қолма-қолсыз есеп айрысу нысандарының түрлеріне қарай чектер нарығына, вексельдер нарығына, төлем карточкаларының нарығына және т.с.с. бөлінеді. Қазақстан Республикасының ақша нарығының қатысушыларына төлем жүйесінің қатысушылары, соның ішінде: ҚР Ұлттық банкі, екінші деңгейдегі банктер және олардың филиалдары, Жинақтаушы зейнетақы қорлары, Қазынашылық, Қазпошта АҚ, Қазақстан қор биржасы, Орталық депозитарий, брокерлік фирмалары және т.б. жатады.

АҚША РЕФОРМАСЫ - Ұлттық ақша бірлігін тұрақтандыруға, елдің ақша жүйесін қалыпқа келтіруге және нығайтуға бағытталған ақша айналысында мемлекет тарапынан жүзеге асатын түрлендірулер. Ақша реформасы мынадай түрде жүргізіледі: ақша жүйесінің бір типінен екінші біріне немесе бір ақша тауарынан басқа біріне өту; жаңа ақша белгілерін шығару арқылы ақша белгілерін толық немесе жартылай ауыстыру; ақша айналысын қалыпқа келтіруге байланысты бірқатар шаралар немесе валютаны тұрақтандыру.

Ақша реформасы негізгі әдістеріне жаңарту, ірілендіру немесе нольдерін қысқарту, алтындық құнын қалпына келтіру құнын төмендету (девальвация) немесе құнын көтеру (ревальвация) жатады.

АҚША ҰСЫНЫМЫ - барлық ақша қаражаттарын қоса есептегенде Орталық банктің бір елдің аумағындағы айналысқа шығарған ақшалар санының жиынтығы

АҚША ФЕТИШИЗМІ - экономика мен өмірдегі ақшаның ролін және тауар жиыны арасындағы байланысты, ақшаның тауарлы табиғатын түсінбеуге негізделген, ақшаға ерекше мән беру, ақшаның алдында бас ию және оларды құдайға теңеу.

АҚША ЭМИССИЯЛАУ ТӘРТІБІ - мемлекетіміздегі тікелей эмиссиялық орталық алтынмен қамтамасыз етілмеген банкноттарды және ұсақтаушы мәнеттерді мемлекет атына шығаруды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болып табылады. Сонымен қатар, Қаржы министрлігінің де эмитент болуы әбден мүмкін.

АҚШАЛАЙ АУДАРЫМ - аударымда көрсетілген тұлғаға төлеуі туралы аударушының жазбаша немесе телеграфтық үкімі. Отандық тәжірибеде ақшалай аударымдарды екіге дебеттік және кредиттік аударымдар деп бөледі. Дебеттік және кредиттік аударымдар төлем құралдары көмегімен жүзеге асады. Ақшалай аударымдар банктер және пошта мекемелері жүзеге асырады.

АҚШАЛАЙ ҚОРЛАРДЫ БӨЛУ ӘДІСТЕРІ - 1) қаржыландыру, яғни ақша қаражаттарын бюджеттен бір жола, ақысыз түрде беру; 2) несие беру, яғни ақша қаражаттарын қайтарымды, ақылы негізде және белгілі мерзімге уақытша пайдалануға беру; 3) мемлекеттің кредиторлары алдындағы өз қаржылық міндеттемесін орындауы.

АҚШАЛАЙ МІНДЕТТЕМЕЛЕР - міндеттеменің бір түрі. Қазақстан Республикасы аумағында ақшалай міндеттемелер теңгемен жүргізілуге тиіс. Шетел валютасын, сондай-ақ шетел валютасы түріндегі төлем құжаттарын пайдалануға Қазақстан Республикасының заң құжаттарында көзделген реттер мен жағдайларда немесе соларға белгіленген тәртіп бойынша ғана жол беріледі.

АҚША-НЕСИЕ САЯСАТЫ - экономиканың тұрақты дамуына және ұлттық валютаны сатып-алу қабілетін күшейтуге бағытталған ақша айналысын және несиелік қатынастарды басқаруға байланысты мемлекет атынан Орталық банк пен Үкімет арқылы жүзеге асырылатын шаралар жиынтығы. Қазақстан Республикасында ақша-несие саясатын жүргізуші ҚР Ұлттық банкі болып табылады. Ақша-несие саясатының құралдарына қайта қаржыландыру мөлшерлемесін белгілеу, міндетті резерв нормасы, ашық нарықтағы операциялар, валюталық интервенция, тікелей сандық шектеулер жатады. Ақша-несие саясатының екі типі бар: экспансиондық (несие көлемін өсіру) және рестрикциялық (несие көлемін шектеу).

АҚША-НЕСИЕЛІК РЕТТЕУ - айналыстағы ақша жиынын, инфляция деңгейін, жалпы ақша-несие жүйесінің қызмет етуін ретттеуге бағытталған Орталық банктің шараларының жиынтығы.

АҚШАНЫҢ САНДЫҚ ТЕОРИЯСЫ - монетаризмге немесе Фишердің теңдеуіне (айналыстағы ақша жиыны, ақшаның айналыс жылдамдығы, тауар бағасы мен саны сияқты көрсеткіштерді қамтитын) негізделген ақша айналысының теориясы.

АҚШАНЫҢ САТЫП АЛУ ҚАБІЛЕТІ - ақша бірлігінің тауардың белгілі бір мөлшеріне айырбасталу қасиеті.

АҚЫЛЫ ШАРТ - тарап өз міндеттемелерін екінші тараптың алдында орындағаны үшін ақы алуы немесе басқа мүлктік қанағаттылықты талап етуі. Көбінесе азаматтық құқығында ақылы шарттар кездеседі.

АҚЫСЫЗ ШАРТ - бір тараптан екінші тарап берілген мүлік, жасалған жұмыс немесе атқарылған қызметі үшін ешқандай мүлктік қанағаттылықты қажет етпейтін шарт.

АЛҒАШҚЫ РЕЗЕРВТЕР - бұл талап етілетін салымдарды қайтаруға және несиеге деген өтінішті қанағаттандыру үшін тез арада пайдаланылатын өтімділігі жоғары активтер. Мұндай активтерге мыналар жатады: кассадағы қолма-қол ақша, Орталық банктерге корршоттағы және өзге де шоттардағы ақшалай қаражаттар, инкассациялау үдерісіндегі чектер және өзге де төлем құжаттары, басқа да коммерциялық банктердегі корршоттардағы қаражаттар.

АЛИЕНАЦИЯ - акция, капитал, құнды заттар иегерлерінің өзгеруіне (сату, беру және т.б.) әкелетін операция.

АЛЛОНЖ - вексельді үшінші бір тұлғаға аударып жазуға арналған қосымша бет. Аллонжда вексель бойынша төлемді бұйрық негізінде үшінші бір тұлғаға аударып жазу жүзеге асырылады.

«АЛТЫН АКЦИЯ» - акционерлік қоғамдарда құрылтайшылар жарғылық капиталды қалыптастыруға және дивидендтер алуға қатыспайтын акция. «Алтын акция» иесінің жалпы жиналыста басқарма мен қадағалау кеңесінің жарғымен белгіленетін мәселелер жөніндегі шешімдеріне тыйым салуға ғана құқығы болады.

АЛТЫН ПАРИТЕТІ - ресми алтын мөлшері бойынша түрлі елдердің ақша бірліктерінің арақатысы.

АЛТЫН СТАНДАРТЫ - алтынды ақша тауары ретінде пайдалануға негізделген ақша-валюта қатынастарын ұйымдастырудың нысаны.

АЛЬТЕРНАТ - келісімге келуші мемлекетке тиесілі халықаралық шарттың баламасында тараптардың жалпы тізіміндегі мемлекеттің аталуы, уәкілетті тұлғалардың қолдары, мөрі, сондай-ақ осы мемлекеттің тіліндегі шарт баламасы бірінші орынға қойылып, қол қойылатын жері сол жақта (бірінші орынға) орналастырылуын көздейтін ереже. Альтернат ережесі мемлекеттердің егеменді теңдігі қағидасының көрінісі болып табылады.

АЛТЫН-ВАЛЮТА РЕЗЕРВІ - халықаралық есеп айырысулар мен төлемдерді жүзеге асыру, төлем балансының тапшылығын қаржыландыру, Ұлттық валюта бағамының тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында пайдаланылатын Орталық банктің алтын және шетел валютасында құрайтын ресми қоры. Қазақстанның алтын-валюта резервін ҚР Ұлттық банкі құрады және басқарады. Алтын-валюта резерві Ұлттық валюта — теңгенің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін құрылады және пайдаланылады. Алтын-

валюта резервтері мыналардан тұрады: құйма алтыннан, Ұлттық банктің шоттарындағы банкнота және монета түріндегі шетел валютасындағы қаражат қалдықтарынан, валюталық құндылықтардан, шетел валютасындағы жай және аудармалы вексельдерден, шетел үкіметінің немесе халықаралық қаржы ұйымдарының шығарған бағалы қағаздарынан, басқа да сыртқы активтерден.

АМАЛЬГАМАЦИЯ - қоғамдардың, одақтардың, корпорациялардың және т.б., біртұтас акционерлік компанияға ауыстырулуы, бірігуі, қосылуы.

АМАНКО - биржалық термин, яғни тапшылық, берешек, жетіспеушілік мағыналарын білдіреді.

АМОТИЗАЦИЯ - негізгі қорлардың тозуының құндық көрінісі, тозған негізгі қорлардың бастапқы құнының бір бөлігінің өндірілген тауар (қызмет) құнына аудару үдерісі, соның нәтижесінде белгілі бір мерзім ішінде тозған негізгі қорлардың орнын толтыруға бағытталған арнайы ақша қоры (амортизациялық) құрылады.

АМОТИЗАЦИЯЛЫҚ АУДАРЫМ - есепті кезең бойынша барлық мерзім ағымында қолданылатын, негізгі құрал-жабдықтар мен материалдық емес активтердің бастапқы немесе қалпына келтіру құнын бухгалтерлік өтеу тәсілі.

АМОТИЗАЦИЯЛЫҚ ҚОР - 1) негізгі қорлардың жай және ұлғаймалы өндірісіне арналған ақша қаражаты; 2) екі жақты экономикалық сипаты бар, яғни негізгі қорлардың орнын толтыру үдерісіне және олардың ұлғаймалы ұдайы өндіріс үдерісі бір мезгілде қызмет көрсетеді.

АМОТИЗАЦИЯЛЫҚ ҚҰН - бастапқы құн мен жою құнының арасындағы айырмашылық.

АМОТИЗАЦИЯЛЫҚ МЕРЗІМ - өндіріс құрал-жабдықтарының құнын бөлінген амортизациялық қаржы есебінен толық өтеу мерзімі және ол амортизация нормасын есептеуде қолданылады. Көптеген мемлекеттерде амортизациялық мерзімді мемлекет реттеп отырады.

АМОТИЗАЦИЯЛЫҚ НОРМА - пайыз түрінде көрсетілетін, негізгі құралдардың жылдық тозу сомасының бастапқы құнға қатынасы.

АНДЕРЛАЙНГ - опционды келісімшартқа сәйкес сату-сатып алу құндылығы бар опционный негізін қалайтын бағалы қағаз.

АНДЕРРАЙТЕР - алдын ала келісілген шартқа сәйкес, бағалы қағаздар нарығында эмитенттің бағалы қағаздарын (акциялары мен облигацияларын) орналастыруға кепіл беруші тұлға.

АНДЕРРАЙТИНГ - 1) тәуекелді талдау, тәуекелді сақтандыруға (қайта сақтандыруға) алу немесе одан бас тарту, оны бағасына қосу; өтемнің мерзімін, шартын және мөлшерін анықтау; 2) сыйақы мөлшерін есептеу үдерісі.

АННУИТЕТ - белгілі бір уақыт ішінде бірдей мөлшерде төленетін мерзімді төлемдер.

АННУИТЕТ ШАРТЫ - сақтандырушыны шартта белгіленген мерзім ішінде пайда алушының пайдасына мерзімді төлемдер түрінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті ететін сақтандыру шарты.

АНТИДЕМПИНГ БАЖДАРЫ - Ұлттық өнеркәсіпті шетелдік тауардан демпинг (арзан, жасанды төмендетілген) бағамен қорғайтын баж салығы.

АНТИЦИПАЦИЯ – мемлекеттің салықты уақытынан бұрын, көбінесе мәжбүрлеп алуы немесе оның белгілі бір салықты өтеу кезінде қабылданатын қысқа мерзімді қарызды, облигацияларды орналастыруды білдіретін термин.

АПАТ КОМИССАРЫ - сақтандырылған мүлкіне байланысты сақтандыру жағдайы туған кезде сақтандырушылар өз мүдделерін қорғау мақсатында қызметіне жүгінетін адам (жеке немесе заңды тұлға).

АПАТ СЕРТИФИКАТЫ - сақтандырылған мүлікке келтірілген зиянның сипатын, мөлшері мен себептерін растайтын құжат. Апат сертификаты негізінде сақтандырушы сақтанушы талабын төлеу немесе қабылдамау туралы шешім қабылдайды.

АПАТТЫҚ ҚОЛХАТ – жүк қабылдаушының жалпы апаттан шығатын шығыннан өз бөлігін төлеу міндеттемесі.

АРНАЙЫ ҚҰЖАТТАР - бұл халық шаруашылығының жекелеген салаларында қолданылатын құжаттар. Оған атқарылған жұмыстарды қабылдау актісі, жолдама қағаздар және т.б. жатады.

АРНАЙЫ ПРОВИЗИЯЛАР - бұл құны өзінің сатып алу құнынан екі есе төмен немесе қайтарылмай қалуы мүмкін нақты жіктелінген активтер бойынша шығындарды жабу үшін құрылған резервтік ақшалар.

АРНАЙЫ САЛЫҚ РЕЖИМІ - салық төлеушілердің жекелеген категориялар үшін бюджетпен есеп айырысудың ерекше тәртібі және жекелеген салық түрлерін, жер телімшесін пайдаланғаны үшін төлемдерді төлеу мен олар бойынша салық, есептіліктерін тапсырудың ерекше тәртібін қолдануды қарастырады.

АРТЫҚШЫЛЫҒЫ БАР АКЦИЯЛАР - жай акциялардың иесімен салыстырғанда иесі белгілі бір артық пайдаланатын акциялар. Артықшылықтар мынадай болуы мүмкін: 1) кепілдік берілген нақты мөлшерде дивидендтер алу; 2) жабылған жағдайда корпорацияның алған мүлкін бірінші кезекте алу. Артықшылығы бар акциялар әдетте дауыссыз болады, яғни олардың иелерінің дауыс беру арқылы қоғамның басқару ісіне араласу құқығы болмайды.

АССИГНАЦИЯ – қандай да бір уәжділікке байланысты бір тараптың екінші тарапқа белгілі бір ақша соммасын, бағалықағаздарды не басқа да құндылықтарды беруге арналған келісім шарт.

АСЫРАУЫНДАҒЫЛАР - салық төлеушінің табысы есебінен күн көретін еңбек етуге қабілетсіз немесе тапқан табысы есепті кезеңдегі бір айлық есептік керсеткіштен кем отбасының мүшелері.

АСЫРАУЫНДАҒЫЛАР САНЫНЫҢ КОЭФФИЦИЕНТІ - қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының асырауында болған отбасы мүшелерінің санын ескеретін коэффициент.

АТАУЛЫ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗ – акционерлік қоғамның шығаратын бағалы қағазы. Бағалы қағазда көрсетілген құқық аталған тұлғаға тиесілі болады.

АУДАН БЮДЖЕТИ - заңмен анықталған салық және басқа да түсімдер есебінен тиісті қаржы жылына арналып құрылатын және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті мемлекеттік органдардың, оларға ведомствалық бағынышты мемлекеттік мекемелердің міндеттері мен қызметтерін қаржымен қамтамасыз етуге және тиісті аудандағы (облыстық маңызы бар қаладағы) мемлекеттік саясатты іске асыруға арналған орталықтандырылған ақша қоры.

АУДАРМАЛЫ ВЕКСЕЛЬ (тратта) - вексель берушінің (трассанттың) үшінші бір тұлғаға (трассатқа) вексельді алғашқы ұстаушыға (бенефициарға) вексельде көрсетілген соманы, төлеу мерзімі жеткен кезде не оның мәлімдеуіне қарай төлеуі туралы бұйрығы. Трассат тратта бойынша төлеуге келісімін бергеннен бастап, борышқор болып табылады. Аудармалы вексель келесі бетіндегі индоссамент (басқа біреуге аударып жазу) көмегімен айналыста жүре береді. Аудару туралы қолдардың көбеюіне байланысты вексель айналысы ұлғая түседі және мұндағы әр индоссант вексель бойынша міндеттемеге бірлесіп жауап береді.

АУДИТ – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаржылық есептілік және қаржылық есептілікке байланысты басқа да ақпарат туралы тәуелсіз пікір білдіру мақсатымен тексеру.

АУДИТОР – Аудиторларға кандидаттарды аттестаттау жөніндегі біліктілік комиссиясы аттестаттаған, «аудитор» біліктілігін беру туралы біліктілік куәлігін алған жеке тұлға.

АУДИТОРЛЫҚ ҰЙЫМ – аудиторлық қызметті жүзеге асыру үшін құрылған коммерциялық ұйым.

АУДИТЕЛЕТІН СУБЪЕКТ - өзіне қатысты аудит жүргізілетін заңды тұлға, заңды тұлғаның атынан өкілдік ететін оның филиалдары және (немесе) өкілдері, дара кәсіпкер.

АУКЦИОН – кейбір тауарларды алдын ала белгіленген уақытта және орында көп адам қатысқан жария саудаға салып сату әдісі. Халықаралық саудада неғұрлым кең тараған. Аукцион боларда тауарлар (немесе олардың үлгілері) алдын ала көрсетіліп, жұртқа таныстырылады.

АУКЦИОНДЫҚ БАҒА - 1) тауарлық аукционда сатылған тауар бағасы. Аукционда өнер шығармалары, зергерлік бұйымдар, тері, жоғары сұранысқа ие ерекше тауарлар сатылады. Аукциондық бағаның нарықтық бағадан едәуір айырмашылықтары болуы мүмкін, себебі ол сатып алушы үшін ерекше мәні бар тауарлардың бірегей және сирек қасиеттері мен сипаттарын көрсетеді және көбінесе аукционшының шеберлігіне байланысты; 2) бағалы қағаздар аукционында сатып алынған немесе сатылған акциялар, облигациялар және басқа бағалы қағаздардың бағасы; 3) валюталық аукционда Ұлттық валютаға сатылған шетелдік валютасының бағасы.

АУМАҚТЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АРЕНДАСЫ – халықаралық шарт бойынша бір мемлекеттің екінші мемлекетке өз аумағының бір бөлігін белгіленген мерзімге, белгіленген мақсатта және белгіленген ақыға пайдалануға беруі (мысалы: Қазақстанның Байқоңырды, не әскери полигондарды Ресейге жалға беруі).

АФОРФЭ - импортшы ризашылық білдірген вексельдерді экспортшыдан сатып алу нысанында сыртқы экономикалық операцияларды несиелендіру.

АФФИДАВИТ – бағала қағаздарды иелену мән-жайын растайтын, сондай-ақ оларды сатып алу жолдарын түсіндіретін, ант бере отырып жазылған өтініш.

АШЫҚ ВАЛЮТАЛЫҚ ПОЗИЦИЯ - сол уақытта немесе алдағы уақыттарда жекелеген валюталарда қаражат алу талабы мен беру міндеттемесін бейнелейтін, сол валюталардағы сандық жағынан сәйкес келмейтін активтер мен міндеттемелердің (баланстан тыс талаптар мен міндеттемелерді есепке алғандағы) арасындағы шетел валютасындағы қаражаттар қалдықтарының айырмасы. Ашық валюталық позиция қысқа және ұзын болып келеді.

АШЫҚ ВАЛЮТАЛЫҚ ПОЗИЦИЯ ЛИМИТІ - Орталық банктің коммерциялық банктердің шетел валюталарымен операцияларына байланысты ашық валюталық позициялары бойынша белгілейтін шектеуі. Отандық банктік тәжірибеде ҚР екінші деңгейдегі банктерге арналған пруденциалдық нормативтер қатарында бұл норматив ретінде берілген. Соған сәйкес әрбір шетел валютасы бойынша ашық валюталық позиция жеке-жеке анықталады. Шетел валюталарына қатысты ашық валюталық позиция лимиті талаптар шотындағы абсолюттік сома мен баланстық шоттар бойынша шетел валютасындағы міндеттемелердің арасындағы айырмасы арқылы есептелінеді. Жекелеген шетел валюталарына қатысты ашық валюталық позиция лимитін есептегенде, бірінші кезекте банктің активтік және міндеттемелік баланстық шоттарында ашылған әрбір шетел валютасы бойынша шоттар қалдығы есептелінеді.

АШЫҚ НАРЫҚТАҒЫ ОПЕРАЦИЯЛАР - бұл Орталық банктің айналыстағы ақша жиынының көлемін реттеу мақсатында екінші реттегі нарықта мемлекеттің бағалы қағаздарын сату және сатып алумен байланысты операциялары. ҚР Ұлттық банкінің жүргізетін қазіргі ақша-несие саясатының негізгі бағыттарында басты құрал ретінде ашық нарықтағы операцияларға аса мән беріледі. Ашық нарықтағы операция құралын инфляциялық таргеттеуде қағидасына өту барысында қолдану көзделген.

АШЫҚ ПОЛИС - белгілі бір мерзім бойында сақтанушының қайталама және біртекті тәуекелдерді қамтитын сақтандыру полисі.

АШЫҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШАРТТАР - басқа мемлекеттердің қосылу құқы бар халықаралық құқықтың жалпы нормаларына қатысты шарттар. Ашық халықаралық шарттар үш түрге бөлінеді: 1) кез келген мемлекеттің қосылуына ашық шарттар; 2) белгіленген аймақ мемлекеттердің қосылуы үшін ашық шарттар; 3) шарттың өзінде нақты көрсетілген мемлекеттердің қосылуына ашық шарттар.

АШЫҚ ШОТ БОЙЫНША НЕСИЕЛЕУ - экспортер мен импортердің арасында жасалатын, соның негізінде жабдықтаушы сатып алушының шотына оның қарызы ретінде сатылған және жөнелтілген тауарларының құнын жазатын, ал импортер белгіленген мерзімде несиені өтеуге міндеттеме беретін келісім жолымен берілетін несие.

-Ә-

ӘДЕЙІ БАНКРОТТЫҚ - коммерциялық ұйым басшысының немесе меншік иесінің, сол сияқты жеке кәсіпкердің жеке мүддесі немесе өзге адамдардың мүддесі үшін төлем қабілетсіздігін қасақана жасауы немесе ұлғайтуы ірі зиянға немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқса, қылмыс болып табылады. Әдейі банкроттық Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі (ҚРҚК) бойынша экономикалық қызмет саласындағы қылмысқа жатады. Ол үшін қылмыстық жауаптылық ҚРҚК-нің 216 бабының ережесіне сәйкес жүктеледі.

ӘКІМШІЛІК ӨСІМ - салық декларациясын уақытылы тапсырмаған (немесе мүлдем толтырмаған), сондай-ақ есептелген салықты дер кезінде төлемеген жағдайларда салық төлеушінің төлейтін өсімі.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕКЕ КОДЫ (ӘЖК) - әлеуметтік қамсыздану ұйымдарымен кез келген тұлғаға берілетін жеке код. Әлеуметтік жеке коды мына мақсатта пайдаланылады: әрбір азамат бойынша есеп карточканы жүргізу мен жеке шоттарда шоғырланған қаражаттарды есепке алу үшін; есепке алу үшін ақпараттық базаны құру үшін; төлеушілерден міндетті зейнетақы жарналардың түсімін есепке алу үшін; әрбір алушыға оның жеке зейнетақы шотын бақылауға мүмкіндік беру үшін; зейнетақы төлемдерін есепке алу үшін және т.б.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІ - халықты әлеуметтік қорғау мен қолдау бойынша мемлекет тарапынан шаралар жиынтығы.

ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ - қарттардың, еңбекке қабілетсіз, ауру және тағы басқа санаттардағы азаматтардың табысын кепілді түрде қамтамасыз ету және әлеуметтік қорғау жүйесін құруға бағытталған мемлекеттік бағдарлама.

ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ АУДАРЫМДАРЫ - өзі үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыға, ал асыраушысынан айрылған жағдайда оның асырауында болған отбасы мүшелеріне Заңға сәйкес әлеуметтік төлемдер алу құқығын беретін, Қорға төленетін Заңға сәйкес міндетті төлемдер.

ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ АУДАРЫМДАРЫН ТӨЛЕУШІ - заңда белгіленген тәртіппен әлеуметтік аударымдарды есептеуді және қорға төлеуді жүзеге асырушы жұмыс беруші немесе өзін-өзі жұмыспен қамтыған адам.

ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ АУДАРЫМДАРЫНЫҢ МӨЛШЕРЛЕМЕСІ - әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісінің шамасына пайыздық қатынаспен көрсетілген, қорға төленетін міндетті төлемдердің тіркелген мөлшері.

ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛІ - еңбек ету қабілетінен айрылуына және (немесе) жұмысынан айрылуына, асыраушысынан айрылуына әкеп соқтырған оқиғаның басталуы, соның салдарынан өзі үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы, не ол қайтыс болған жағдайда оның асырауында болған

отбасының мүшелері заңға сәйкес әлеуметтік төлемдерді алу құқығына ие болады.

ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІ - алушының пайдасына қор жүзеге асыратын ай сайынғы төлемдер.

ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ТАҒАЙЫНДАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛЕТТІ ОРҒАН - халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы орган және оның аумақтық бөлімшелері.

ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДІ АЛУШЫ - өзі үшін қорға әлеуметтік аударымдар жүргізілген не оларды өзі төлеген және әлеуметтік төлемдер тағайындау жөніндегі уәкілетті орган оған қатысты әлеуметтік төлем тағайындау туралы шешім шығарған жеке адам, ал міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің өзі үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген қатысушысы болып табылатын адам қайтыс болған жағдайда — қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының асырауында болған отбасы мүшелері.

ӘМБЕБАП БАНК - экономиканың барлық саласына бірдей қызмет көрсетумен шұғылданатын несиелік ұйым. Қазақстан Республикасында екінші деңгейдегі банктердің басым бөлігі әмбебап банктер болып табылады. Қазақстанда банк жүйесінің әмбебаптануы 1987-1988 жж. банктік реформадан кейін басталды.

-Б-

БАҒА АУҚЫМЫ - әрбір елде ақшаның өлшемі ретінде қабылданған және тауарлар бағасын өлшеуге қызмет ететін металдың (алтын) баға белгілеу процесіндегі ақша бірлігіне бекітілетін салмақтың саны. Баға ауқымы мемлекетке тәуелді, бірақ тауардың құнын көрсету үшін емес, тек оның бағасын бейнелеу үшін қызмет етеді. Баға ауқымы нарық заңының негізінде сұраныс пен ұсынысқа байланысты белгіленеді. Сөйтіп баға ауқымы арқылы ойша белгіленетін тауарлар бағасы, ұлттық ақша бірлігіндегі көрсетілетін нарықтық бағаға айналады.

БАҒА САЯСАТЫ - өнімдер мен көрсетілетін қызметтерге баға белгілеу барысында коммерциялық банктердің пайдаланатын тұжырымдары мен жағдайларының жиынтығы. Бағалық саясатты жасауда банктің шығыстары, бәсекелестердің бағалары, нарық конъюнктурасы, сатуды ынталандыру және жарнама шығындары ескеріледі.

БАҒАЛАУ КОЭФФИЦИЕНТІ - мүліктің бағалау құнының нақты құнына қатынасы арқылы анықталады.

БАҒАЛАУ ҚҰНЫ - бағаланатын мүлік құнының бір бөлігі. Осының негізінде салық міндеттемесі есептеледі.

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР - азаматтық құқықта белгіленген нысан мен міндетті реквизиттерді сақтай отырып, жүзеге асырылуы тек оны көрсеткенде ғана мүмкін болатын мүліктік құқықтарды куәландыратын құжат. Заң актілерінде көзделген реттерде бағалы қағазбен куәландырылған құқықтарды жүзеге асыру және беру үшін оларды арнайы тізілімде (жай немесе

компьютерленген) бекіту жеткілікті. Бағалы қағаздар ұсынбалы, ордерлік және атаулы болуы мүмкін.

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ДЕПОЗИТАРИЙІ - бағалы қағаздардың меншік иелерінің құқықтарын растау және есепке алу, сондай-ақ бағалы қағаздарды материалсыздандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын мамандандырылған ұйым.

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ - жеке және заңды тұлғалар (инвесторлар), сондай-ақ институционалдық инвесторлар. Онда брокерлік, дилерлік, депозитарлық кастодиандық, бағалы қағаздар портфелін басқару жөніндегі кәсіби қызметтер жүзеге асырылады.

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНЫҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ - бағалы қағаздармен сауданы қалыптастыратын және оған кәсіби негізде қатысатын ұйымдардың жиынтығы.

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНЫҢ СУБЪЕКТІЛЕРІ - инвесторлар, эмитенттер, кәсіпқой қатысушылар, өзін-өзі реттейтін ұйымдар.

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ПОРТФЕЛІ - бағалы қағаздар нарығы субъектісінің меншігіндегі не болмаса басқаруындағы әр түрлі бағалы қағаздардың жиынтығы.

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ШЫҒАРУ - сауда-өнеркәсіп компанияларының акция, облигация және басқа да қарыздық, міндеттемелерді шығаруы.

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ЭМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ - эмиссияның мөлшері, бағалы қағаздардың номиналдық құны, шығару нысаны, шығарылатын бағалы қағаздардың саны мен олардың түрі туралы мәліметтер.

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫҢ БАСТАПҚЫ НАРЫҒЫ – бағалы қағаздарды шығару және орналастыру процестерінде, бір жағынан, эмитенттің немесе оның тапсыруы бойынша бағалы қағаздар нарығының кәсіпқой қатысушысының және екінші жағынан, инвесторлардың арасында қалыптасатын қатынастар.

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫҢ ҚАЙТАЛАМА НАРЫҒЫ - бағалы қағаздардың бастапқы нарығының қатынастарын қоспағанда, бұрын шығарылған бағалы қағаздардың айналысы процесінде бағалы қағаздар нарығының субъектілері арасында қалыптасқан қатынастар.

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫҢ НОМИНАЛДЫҚ ҚҰНЫ – бағалы қағаздарды шығару кезінде айқындалған бағалы қағаз құнының ақшалай көрінісі.

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДЫ ҰСТАУШЫ – меншік иесі және (немесе) нақты ұстаушысы.

БАҒАЛЫҚ БӘСЕКЕ - банктік өнімді тиімді бағада өткізу жағдайына жету және банктік қызметтер нарығын жаулап алу үшін өнім немесе көрсетілетін қызмет бағасын клиенттерге икемді етуге бағытталған бәсекенің түрі.

БАҒАЛЫҚ СТРАТЕГИЯ - банктердің немесе банктік емес ұйымдарының өз өнімдері мен қызметтеріне баға белгілеуіне көмек беретін ұзақ мерзімді қағидалар мен мақсаттар жиынтығы. Ұзақ мерзімді мақсаттар арқылы банктер немесе банктік емес ұйымдар өздерінің нарықтағы орнын табады.

БАҒАМДЫҚ ТӘУЕКЕЛ - валюталардың нарықтағы ауытқуы салдарынан туындайтын қауіп. Бақылаудың ішкі механизмі мемлекеттік қаржыға тән, яғни бекітілген процедуралар мен нормаларға сәйкес операцияларды өндеуді қамтамасыз ететін мемлекеттік бюджет пен мемлекеттік органдардың, қаржы қызметін басқарудың жалпы жүйесінің ішкі құрамдас бөлігі.

БАЖДАР - міндетті төлем; мемлекет кірісі; ақшалай сипаттағы төлем; мәжбүрлі төлем; мемлекеттік кедендік шекарадан тұлғаларды әрі-бері өткізгені үшін алынатын төлем; заңи маңызы бар іс-әрекеттерді жүзеге асырғаны немесе тиісті құжаттарды бергені үшін алынатын төлем.

БАЖСЫЗ ӘКЕЛІМ - кеден бажын салудан босатылған тауарлар импорты.

БАЗАЛЫҚ ТАБЫСТЫЛЫҚ - өндірістік шығындардың (ұсталған) орнын толтыруға және пайда табуға қажетті мөлшерде өнімді (тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түскен пайдамен қамтамасыз етілген кәсіпорынның табыстылығы.

БАЗИС - қолдағы тауардың және мерзімінде жеткізілген тауардың құны арасындағы, нақты тауардың және биржалық баға белгіленімдерінің мәмілелері бойынша құны арасындағы айырма (сыйлықақы немесе жеңілдік).

БАЗИСТІК ВАЛЮТА - қандай да бір елдегі немесе қаржы орталығында басқа валюталардың бағамын анықтайтын валюта түрі. Ондай валютаға доллар, еуро, фунт стерлинг жатады.

БАҚЫЛАНАТЫН ИНВЕСТИЦИЯЛАР - басқа компаниялардың дауыс беруге құқығы бар акциялардың елу пайыздан астамын иеленуді қамтамасыз ететін тікелей инвестициялар.

БАҚЫЛАНБАЙТЫН ИНВЕСТИЦИЯЛАР - басқа компаниялардың дауыс беруге құқығы бар акцияларының елу пайыздан төмен бөлігін иеленуді қамтамасыз ететін тікелей инвестициялар.

БАҚЫЛАУДЫҢ ІШКІ МЕХАНИЗМІ - мемлекеттік қаржыға тән, яғни бекітілген процедуралар мен нормаларға сәйкес операцияларды өндеуді қамтамасыз ететін мемлекеттік бюджет пен мемлекеттік органдардың, қаржы қызметін басқарудың жалпы жүйесінің ішкі құрамдас бөлігі.

БАЛАНСТАЛМАҒАН БЮДЖЕТ - тапшылықпен қабылданған бюджет, яғни шығындардың кірістерден артық болуы.

БАЛАНСТАН ТЫС ШОТТАР - бухгалтерлік есеп шоттары, бухгалтерлік баланстан тыс көрініс табатын мүліктер мен міндеттемелер қозғалысы туралы мәліметтер. Баланстан тыс шоттарда ұйым меншігіне жатпайтын, бірақ уақытша қолданыстағы құндылықтардың қолда бары және қозғалысы есепке алынады. Оларға жататындар: жалға алынған негізгі құралдар, жауапкершілікпен сақтауға алынған тауарлы-материалды құндылықтар, тауарлы-материалды құндылықтарды қайта өндеуге қабылдау және т.б.

БАЛАНСТЫ БАСҚАРУ - актив пен пассив арақатынасы немесе актив пен пассив бойынша міндеттемелердің туындау мерзімінің арақатынасы арқылы корпорацияның қаржылық жағдайын басқару.

БАЛАНСТЫ ТІГІНЕН ТАЛДАУ - тұтастай көрсеткішке әрбір есептік ұстаным әсерін айқындау арқылы соңғы қаржылық көрсеткіш құрылымын анықтау.

БАЛАНСТЫҚ ЕСЕП - ұйымның нақты есеп кезеңіндегі активінің, пассивінің және меншікті капиталының жағдайын көрсететін қаржы есебі.

БАЛАНСТЫҚ ҚҰН - активтер бағасы бойынша бухгалтерлік баланста көрсетілген ұйым мүлкінің құны.

БАЛЛОН - толық сомма бөлінбей (амортизациялық әдіс), бір рет қайтарылатын несие.

БАНК - «ҚР-ғы банктер және банктік қызмет туралы» заңның 1-бабына сәйкес, «банк — осы заңға сай банктік қызметті жүзеге асыруға құқылы коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлға».

БАНК АВИЗОСЫ - банктің операциялары, төлемнің түскендігі, шоттағы қаражаттың қалдығы және аккредитивтің ашылуы туралы ескертуі не хабарламасы.

БАНК АКТИВТЕРІ - пайда табу мақсатында банктік ресурстарды, әр түрлі активтер бойынша орналастырған банк қаражаттары.

БАНК ҚҰПИЯСЫ - еліміздің заңнамасына сәйкес барлық несиелік ұйымдар мен Ұлттық банк өз клиенттері мен корреспонденттерінің салымдары мен шоттары туралы, операциялары жөнінде құпияны сақтауға кепілдік беруге міндетті.

БАНК ПАЙЫЗЫ - банктің клиенттерге көрсеткен қызметі үшін алатын және тартқан қаражаттары үшін төлейтін төлемі. Ол кредиттік пайыз және депозиттік пайыз болып екі түрге бөлінеді. Бастапқысы несие бергені үшін алатын пайызын, ал соңғысы депозит тартқаны үшін төлейтін пайызын сипаттайды. Депозиттік пайыз несиелік пайызға қарағанда төмен болып келеді, себебі ол несиелік пайыздың құрамында болады.

БАНК РЕСУРСТАРЫ - бұл пассивтік операциялары негізінде қалыптасқан және активтік операциялар көмегімен орналастырылатын банктің меншікті және тартылған қаражаттарының жиынтығы.

БАНК ТӘУЕКЕЛДІГІ - несие мекемелері жүзеге асыратын банк операцияларының ерекшелігінен туындайтын шығын қатері.

БАНКАРАЛЫҚ КЛИРИНГ - талаптар мен міндеттемелерді өзара есепке алуға негізделген, тауарлар мен көрсетілген қызметтер үшін қолма-қолсыз есеп айырысулардың жүйесін білдіреді. Банкаралық клиринг ҚР екінші деңгейдегі банктердің корреспонденттік шоттары көмегімен іске асады. Банкаралық клирингтің объектілеріне мыналар кіреді: төлем тапсырмалары, ақшалай аударымдар, чектер, вексельдер, бағалы қағаздар, аккредитивтер, займдар.

БАНКНОТАЛАРДЫ ҚОЛДАН ЖАСАУ - заңсыз пайда табу мақсатында банкноталардың түпнұсқасының бастапқы түрін өзгерту. Қолдан жасау, үстіне жапсыру, сызу, сөзді немесе санды жазу т.с.с. жатады.

БАНКОМАТ - банктік карточка көмегімен және ондағы сақталған қаражат көлемінде, оның иесіне қолма-қол ақшаны алуға мүмкіндік беретін автоматтандырылған құрылым. Қазақстанда екінші деңгейдегі банктердің банкоматтары арқылы клиенттерге мынадай қызмет түрлері ұсынылады: қолма-қол ақша беру, ұялы телефон қызметін төлеу, несиелік лимит белгілеу, ақшалай аударым жасау және т.б.

БАНКТЕРДІҢ АКТИВТІК ОПЕРАЦИЯЛАРЫ - пайда табу және өтімділікті қолдау мақсатында банктік ресурстарды орналастыру. Банктің активтік операцияларына қассалық аударым, несиелік, инвестициялық, кепілдік операциялар және қаржылық қызмет көрсетулер жатады.

БАНКТЕРДІҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ САЯСАТЫ - банк қызметінің тұрақты жұмыс жасауын, нәтижелілігін немесе пайдалылығын, сондай-ақ өтімділігін қамтамасыз ету мақсатында инвестициялар қоржынын басқару стратегияларын жасауға және іске асыруға бағытталатын шаралар жиынтығы.

БАНКТЕРДІҢ ПАССИВТІК ОПЕРАЦИЯЛАРЫ - банктік ресурстарды қалыптастырумен байланысты банктік операциялар жиынтығы. Банктің пассивтік операцияларын банктің меншікті капиталын қалыптастыру, депозиттік және депозиттік емес операциялар жатады.

БАНКТІК АУДАРЫМ - 1) халықаралық есеп айырысу нысаны; 2) бір тұлғаның (ақша аударушының) банкке басқа тұлғаның (аударылған ақшаны алушының) пайдасына қажетті соманы аудару жөнінде тапсырма беруі. Ақша аудару жөнінде тапсырма қабылдаған банк оны өзінің корреспонденті арқылы жүзеге асырады.

БАНКТІК ВЕКСЕЛЬ - нақты бір елдің банкісінің шетелдік банк-корреспондентке шығарған траттасы (аудармалы вексель).

БАНКТІК ДАҒДАРЫС - экономикалық тұрақсыздық нәтижесінде банк жүйесінің күйреуі. 1998 жылғы Азиядағы қаржы дағдарысының нәтижесінде ТМД-ның кейбір елдерінде де банктік дағдарыс байқалды.

БАНКТІК ИНВЕСТИЦИЯ - пайда табу мақсатында банктің ресурстарын орналастыруға бағытталған активтік операциялардың жиынтығы.

БАНКТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ - банктерді өміршеңдігі үшін оларды ақпараттық, әдістемелік, ғылыми жағынан, кадрлармен қамтамасыз ететін кәсіпорындар, агенттіктер, байланыс және коммуникация, білім беру және ғылыми мекемелер жиынтығы.

БАНКТІК КОНСОРЦИУМ - бірлесіп несиелік операцияны жүргізуге және қарыз алушының төлем қабілетсіздігінен туындайтын шығынды азайту мақсатында уақытша біршама банктер арқылы ұйымдастырылған банктер тобы.

БАНКТІК ҚЫЗМЕТ - бұл банктік операцияларды жүзеге асырумен байланысты қызметті білдіреді.

БАНКТІК МАРКЕТИНГ - клиенттердің сұранысына жататын банктің жаңа қызметтерін немесе өнімдерін жасау және өткізумен байланысты банктік қызметтер нарығына бағытталған банктің қызметінің түрі. Банк қызметінің түрі ретінде банктік маркетинг қызметтер нарығына қатысушылардың қажеттілігін толық қанағаттандыруға бағытталатын банк қызметтеріне сатуды білдіреді.

БАНКТІК МЕНЕДЖМЕНТ - алға қойған мақсатқа жету немесе пайда табу мақсатында банк қызметін ұйымдастыруға бағытталған басқарушылық іс-әрекеттердің жүйесі. Банктік менеджменттің мақсаты банк тұрақтылығын, өтімділігін және банк ресурстарының табыстылығын қамтамасыз ету. Банктік

менеджменттің сапасыз жүзеге асырылуын мисменеджмент деп атайды. Мисменеджменттің түрлеріне техникалық мисменеджмент (жаңа құрылған банк, басшысы ауысқан жағдайда), косметикалық мисменеджмент (клиенттердің сенімін сақтап қалу мақсатында банк өзінің бұрынғы немесе осы уақыттағы зияндарын жасырып, одан шығудың жолын іздестіреді), авантюралық (банкті дағдарыстық жағдайда басқару) мисменеджмент жатады.

БАНКТІК МОНОПОЛИЯЛАР - банктік операцияларды бірігіп жүргізетін ірі банктер және олардың бірлестіктері. Банктік монополия түрлеріне банктік картель, банктік синдикат, банктік трест, банктік концерн жатады.

БАНКТІК МІНДЕТТЕМЕ - корреспондент банктің банктік шотындағы сальдосы: 1) мәселе ағымдағы шоттар туралы болғанда; 2) мәселе жедел салым туралы болғанда.

БАНКТІК НЕСИЕ - бұл банктік мекемелерден қарыз алушыларға ақшалай түрде берілетін несие. Банктік несиеге тұтыну, ипотекалық, ломбардтық, бланктік, овердрафт, револьверлік, онкольдық, лизингтік, факторнингтік, форфейтингтік, консорциалдық, рамбурстық, овернайт, ауыл шаруашылық несиелері және т.с.с. жатады.

БАНКТІК РЕЗЕРФ - рекуперациясы күмәнді несиенің өтемақысын төлеу мақсатымен құрылған резерф.

БАНКТІК ТАРИФТЕР - инкассация және вексельді өтегені, есеп айырысуларды жүзеге асырғаны, чектерді шығарғаны, несиелерді бергені және т.б., үшін банктердің көрсететін қызметіне қосатын үстемелері.

БАНКТІК ХОЛДИНГ - бір немесе бірнеше несиелік мекемелердің қабылдайтын шешімдерін анықтау мүмкіндігі бар несиелік ұйым.

БАНКТІК ЧЕК - банктің өзінің меншік қоры негізінде берген төлем құжаты. Клиент қолма-қол ақша арқылы не өзінің банктегі шотынан аудару арқылы орнын толтырады.

БАНКТІҢ БӨЛІНБЕГЕН ПАЙДАСЫ - акциялар бойынша дивидендті төлегеннен және резервтік қорға аударғаннан кейін банктің иелігінде қалатын пайданың бөлігі. Банктің бөлінбеген пайдасы банктегі тұрақты ресурстардың қатарына жатады. Қаншалықты бөлінбеген пайда көлемі көп болса, соғұрлым банктің ұзақ мерзімді жұмсалымдары артады.

БАНКТІҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЖЫНЫ - банктердің пайда әкелетін бағалы қағаздарға салынған қаражаттарының жиынтығын білдіреді. Инвестициялық қоржынның консервативті және агрессивті түрлері болады. Консервативті қоржын тәуекелі және табысы төмен танымал бағалы қағаздардан тұрады және мұндағы инвестициялау мақсаты — капиталдың құнын сақтап қалу. Агрессивті қоржын тәуекелі және табысы жоғары бағалы қағаздардан тұрады және мұндағы инвестициялау мақсаты — табыс алу.

БАНКТІҢ СУБОРДИНАРЛЫҚ ҚАРЫЗЫ - бастапқы қайтару мерзімі бес жылдан жоғары болып келетін, депозиттік міндеттеме болып табылмайтын, меншікті капиталға жататын қарызы.

БАНКТІҢ ФИЛИАЛЫ - филиал туралы ережеде немесе лицензияда көрсетілетін банктік операцияларды жүзеге асыруға құқылы және өзінің

дербес бухгалтерлік балансы бар, заңды тұлға болып табылмайтын банктік мекеме.

БАНКТИҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚЫЗМЕТІ - бұл банктік карточкаларды және электрондық ақша жүйесін пайдалану арқылы көрсетілетін қаржылық қызметтер, сондай-ақ қор құндылықтарымен жасалатын биржалық операцияларды жүзеге асыру мен қаржы делдалдары ретінде көрсететін банктік мекемелердің электрондық қызметтері.

БАСҚА ДА МІНДЕТТІ ТӨЛЕМДЕР - бюджетке белгіленген мөлшерде аударылатын міндетті ақша аударымдар (алымдар, баждар, төлемақылар, төлемдер).

БАСҚАРУ ШЕШІМДЕРІ - кәсіпорынның тактикалық немесе стратегиялық мақсаттарына жетуге бағытталған және басшылықпен қабылданған шешім.

БАСҚАРУ ШЫҒЫНДАРЫ - банктердің қызмет көрсетуіне немесе коммерциялық іс-әрекетіне байланыссыз барлық шығындар, яғни кадрлар бөлімін, заң бөлімін, еңбекті ұйымдастыру мен еңбекақы төлеу бөлімдерін қамтамасыз ету, өндірістік емес мазмұндағы ғимараттарды жарықтандыру және жылумен қамтамасыз ету, іссапар, байланыс қызметтері, салықтар мен пайыздар.

БАСТАПҚЫ ҚҰЖАТ - бұл шаруашылық операциясы орындалған сәтте жасалатын және болған фактілерді алғаш куәландыратын бухгалтерлік құжат.

БАСТАПҚЫ МАРЖА - брокердің арнайы шотында (қамтамасыз етудің бір нысаны ретінде) орналасуы керек қаражат. Осы төленгеннен кейін ғана инвестор фьючерстік міндеттемелер бойынша мәмілеге көше алады.

БЕКІТІЛГЕН БЮДЖЕТ - тиісті қаржы жылына арналған, Парламент немесе тиісті мәслихат бекіткен бюджет.

БЕКІТІЛГЕН САЛЫҚ - бұл салықтың мақсаты нақты бір қызмет түрін қаржыландыру болып табылатын салық.

БЕНЕФИЦИАР - тапсырмада көрсетілген қолма-қол және қолма-қолсыз ақшалай аударымдарды алушы тұлға.

БЕНЕФИЦИАР БАНКІ - келісімшартқа сәйкес қаражатты жөнелтушіден (төлеушіден) бенефициардың (жабдықтаушының) атына келіп түскен қаражатты қабылдаушы немесе қаражатты жөнелтушінің тапсырмасымен көрсетілген өзге де іс-әрекетті жүзеге асыратын банк.

БЕССА - бағалы қағаздардың бағамын немесе тауарлар бағасын төмендетуді мақсат етіп қойған биржалық алып-сатарлық.

БИД - сатып алушының валютаны, бағалы қағаздарды сатып алуға, депозит ашуға және т.б., келіскен бағасы.

БИЗНЕС - белгілі бір нәтижеге жетуге (пайда табуға) бағытталған іс, жұмыс, кәсіпкерлік.

БИЗНЕС ЖОСПАР - жобаның негізгі міндеттері мен атқарылатын жұмыстарының тізімі, оны жүзеге асырудың стратегиялық ерекшелігі мен ағымдағы жоспары, жобаның тиімділігі мен нақтылығын бағалауға мүмкіндік беретін жобаның соңғы көрсеткіштерінің есебі көрсетілетін жұмыстар тізбесі. Бизнес жоспар әдетте бір жылға құрылады.

БИЛАТЕРИЗМ - екі мемлекет арасында жасалынған келісімдерге негізделген халықаралық сауда ұйымы. Қазіргі уақытта екі жақты келісім дамушы елдермен қатынастардан басқа сауда және валюта-қаржы қатынастары саласында шектеушілік рөл атқарады.

БИРЖА - ұйымдастырылған және үнемі қызмет ететін нарық. Биржада айналыста болатын активтер мен капиталдың түрлеріне қарай қор биржасы, валюта биржасы, тауар биржасы және еңбек биржасы болып бөлінеді.

БЛАНКТИК ВЕКСЕЛЬ - ұстаушының жазуы ғана бар, ал тақырыбы толтырылмаған вексель.

БОНД - иесіне тұрақты табыс алуға құқық беретін облигация. Облигацияның қызмет ету мерзіміне қарай және елдегі қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің өзгеруіне байланысты оған төленетін пайыздық табыс мөлшері қайта қарастырылуы мүмкін.

БОНИФИКАЦИЯ - 1) келісімшартта көрсетілгеннен сапасы жоғары болған жағдайда тауар бағасына есептелетін үстеме; 2) дүниежүзілік нарықтағы бәсекелестігін арттыру мақсатында шетелге шығарылатын тауарларға салынатын салықтарды қайтарып беру; 3) қарыз алушылардың белгілі бір тобына берілетін несие бойынша пайыз мөлшерін қысқартуға мүмкіндік беретін мемлекеттік субсидия.

БОНУСТАР - жер қойнауын пайдалануға жасалған келісім-шартта белгіленген мөлшерде және белгіленген тәртіппен ақшалай нысанда жер қойнауын пайдаланушылар төлейтін тіркелген міндетті (кесімді) төлемдер.

БОРД - қойылатын шарт, бұл шарт бойынша тауар кеме бортына сатушының есебінен жеткізіледі.

БРОКЕР - клиенттің атынан және оның қаражаты есебінен бағалы қағаздарды (биржалық тауарды) сатып алу сату қызметін жүзеге асыратын қор биржасындағы делдал. Брокер қызметін брокерлік фирмалар, брокерлік кеңселер және тәуелсіз брокерлер жүзеге асырады.

БРОКЕРАЖ - бағалы қағаздардың иелерінің не болашақ иелерінің тапсырмалары бойынша акцияларды сатып алу немесе сату.

БРУТТО - тауардың қаптамасымен қоса есептеген салмағы; шығысы шегерілмеген жалпы табыс.

БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНС - 1) кәсіпорынның мүлкі мен олардың пайда болу көздерін ақшалай бағамен белгілі бір күнге, әдетте айдың 1-күніне экономикалық топтастырудың әдісі; 2) ұйымның басқаруындағы активтер, міндеттемелер құрылымы мен капитал, сонымен қатар оның жұмыс істеу ортасындағы өзгерістерге бейімделуімен анықталатын, қолданушыларды ұйымның қаржылық жағдайы туралы ақпаратпен қамтамасыз ететін, бухгалтерлік есептіліктің құрамдас бөлігі.

БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНСТЫҢ БАБЫ - кәсіпорын мүлкінің жекелеген түрлерін, оның пайда болу көздерін және міндеттемелерін сипаттайтын баланс активі мен пассивінің көрсеткіші.

БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП СТАНДАРТГАРЫ - бухгалтерлік есеп жүргізуде ұйымның басшылыққа алған ережелер жиынтығы.

БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП ШОТТАРЫ - шығындар туралы жүйелі ақпарат алу мақсатымен құралдардың қолданысы, шаруашылық процестер және міндеттемелердің есебін топтастыру тәсілі.

БІРЛЕСКЕН ИНВЕСТИЦИЯЛАР - осы мемлекеттің субъектілерімен және шетелдік мемлекеттердің қатысуымен жүзеге асырылатын капитал жұмсалымдары. Қазақстанда бірлескен инвестициялар бірлескен кәсіпорындар құру, бірлескен инвестициялық жобаларды қаржыландыру арқылы жүзеге асырылуда.

БІРЛЕСКЕН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ - дамушы елдерді халықаралық несиелеудің нысаны, оның барысында бірнеше мемлекет немесе жеке мекемелер бірігіп, ірі, әсіресе инфрақұрылым саласындағы жобаларды несиелеу мақсатында бірлесіп жұмыс жасайды.

БІРЫҢҒАЙ БЮДЖЕТТІК СЫНЫПТАМА - бюджет түсімдері мен шығыстарын сыныптама объектілеріне топтамалық код бере отырып, функционалдық, ведомстволық және экономикалық сыныптамалар бойынша топтатыру. Бұл барлық, деңгейдегі бюджеттер үшін бірыңғай және міндетті болып табылады.

БІРЫҢҒАЙ ҚАЗЫНАШЫЛЫҚ ШОТ - аударым операцияларын орталықтандырып және олардың есебін жүргізу үшін Ұлттық Банкте ашылатын шот. Бұл шот қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы қаражат қалдықтарын, мемлекеттік мекемелер шоттарын және басқа да шоттарды қамтиды.

БЭК-ОФИС - Фронт-офис қызметін қолдай отырып, клиенттерге құжаттық қызмет көрсететін банк бөлімшесі.

БЮДЖЕТ - мемлекеттің міндеттері мен қызметтерін іске асыруды қаржымен қамтамасыз етуге арналған орталықтандырылған ақша қоры.

БЮДЖЕТ АРТЫҚШЫЛЫҒЫН ПАЙДАЛАНУ - қарыздар бойынша негізгі борышты өтеуге бюджет артықшылығын, қарыздар қаражатын, бюджет қаражатының бос қалдықтарын жұмсау. Оның көлемі қарыздар бойынша негізгі борышты өтеу сомасының алынған қарыздары және бюджет қаражаты қалдықтарының қозғалысы сомасынан асып түсуі ретінде теріс белгімен белгіленеді және бюджет артықшылығының мөлшеріне сай келеді.

БЮДЖЕТ АУЫРТПАЛЫҒЫ - экономиканың жеке меншік секторындағы табыстарды бөлуде салық саясаты мен үкімет шығындарының саясатына тигізетін әсері.

БЮДЖЕТ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ӘКІМШІСІ - бюджеттік бағдарламаларды жоспарлауға, негіздеуге және іске асыруға жауапты мемлекеттік орган. Бұл орган бюджет қаражатын бюджеттік бағдарламалардың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес бекітілген бюджет шегінде дербес пайдаланылады, олардың тиімді, нәтижелі және нысаналы жұмсалыуына жауапты. Аталмыш орган республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінен тұрады.

БЮДЖЕТ ЖҮЙЕСІ - бюджеттердің, Ұлттық қордың, бюджеттік үдерістер мен қатынастардың жиынтығы.

БЮДЖЕТ ЖҮЙЕСІНІҢ БАСЫМДЫҚ ҚАҒИДАСЫ - бюджеттік үрдісті республиканың немесе аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының басым бағыттарына сәйкес жүзеге асыру.

БЮДЖЕТ ЖҮЙЕСІНІҢ БІРЛІГІ ҚАҒИДАСЫ - мемлекет аумағында бірыңғай бюджет заңнамаларының қолданылуы, соның ішінде, бірыңғай бюджеттік сыныптауды, бюджет үрдісін жүзеге асырудың бірыңғай рәсімдерін пайдалануды қамтамасыз ету.

БЮДЖЕТ ЖҮЙЕСІНІҢ ДӘЙЕКТІЛІК ҚАҒИДАСЫ - бюджеттік қатынастар аясында бұрын қабылданған шешімдерді мемлекеттік басқару органдарының сақтауы.

БЮДЖЕТ ЖҮЙЕСІНІҢ ДЕРБЕСТІК ҚАҒИДАСЫ - түрлі деңгейлердегі бюджеттер арасында түсімдердің тұрақты бөлініп тұруын орнықтыру және бюджет заңнамасына сәйкес олардың жұмсалыу бағыттарын анықтау, мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлерінің бюджет үрдісін дербес жүргізу құқығы, жергілікті бюджеттердің атқарылуы барысында қосымша алынған кірістерді жергілікті бюджеттің бос қалдықтарын жоғары тұрған бюджетке алып қоюға жол берілмейтіндігі, тиісті өтемсіз төмен тұрған бюджеттерге қосымша шығыстар жүктеуге жол берілмейтіндігі.

БЮДЖЕТ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖАРИЯЛЫЛЫҚ ҚАҒИДАСЫ - мемлекеттік және өзге де заңмен қорғалатын құпия болып табылатын мәліметтерді қоспағанда, бюджет заңнамасы саласындағы нормативтік-құқықтық актілерді, бекітілген бюджеттерді және олардың атқарылуы туралы есептерді, мемлекеттің фискалдық саясатына қатысты басқа да ақпаратты міндетті түрде жариялау, бюджет үдерісінің ашықтығы, мемлекеттік қаржы бақылауын жүргізу.

БЮДЖЕТ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІК ҚАҒИДАСЫ - бюджет үрдісіне қатысушыларды бюджет заңнамаларын бұзғаны үшін жауапқа тарту.

БЮДЖЕТ ЖҮЙЕСІНІҢ НАҚТЫЛЫҚ ҚАҒИДАСЫ - бекітілген бюджет көрсеткіштерінің орта мерзімді фискалдық саясатқа және мемлекет пен аймақтарды әлеуметтік-экономикалық, дамытудың орта мерзімді жоспарының бекітілген өлшемдері мен бағыттарына сәйкес келуі.

БЮДЖЕТ ЖҮЙЕСІНІҢ ТИІМДІЛІК ЖӘНЕ НӘТИЖЕЛІЛІК ҚАҒИДАСЫ - бюджеттерді бюджеттік бағдарламалар паспорттарымен көзделген белгілі бір нәтижелерге қол жеткізу қажеттігін негізге алып, бюджет қаражатын оңтайлы көлемде қолдана отырып, ең үздік нәтижені қамтамасыз ету.

БЮДЖЕТ ЖҮЙЕСІНІҢ ТОЛЫҚТЫЛЫҒЫ ҚАҒИДАСЫ - бюджет заңнамасында көзделген барлық түсімдер мен шығыстарды бюджеттерде және Ұлттық қорда көрсету, бюджет қаражатын пайдалана отырып, өзара талаптарды есепке алуға, бюджет қаражаты бойынша талаптар құқығынан шегінуге жол бермеу.

БЮДЖЕТ ЖЫЛЫ - бекітілген бюджет орындалатын кезең. Жекелеген елдерде ол күнтізбелік жылмен сәйкес келеді.

БЮДЖЕТ КІРІСТЕРІ - салықтар мен басқа да міндетті төлемдер, ресми трансферттер, мемлекетке өтеусіз нысанда берілетін, қайтарымсыз

сипаттағы, мемлекеттің қаржы активтерін сатуға байланысты емес және бюджет заңнамаларына сәйкес бюджетке есептелуге тиісті ақша.

БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫ - мемлекеттік меншікке түсуі мен жұмсалуды бюджетте ақшалай нысанда көрсетілетін мемлекеттің ақша және өзге де активтері.

БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТТАРЫН ИГЕРУ - бюджет қаражатын, оларды алушылардың бюджеттік бағдарлама паспортында, мемлекеттік мекемелер жасаған азаматтық- құқықтық мәмілелерде және бюджеттік бағдарламаларды іске асыру соларға сәйкес жүзеге асырылатын нормативтік-құқықтық, актілерде көзделетін мақсаттарға пайдалану.

БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫ ҚАЛДЫҚТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ - бюджет қаражатының бос қалдықтары мен есептегі кезеңнің соңындағы жағдай бойынша бюджет қаражаты қалдықтарының арасындағы айырма.

БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫНЫҢ БОС ҚАЛДЫҚТАРЫ - өткен қаржы жылынан кейінгі 1-ші қаңтардағы жағдайға сәйкес өткен қаржы жылындағы бюджеттің атқарылу қорытындылары бойынша пайдаланылмай қалған бюджет қаражаттары.

БЮДЖЕТ ҚҰРЫЛЫСЫ - бюджет жүйесін құрудың қағидалары, оның звеноларының өзара байланысының ұйымдық нысандары.

БЮДЖЕТ МОЛШЫЛЫҒЫ - бюджет кірістерінің бюджет шығыстарынан артық болуы. Бюджет кірістерінің шығыстардан артық болуының нәтижесінде бюджеттің оң қалдығы қалыптасады.

БЮДЖЕТ СУБВЕНЦИЯЛАРЫ - жоғары тұрған бюджеттермен төмен тұрған бюджеттерге республикалық немесе жергілікті бюджеттерде бекітілген көлемде берілетін ресми трансферттер.

БЮДЖЕТ СЫНЫПТАМАСЫ - мемлекеттік бюджет табиғатымен анықталатын бюджеттің кірістері мен шығыстарын біртекті белгілері бойынша жүйелі топтастыру.

БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ - қарыз алу және бюджет қаражатының бос қалдықтары есебінен бюджет тапшылығын жабуды қамтамасыз ету. Оның көлемі алынған қарыздар сомасының, бюджет қаражаты қалдықтары қозғалысының қарыздар бойынша негізгі борышты өтеу сомасынан асып түсуі ретінде оң белгімен белгіленеді және бюджет тапшылығының мөлшеріне сай келеді.

БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫ - бюджет шығыстарының сомасының бюджет кірістерінен артық болуы. Егер бюджет тапшылығы бюджет жылының ортасында пайда болса, онда бюджеттік «кассалық алшақтық» орын алады.

БЮДЖЕТ ТҮСІМДЕРІ - кірістер, бюджет несиесін өтеу, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер, мемлекеттік қарыз нысанындағы табыстар.

-В-

ВАЛОРИЗАЦИЯ – қандай да бір тауардың бағасын қолдан (жасанды) түрде қымбаттатуға бағытталған іс-шаралар жиынтығы. Ол негізінде тауар өндірісі қысқарған кезде жүзеге асырылады.

ВАЛЬВАЦИЯ – шетел валютасының ұлттық ақша бірлігімен салыстырғандағы бағалылығын, құнын анықтау.

ВАЛЮТА – мемлекеттердің заңды төлем қаражаты ретінде қабылдаған ақша бірлігі немесе банкноттар, қазынашалық билеттер және монеталар, оның ішінде қымбат металдардан жасалған монеталар (айналыстан алынған немесе алынатын, бірақ айналыста жүрген ақша белгілеріне айырбасталуға жататын қоса алғанда) түріндегі қолма-қол және қолма-қол емес ақша нысанындағы құнның ресми стандарттары, сондай-ақ шоттардағы, оның ішінде қымбат металдардан жасалған монеталар (айналыстан алынған немесе алынатын, бірақ айналыста жүрген ақша белгілеріне айырбасталуға жататын қоса алғанда) түріндегі қолма-қол және қолма-қол емес ақша нысанындағы құнның ресми стандарттары, сондай-ақ шоттардағы, оның ішінде халықаралық ақша немесе есеп айырысу бірліктеріндегі қаражат.

ВАЛЮТА АЙМАҚТАРЫ - халықаралық валюта қатынастарында келісімді саясат жүргізу мақсатында құрылған валюталық топтар.

ВАЛЮТА АЙНАЛЫСЫНЫҢ РЕЖІМІ - ұлттық валюта айналысына, сондай-ақ шетелдік валюталарға қатысты мемлекет тарапынан белгіленіп, қойылған шектеулер. Негізінде валюталар толығымен айналыста болатын (еркін жүретін); жартылай айналатын (жартылай еркін жүретін); айналысқа түспейтін (тұйықталған) болып бөлінеді. Қазақстан валютасы жартылай айналыстағы валюталар қатарына жатады.

ВАЛЮТА ДЕМПИНГІ – валютасы құнсызданған елден тұрақты валютасы бар немесе валютасының құны айтарлықтай төмендемеген елде дүниежүзілік бағадан төмен бағамен тауар шығару.

ВАЛЮТАЛЫҚ АЙҚЫНДАМА – активтердің (шетел валютасындағы пассивтер) және борыштардың арасындағы айырмашылық.

ВАЛЮТАЛЫҚ АРБИТРАЖ – валютаны оны сату бағасынан әлдеқайда төмен бағамен сатып алу мүмкіндігінен туындайды. Еркін валюталық операциялар жасауда валюталық арбитраж мүмкіндіктері қысақарады және тек дилер-банктерге ғана мүмкін болады.

ВАЛЮТАЛЫҚ БАҒАМ – бір мемлекеттің валютасын басқа мемлекеттің валютасына айырбастау қатынасы.

ВАЛЮТАЛЫҚ БЛОКАДА – берілген елде басқа бір елдің валютасының айналымында жүруін шектеу. Әдетте бұл шараны бір ел екінші бір елді өз талаптарын мәжбүрлеп орындату мақсаттарында қолданады.

«**ВАЛЮТАЛЫҚ ВИРУС**» - бір елдің екінші бір елге валюталық дағдарыстың таралу себебінен туындайтын валюталық дағдарыс түрі.

ВАЛЮТАЛЫҚ ДИЛЕР - валюта айырбастау жөніндегі маман, агент.

ВАЛЮТАЛЫҚ КУРС - әр елдің ақшаларының арақатынастары. Мемлекет тарапынан ресми валюталық курс белгіленеді. Оны валюталық паритет деп те атайды.

ВАЛЮТАЛЫҚ ЛИЦЕНЗИЯ – құзыретті орган беретін және импорттаушыға белгілі бір ақша сомасын экспорттаушыға тауар төлемі есебіне шетел валютасымен аударуға рұқсат ететін құжат.

ВАЛЮТАЛЫҚ МОНОПОЛИЯ – валюта құндылықтармен мәміле жасау жөніндегі тек мемлекеттің құзырындағы айрықша құқық.

ВАЛЮТАЛЫҚ МОНОПОЛИЯ ОБЪЕКТІЛЕРІ – 1) шетелдік валюта; 2) шетел валютасымен көрсетілген төлем құжаттары мен бағалы қағаздар; 3) қымбат бағалы металдар; 4) шикізат күйіндегі және өңделген түріндегі табиғи қымбат бағалы тастар. Мемлекеттің валюталық монополиясының объектілері ретіндегі төлемдік құжаттар мен бағалы қағаздар: 1) шетелдік банктердің чектері, аккредитивтері және пластикалық карточкалары; 2) шетелдік банктердің депозиттік сертификаттары; 3) шет мемлекеттердің заемдық облигациялары; 4) шет мемлекеттердің қазыналық бондары мен вексельдері; 5) шетелдік акционерлік қоғамдар мен компаниялардың акциялары; 6) шетелдік заңды тұлғалардың облигациялары. Қымбат бағалы металдар: алтын, платина, платина тобындағы металдар (палладий, иридий, родий, осмий, рутений) болып саналады. Қазақстанда осылардың ішінен тек толығымен тазалау процесін өткен жоғары сынамалы алтын құймасы ғана валюталық құндылыққа жатады. Қазақстан Республикасының заңдары бойынша қымбат бағалы тастар (алмас, жақұт, зүбәржат, александрит, інжу және т.б.) валюталық құндылықтар қатарына жатпайды.

ВАЛЮТАЛЫҚ РЕТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ ӘДІСТЕРІ – 1) валюталық реттеу объектілерін айқындау; 2) валюталық операцияларды жүргізудің қағидаларын белгілеу; 3) мемлекеттің валюталық монополиясының объектілерін айқындау; 4) мемлекеттің валюталық монополиясының объектілерімен жасалынатын операцияларды жүзеге асыруға құқығы бар мемлекеттік органдардың құзыреттерін белгілеу; 5) валюталық операцияларды, оның ішінде шетелдік валютамен жасалынатын операцияларды жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу; 6) валюталық операцияларды жүзеге асыруға байланысты қызметтерді лицензиялау; 7) капиталдың қозғалысына қатысты валюталық операцияларды тіркеу; 8) резиденттердің тысқары жерлерден шетел валютасымен беретін және алатын ссудалары (борыштары) мен несиелерін тіркеу; 9) валютамен жасалынатын операцияларға бақылау жүргізу; 10) белгілі бір валюталық операцияларды жүргізуге салынатын тыйымдар мен қойылатын шектеулерді белгілеу.

ВАЛЮТАЛЫҚ ШАРТ - өзгерістері мен толықтыруларын қоса алғандағы келісім, құрылтай құжаттары, сондай ақ солардың негізінде және (немесе) оларды орындау үшін валюталық операциялар жүзеге асырылатын өзге де құжаттар.

ВАРРАНТ – тауар қоймасының тауарды сақтауға қабылдағаны жөніндегі куәлігі. Кепіл куәлігін ұстаушының осы куәлік бойынша берілген қарыздың және сол бойынша сыйақының мөлшерінде тауар кепіл құқығы болады. Тауарға кепіл құқығын белгілеу кезінде бұл туралы қойма куәлігіне белгі жасалады.

ВЕКСЕЛЬ – заңмен қатаң белгіленген пішінде жазбаша көрініс табатын абстрактілік ақшалай міндеттемені жүзеге асыратын есеп айырысу құжаты. Вексель бойынша міндеттемелердің абстрактілі сипаты оны өзге ақшалай

міндеттемелерден ерекшелейді. Оның маңызы мынада: оны беру үшін негіз болған себептерге қарамастан өзінің күшін сақтайды. Вексельдік міндеттемелер – даусыз, әрі күмәнсіз.

ВЕКСЕЛЬДІК БАҒАМ - шетел векселінің жергілікті валютаға шаққандағы бағасы.

ВИРМЕНТ – банктің соманы бір адамның ағымдағы шотынан екінші адамның ағымдағы шотына аудару операциясы.

-Г-

ГИПЕРИНФЛЯЦИЯ – тауар бағаларының және айналыстағы ақша жиынының өте тез өсуі. Мұндай жағдай ақша бірлігінің кенет құнсыздануына, төлем айналымының бей-берекет кетуіне және қалыпты шаруашылық байланыстарының бұзылуына әкеп соқтырады.

ГЛОБАЛЬДЫ ПОЛИС – трансұлттық компаниямен сәйкес сақтандыру қорғанысын ұсынатын ерекше сақтандыру бағдарламасы.

ГОНОРАНТ – вексель бойынша төлем тапсыратын, ерекше кепілгерлік жазба жасайтын адам.

ГОНОРАТ – вексель бойынша төлем төлеуді міндетіне алған гонорантқа вексель беруші.

ГРАНТ – мемлекетке, мемлекет үкіметіне сондай-ақ, қызметті қайырымдылық және халықаралық сипатқа сай әрі Қазақстан Республикасы Конституциясына қайшы келмейтін, мемлекеттік органдардың тұжырымы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен тізбедегі шетелдік үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар мен қорларға, Қазақстан Республикасына, Қазақстан Республикасы Үкіметіне, заңды және жеке тұлғаларға, сонымен бірге, шетелдіктер мен Қазақстан Республикасы азаматтығын алмаған тұлғаларға белгілі бір мақсаттарына (міндеттеріне) қол жеткізуі үшін Қазақстан Республикасы Үкіметіне өтеусіз негізде берілетін мүлік.

ГРАТИС – «тегін» деген сөз. Бұл термин сауда тәжірибесінде белгілі бір операциялармен көрсетілетін қызметтің (тауарлардың тегін үлгілері және т.б.) ақы төлеусіз жүзеге асырылатынын білдіру үшін қолданылады.

ГРАТИФИКАТТАУ – ақшалай мадақтау, көтермелеу. Сауда айналымында гратификаттаудың мақсаты агенттерді, делдалдарды, сауда айналымына басқа да қатысушыларды әртүрлі іс қимылдарға немесе олардың өздеріне жүктелген міндеттерін орындауға ынталандыру болып табылады.

ГУДВИЛЛ – фирманың материалдық өлшемге (бедел, техникалық құзырет, байланыс, әсер) келмейтін активтері, капиталы.

ГУДВИЛЛ ЕСЕБІ – активтің бөлініс бағасы мен кәсіпорынды біртұтас түрінде сатқан кезде алынған түсімнің арасындағы айырма сомасы «фирма бағасын» немесе гудвиллді құрайды.

ГЭП – берілген уақыт аралығында пайыздық мөлшерлемелер өзгерісіне сезімтал активтер мен пайыздық мөлшерлемелер өзгерісіне сезімтал пассивтер арасындағы айырма.

-Д-

ДАМНО – банктің клиенттер вексельдерін инкассоға есепке қабылдағаны үшін олардан алынатын айырықша төлемақысы (комиссиядан, проценттерден және пошта шығындарынан тыс); бағалы қағаздарды нақты бағасынан төмен сатқанда олардың бағамынан келетін шығын.

ДАМУ БАНКІ – мемлекеттің инвестициялық несиелік қаржы институты ретінде құрылатын мамандандырылған несиелік ұйым.

ДЕБЕНТУРА – баждардың қайтарылуы жөніндегі кеден куәлігі.

ДЕБЕТ – бухгалтерлік шоттардың сол жағы: актив шоттарында дебет кіріс бөлігін бейнелейді. Осы шот бойынша барлық түсім сонда енгізіледі; пассив шоттары шығыс бөлігін бейнелейді, шот бойынша барлық шығын сонда топтастырылады.

ДЕБЕТ АВИЗОСЫ – авизо алушы ұйымға дебет авизосында көрсетілген ақша сомасын берешек екендігі хабарланатын, ұйым қандайда бір тұлғаға жіберетін құжат.

ДЕБЕТ НОТА – төлеушісінің өзіне қызмет көрсететін банк бөлімшесіне төлемдік сұраныс бойынша жабдықтаушы артық алған соманы жабдықтаушының шотынан даусыз шығынға жазу туралы өкімі. Дебет-нотаның негізінде жеткізушінің шотынан есептен шығарылған сома төлеушісінің шотында қалпына келтіріледі.

ДЕБЕТТІК АУДАРЫМДАР – төлемді жасау үшін бенефициарлардың ақшаны жөнелтуші банкке төлем құжаттарын беру жолымен жүзеге асатын қолма-қол ақшасыз төлемдер.

ДЕБЕТТІК КАРТОЧКА – карточкалық шот иесіне банкоматтан қолма-қол ақша алуға және карточкамен қызмет көрсететін сауда үйлерінде, мейрамханаларда және т.б. орындарда сатып алынған тауары мен қызметтері үшін есеп айырысуға мүмкіндік беретін төлем құралы.

ДЕБИТОР – оригиналор алдында қазіргі немесе болашақ ақшалай міндеттемесі бар тұлға.

ДЕВАЛЬВАЦИЯ – басқа елдердің валютасымен немесе алтынмен салыстырғанда ұлттық валюта құнының төмендеуі. Әдетте ол елдегі төмен балансы елеулі сәйкессіздікке ұшыраған кезде, яғни тауар мен қызмет бағасы экспортталатын тауарлар мен қызмет құнымен бірдей болған кезде пайда болады. Сыртқы экономикалық байланыстардың қалыптасқан нысанында ұлттық валютаны девальвациялау сыртқы сауданы теңестіруге жағдай жасайды және мемлекеттік органдардың шешімімен жүзеге асырылады.

ДЕВИЗДЕР – шетел валютасымен көрсетілген борыштық талаптар мен міндеттемелер, халықаралық есеп айырысулар солардың көмегімен жүзеге асырылады.

ДЕГРЕССИЯ – неғұрлым ұсақ табыстар үшін пайызды кеміте отырып үйлесімді салық салу.

ДЕКОРТ – төлемі мерзімінен бұрын өтелгені немесе тауардың саны мен сапасының мәміледе көрсетілген шарттарға сәйкес келмегені үшін тауар бағасының түсуі.

ДЕЛИСТИНГ – бағалы қағаздарды суда-саттық ұйымдастырушының тізімінен уақытша немесе тұрақты шығарып тастау.

ДЕМОНЕТИЗАЦИЯ – несиелік ақшалардың, банк билеттерінің қолма-қолсыз ақшалардың, чектердің кеңірек қолдануына байланысты ақша құралы ретінде бағалы металдарды, соның ішінде, алтын мен күмісті пайдалануды қысқарту, яғни олардың қызметтерін атқармауы.

ДЕМПИНГ - тауарлардың сыртқы нарықта ішкі нарықтағыдан анағұрлым төмен бағамен сату. Көбіне тауарлардың бағасы оларды өндіруге жұмсалған шығыннан төмен деңгейде белгіленеді.

ДЕМПИНГКЕ ҚАРСЫ БАЖ - Қазақстан Республикасының кедендік аумағына экспортқа шығаратын елдегі бәсекелес бағаға қарағанда осындай экспорт кезінде өте төмен бағамен әкелінетін тауарлар, осы тәріздес тауар шығаратын отандық өндірісшілерге зиян келтірген немесе тікелей бәсекелес тауарлар арқылы зиянды залал төндіретін жағдайда қолданылатын міндетті төлем.

ДЕНОМИНАЦИЯ – ақша айналысын қалыпқа келтіру мақсатында ұлттық валюта құнын ірілендіру.

ДЕПО – несиелік мекемелерге сақтауға берілетін бағалы қағаздар мен құндылықтарға қатысты қолданылатын термин.

ДЕПОЗИТ – бұл клиенттердің (жеке және заңды тұлғалардың) банктегі белгілі шотқа салған және өздері пайдалана алатын қаражаттары. Қазақстан Республикасының заңына сәйкес, депозит - бұл белгілі бір уақыт өткен соң немесе алдын ала келісім бойынша депозиттордың алғашқы талабымен қайтарылатын немесе үшінші бір тұлғаға толық не жартылай берілетін, бір тұлғаның (депозитардың) басқа тұлғаға - банкке (оның ішінде, Ұлттық банкке) қайтарылу шартымен уақытша пайдалануға беретін ақшасы.

ДЕПОЗИТАРИЙ – кепіл ретінде кез келген құндылықтарды қабылдайтын сот орындаушысы, банк, брокер.

ДЕПОНЕНТ – ақша қаражатын басқа жеке тұлғаға немесе заңды тұлғаға, депозит иегеріне уақытша сақтауға берген жеке немесе заңды тұлға.

ДЕПОРТ – қор биржасында алыпсатарлар бағалы қағаздар бағамдарының айырмасынан пайда табу үшін оны төмендету жөнінде белгілі бір мерзімге жасайтын биржалық мәміле.

ДЕФЛЯЦИЯ – инфляция кезінде шығарылған басы артық ақша белгілерінің белгілі бір бөлігін айналыстан жасанды түрде алып тастау.

ДЕФОЛТ – эмиссиялық бағалы қағаздар және өзге де қаржы құралдары бойынша міндеттемелердің орындалмауы.

ДЖОББЕР – Лондон биржасында делдал ғана емес, сондай-ақ мүдделі адам ретінде іс-қимыл жасайтын брокер.

ДИВИДЕНД – ақша бойынша төленетін табыс; қор компаниясының басқарушысы оларды сатып алу барысындағы пай бойынша табысты қоспағанда үлестік инвестициялық қордың пайда бойынша төленетін табыс; заңды тұлғаның өз құрылтайшылары мен қатысушыларына бөлетін таза табыстың бөлігі; заңды тұлға таратылғанда мүлікті бөлуден алынатын табыс, сондай-ақ резидент болып табылатын заңды тұлғаның өз құрылтайшылары

мен қатысушыларына бөлетін әрі әрбір құрылтайшы мен қатысушының үлесін сақтай отырып, жарғылық капиталды арттыруға бағытталатын мүліктен өзге жарғылық капиталға салым ақша ретінде енгізілетін мүлікті қоспағанда құрылтайшылар мен қатысушылардың заңды тұлғадағы өз үлстерін өндіріп алудағы табысы; әрбір құрылтайшы мен қатысушының үлесін сақтай отырып, таза табысты бөлу барысында резидент-заңды тұлғаның жарғылық капиталын арттыруға бағытталған табыс дивидентке жатпайды.

ДИЗАЖИО – ақша белгілерінің, вексельдердің, басқа да бағалы қағаздардың нарықтық құнының олардың нақты құнынан кему, төмендеу бағытында ауытқуы.

ДИЛЕР - өзінің атынан және өзінің қаражаты есебінен қор биржасында бағалы қағаздармен

ДИЛЮЦИЯ – фирмада капиталдың ұлғаюы нәтижесінде қалыптасқан ахуал.

ДИСКОНТ – 1) бағалы қағаздың қазіргі бағасы мен өтелетін кездегі номиналдық бағасының арасындағы айырма; 2) келісімшартта көзделген сапаға тауардың сапасының сәйкес келмеуіне байланысты тауар бағасын төмендету; 3) векселді есепке алу барысында банктердің ұстайтын пайызы.

ДИСПАЧ - кеме иесі жүк иесіне жүкті кемеге тиеуді және түсіруді келісілген мерзімінен бұрын аяқтағаны үшін төлейтін сыйақы.

ДИВИДЕНД – акционердің меншігінде акция санының мөлшеріне тең келетін акционерлік қоғамның таза пайдасының бөлігі. Дивиденттің мөлшері акционерлік қоғам тапқан пайданың көлеміне ғана байланысты емес, сонымен қатар акцияның түріне де тәуелді: мыс., жай немесе артықшылық акциялар.

-Е-

ЕКІ ЖАҚТЫ САҚТАНДЫРУ – бірнеше сақтандырушының бір қауіп қатерден бір мүддені сақтандыруы, мұнда сақтық соммасы сақтандыру құнынан артық болады.

ЕЛ ІШІНДЕГІ ИНВЕСТИЦИЯЛАР – мемлекеттің шекарасының аумағында орналастырылған, инвестициялау объектісіне салынатын қаражаттар болып табылады.

ЕНШІЛЕС БАНК – жарғылық капиталдың елу пайыздан астамы бас банкке тиесілі және өзінің дербес бухгалтерлік балансы бар заңды тұлға. Қазақстанда еншілес банктер шетел капиталының қатысуымен құрылып жұмыс жасауда.

ЕҢБЕК ДЕМАЛЫСЫ – жұмыс орнын және орташа жалақыны сақтай отырып, еңбек заңнамасына сәйкес жұмыстан тыс төленетін уақыт.

ЕРКІН АЙНАЛЫМДАҒЫ ВАЛЮТА – ағымдағы нарық бағасы бойынша барлық жерде төлем құралы ретіндегі валюта немесе ағымдағы операциялар бойынша валюталық шектеулерді алып тастаған елдердің валютасы.

ЕРКІН ӨЗГЕРМЕЛІ БАҒАМ – валюталық нарықтағы сұраныс пен ұсыныс негізінде белгіленетін нарықтық бағамды білдіреді. Қазақстанда 1999 жылы 4 сәуірден бастап еркін өзгермелі бағам режиміне өту туралы Үкіметтің жарғысы қабылданды.

ЕРІКТІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАР – Қазақстан Республикасының заңымен және зейнетақымен қамтамасыз ету келісімшартпен анықталатын тәртібімен алушының пайдасына жинақтаушы зейнетақы қорына өз бастамасымен салымшылардың салынатын ақшалары.

ЕСЕП БЕРУ – белгілі бір өткен кезеңдегі компанияның ұйым қызметі туралы беретін мәліметі.

ЕСЕП АЙЫРЫСУ НЫСАНЫ - құрылымында төлем тәсілдері мен соларға сәйкес құжаттар айналымы көрініс табатын өзара байланысқан элементтердің жиынтығы.

ЕСЕП АЙЫРЫСУ ЧЕГІ - өзінің шотынан қаражатты алушы - чекті ұстаушының шотына мөлшерлі ақшалай соманы аудару жөнінде чекті берушінің өз банкісіне берген қалтқысыз орындалуын көздейтін жазбаша бұйрығы бар, белгіленген нысандағы құжат.

ЕСЕПТЕУ ӘДІСІ – салық есебінің әдісі, оған сәйкес табыстар мен шығыстар төлеу уақытына қарамасытан, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, тауарларды өткізу және мүлікті кіріске алу мақсатымен жөнелтілім кезінен бастап есептеледі.

ЕУРО - Маастрих шартында қарастырылған Еуропалық экономикалық, валюталық және саяси одақ құру арқылы осы Еуропалық одаққа мүше елдерінің ортақ валютасы немесе Еуропалық одақтың (ЕО) валютасы. 1999 жылы 1 қаңтарда ақша айналымына енгізген еуропалық валюта.

ЕУРОВАЛЮТА – тиісті елдерден тыс жердегі банктердің шоттарында сақтаулы валюта қаражаты.

ЕУРОКАРД – халықаралық кредиттік карточкалардың бір түрі.

ЕУРООБЛИГАЦИЯ – еуронарыққа шығарылған еуровалютадағы облигациялар. Олар өте сенімді қаржылық құралдар санатына жатады.

ЕУРОПА ОРТАЛЫҚ БАНКІ – 1992 жылы Еуропалық орталық банктерінің жүйесінің пайда болуына байланысты құрылған. Еуропалық орталық банкі банктік операцияларды атқарумен қатар, Еуропалық одақ (ЕО) мүшесі болып табылатын елдердің биліктеріне міндетті жә қосымша кеңес берумен айналысады.

Ж

ЖАБЫҚ АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ – акциялар, оның құрылтайшылары және алдын ала белгіленген тұлғалар тобы арасында орналастырылған акционерлік қоғам. Жабық акционерлік қоғам өздері шығарған акцияларды тек жабық әдіспен орналастыруға құқылы.

ЖАБЫЛҒАН АККРЕДИТИВ – банк-эмитент аккредитив сомасын төлеушінің есебінен аударуға міндетті болатын, не ұсынылған несиені міндеттеменің әрекет ету мерзімінде орындаушы банктің билігіне аудару міндеті.

ЖАЙ СЕРІКТЕСТІК - жай серіктестік Қазақстан Республикасының заңы бойынша бірлескен қызмет туралы шарт негізінде құрылады. Бірлескен қызмет туралы шарт (жай серіктестік шарты) бойынша тараптар табыс табу

немесе заңға қайшы келмейтін өзге де мақсатқа қол жеткізу үшін бірлесіп әрекет жасауға міндеттенеді. Жай серіктестік азаматтардың, азаматтар мен заңды тұлғалардың арасында жасалады. Жай серіктестік қатысушыларының бірлескен қызметі туралы шартқа байланысты міндеттемелері, егер бірлескен қызмет туралы шартта өзгеше көзделмесе, үшінші жақтар алдында ортақ болып табылады. Бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушылардың ортақ істерін жүргізу олардың жалпы келісімі бойынша жүзеге асырылады. Шартқа қатысушылардың ақшалай немесе өзге де мүліктік жарналары, сондай-ақ олардың бірлескен қызмет нәтижесінде жасалған немесе сатып алынған мүлік олардың ортақ үлесті меншігі болып табылады.

ЖАЛҒА БЕРУ, АЛУ – жалгерлік шаруашылықты жүргізудің нысаны. Жалға беру мен алу түрлері: 1) азаматтық құқықта – екі адамның бір-біріне мүлікті уақытша жалға беруі; 2) мемлекеттік құқықта – жер иесінің жерді басқа біреуге (жалға алушыға) ортақ, тең, үстеме және т.б. шартпен пайдалануға беруі; 3) халықаралық құқықта – бір мемлекеттің екінші мемлекетке өзінің жер аумағынан белгілі бір аумақты төлем алып пайдалануға беруі.

ЖАЛҒА БЕРУШІ – мүлікті жалдау шартындағы жалға алушыға мүлікті ақы төлеп уақытша иеленуге және пайдалануға беруші тұлға. Жалға беруші болып меншік иесі немесе кез келген уәкілдік берілген тұлға бола алады.

ЖАЛҒАН БАНКРОТТЫҚ - коммерциялық ұйым басшысының немесе меншік иесінің, сол сияқты жеке кәсіпкердің несие берушілерге тиесілі төлемдерін кейінге қалдыру немесе бөліп-бөліп төлеу немесе борышын азайту, сол сияқты борышын төлемеу үшін, несие берушілерді жаңылыстыру мақсатында өзінің дәрменсіздігі туралы көпе-көрінеу жалған хабарлауы. Қазақстан Республикасының Қылмыстық заңымен жалған банкроттық экономикалық қызмет саласындағы қылмыс болып танылады және егер бұл әрекет ірі зиян келтірсе, кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 217 бабымен қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

ЖАЛҒАН КӘСІПКЕРЛІК – кәсіпкерлік немесе банктік қызметті жүзеге асыру ниетінсіз, несие алу, салық төленуден босатылу, өзге де мүліктік пайда алу немесе тыйым салынған қызметті жасыру мақсатында азаматқа, ұйымға немесе мемлекетке ірі зиян келтірген коммерциялық ұйымды құру. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 192 бабына сәйкес жалған кәсіпкерлік экономикалық қызмет аясындағы қылмыс болып табылады.

ЖАЛҒАН ЭКОНОМИКА – экономика саласындағы құқыққа қайшы қатынастардың ерекше нысаны; жалған нәтижелерді статистика жүйесінде шынайы нәтижелер ретінде беретін ресми экономика.

ЖАЛДАУ ШАРТЫ – азаматтық құқықтық шарттың бір түрі. Шарт бойынша жалға беруші жалға алушыға мүлікті ақы төлеп уақытша иеленуге және пайдалануға беруге міндеттенеді. Мүлік жалдау шартының объектілері болып тұтынылмайтын заттар анықталады, яғни оларды пайдалану процесінде өздерінің табиғи қасиеттерін жоймайтын, соынмен қатар басқа да мүліктер; мәселен, кәсіпорындар, жер учаскелері, үйлер, ғимараттар, жабдықтар, көлік құралдары. Жалға алушының жалға берілген мүлікті пайдалану процесінде тапқан табысына өзінің меншік құқығы бар. Мүлік

жалдау шартында жалға алушыға мүлікті жалдау объектісі ретінде берілуге тиесілі мүлікті анықтауға мүмкіндік беретін деректер көрсетілуі тиіс. Егер тараптардың біреуі заңды тұлға болса немесе мүлік жалдау шарты бір жылдан астам мерзімге жасалса, онда ол жазбаша нысанда жасалуы тиіс. Қозғалмайтын мүлікті жалдау шарты, егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, мемлекеттік тіркеуге жатады. Азаматтар арасындағы бір жылға дейінгі мерзімге жасалған шарт ауызша нысанда жасалуы мүмкін. Мүлік жалдау шарты шартта белгіленген мерзімге жасалады, егер мүлік жалдау шарты мерзімі көрсетілмей жасалса, ол белгісіз мерзімге жасалды деп есептеледі.

ЖАЛПЫ АДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – халықаралық құқық нормаларымен бекітілген адамның табиғи және ажырамайтын құқықтары мен бостандықтары. Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады. Олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады. Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге де жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды. Жалпы адамзаттық қағидалар мыналар: әркімнің өмір сүруге құқы бар; ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ; әркімнің өзінің жеке басының бостандығына құқы бар; адамның қадір қасиетіне қол сұғылмайды; әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар.

ЖАЛПЫ АҚШАЛАРҒА ТӘН ҚЫЗМЕТТЕР – 1) құн өлшемі; 2) төлем құралы; 3) айналым құралы; 4) қазына жинақтау құралы; 5) дүниежүзілік ақшалар.

ЖАРҒЫ – заңды тұлға қызметін, оның басқа да тұлғалармен қатынастарын реттейтін құжат. Заңды тұлға өз қызметін, егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, жарғы не құрылтай шарты мен жарғысы негізінде жүзеге асырады.

ЖАРҒЫЛЫҚ КАПТАЛ – заңды тұлғаның өз қызметін жүзеге асыру мақсатында қалыптастырылатын құрылтайшылардың мүліктік (ақшалай) және басқа да жарналарының (үлестерінің, салымдарының) жиынтығы. Коммерциялық ұйымдар үшін жарғылық капиталдың төменгі мөлшері заң актілерімен белгіленген. Мысалы, жабық акционерлік қоғам жарғылық капиталының төменгі мөлшері 100 айлық есептік көрсеткіштен кем болмауы тиіс, ал ашық акционерлік қоғамда 5000 айлық есеп көрсеткіштен кем болмауы қажет және т.б.

ЖАРИЯ ОФЕРТА – бір немесе нақты тараптарға жасалған ұсыныс. Егер ол жеткілікті дәрежеде айқын болып ұсыныс жасаған тараптың ол қабылданған жағдайда өзін сонымен байланысты деп есептеу жөніндегі ниетін көрсету. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 395-бабына сәйкес, офертада елеулі ережелері немесе оларды анықтау тәртібі көрсетілуі керек. Егер офертаны қайтарып алу туралы хабар офертаның өзінен бұрын немесе онымен қатар келсе, оферта алынбаған болып есептеледі. Егер офертаны

қайтарып алу туралы хабар офертаның өзінен бұрын немесе онымен қатар келсе, оферта алынбаған болып есептеледі. Жарнама және беймәлім адамдар тобына жіберілген өзге де ұсыныстар, егер ұсыныста тікелей өзгеше көрсетілмесе, оферта жасауға шақыру ретінде қаралады. Ұсыныс жасаушы тараптың кез келген хабарлаушысымен ұсыныста көрсетілген жағдайларда шарт жасау еркі көрінетін, шарттың барлық елеулі ережелері бар ұсыныс оферта деп танылады.

ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІК – бір немесе бірнеше тұлға құрған, жарғылық капиталы құрылтай құжаттарымен белгіленген мөлшерде үлеске бөлінген серіктестік. Жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушылар оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және серіктестіктің қызметіне байланысты залалдарға өздерінің қосқан салымдарының құны шегінде тәуекел етеді.

ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛІК – азаматтардың заңды тұлға құрмай-ақ пайда табуға бағытталған, өз атынан және өз тәуекелі мен мүліктік жауапкершілігі негізінде жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызмет.

ЖЕКЕ МЕНШІК – азаматтардың және мемлекеттік емес заңды тұлғалар мен олардың бірлестіктерінің меншігі. Қоғамдық меншік, соның ішінде діни бірлестіктер меншігі жеке меншіктің ерекше түрі болып табылады. Заң құжаттарына сәйкес азаматтарға немесе заңды тұлғаларға тиесілі бола алмайтын жекелеген мүлік түрлерінен басқа кез келген мүлік жеке меншікте болуы мүмкін. Жеке меншікте болатын мүліктің саны мен құны шектелмейді. Жеке меншіктегі дүние-мүліктер өндіргіштік мәні бар және өндіргіштік мәні жоқ иеліктерден тұрады. Өндіргіштік мәні бар иеліктерге қозғалмайтын дүние-мүліктер жатады, ал өндіргіштік мәні жоқ иеліктерге дүние-мүлік емес байлықтар, яғни зияттық (интеллектуалдық) игіліктер жатады.

ЖЕКЕ ТҮЛҒА - құқықтық қатынастарда субъективтік құқықтар мен заңды міндеттердің сақтаушысы болып көрінетін жеке адам (заңды тұлға). Қазақстан Республикасының азаматтары, басқа мемлекеттердің азаматтары, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдары жеке тұлғалар болып ұғынылады.

ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ - мемлекеттік мүлікті жеке тұлғалардың, мемлекеттік емес заңды тұлғалардың және шетелдік заңды тұлғалардың меншігіне мемлекеттің еркі арқылы арнайы рәсімдер шеңберінде сату; ақылы немесе ақысыз негізде мемлекет мүлкін жеке адамның немесе ұйымның меншігіне беру. Қазақстанда жекешелендіру процесі 1992 жылдары басталды. Жекешелендіруді Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің жекешелендіру Департаменті жүзеге асырады.

ЖЕМҚОРЛЫҚ – лауазымды тұлғалардың сеніп тапсырылған құқықтар мен өктем өкілеттіліктерді жеке баю мақсатында пайдалануынан тұратын саясат немесе мемлекеттік билік аясындағы қылмыстық әрекеттері. Жемқорлықтың кең тараған көріністері - қоғамдық-саяси қайраткерлерді және шенеуніктерді сатып алу, игіліктер мен жеңілдіктерді заңды және заңсыз берудегі паракорлық, протекционизм – қызметкерлерді туысқандық, жерлестік, өзіне берілгендік және жолдастық қарым-қатынас белгілеріне қарай көтермелеу.

Жемқорлық көлеңкелі экономиканың дамуының қажетті шарты және негізгі элементі болғандықтан, экономикалық және саяси өмірдің дағдарысының, қоғамдық құлықтылықтың азып-тозуының басты себебі ретінде қарстырылады.

ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ ҚҰҚЫҒЫ – заңдарда белгіленген тәртіпке сәйкес жер қойнауын пайдаланушыға берілген келісім-шарт аумағы шегіндегі жер қойнауына иелік ету және оны пайдалану құқығы.

ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУШЫЛАРДЫҢ МІНДЕТТІ ТӨЛЕМДЕРІ - үстеме пайда салығы; қол қойылатын және коммерциялық табу бонустары; роялти; өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі.

ЖЕР ПАЙДАЛАНУ ҚҰҚЫҒЫ – тұлғаның мемлекеттік меншіктегі жер телімін өтеулі және (немесе) өтеусіз негізде мерзімсіз немесе белгілі бір мерзім ішінде иелену және пайдалану құқығы.

ЖЕРГЕ БИЛІК ЕТУ ҚҰҚЫҒЫ – жердің және жеке меншік иесінің өз жер теліміне қатысты заң актілерінде тыйым салынбаған мәмілелер жасауының заңдық тағдырын мемлекет анықтауының заң арқылы қамтамасыз етілген мүмкіндігі.

ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТТЕР – заң жүзінде белгіленген және кірістері тұрақты түрде және реттеуші кірістер ретінде белгіленген түсім көздері есебінен қалыптастырылатын, тиісті маслихаттардың шешімімен бекітілетін әкімшілік-аумақтық құрылымдардың (облыстардың, аудандардың, республикалық және облыстық маңызы бар қалалардың, қалалардың, қалалардағы аудандардың) ақша қорлары.

ЖИНАҚ КАССАСЫ - жинақ салымдары түрінде халықтың ақшалай қаражаттарын тарататын және оларға пайыз төлейтін несиелік мекеме.

ЖИНАҚ САЛЫМЫ - тұтыну заттарын сатып алу үшін және өзге мақсаттарға арналған банктердегі халықтың жинақтары. Жинақ салымдары жинақ кітапшалары негізінде пайдаланылады.

ЖИНАҚ СЕРТИФИКАТЫ - жеке тұлғаның банкке салған қаражатын куәландыратын және оған салым мерзімінің өтуіне қарай банктен немесе оның филиалдарынан салған салым сомасы мен сыйақы мөлшерлемесін алуға құқық беретін бағалы қағаз.

ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ - Қазақстан Республикасының заңымен анықталған тәртіпте зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдер бойынша, сонымен қатар зейнетақы активтерін инвестициялық басқару бойынша қызметін жүзеге асыратын заңды тұлға.

ЖИРОЦЕНТРАЛИ - коммуналдық, жинақ кассалары үшін Орталық банктердің қызметін атқаратын несиелік мекемелердің бір түрі. Жироцентралілер Германияда кеңінен тараған.

ЖИРОЧЕК - чек ұстаушының шотына белгілі бір соманы чек берушінің жирошотынан аударуы туралы банкке берген бұйрығынан тұратын чек. Жирочек бір банкте жирошоты бар чек беруші мен чек ұстаушының арасында ақшасыз есеп айырысу үшін пайдаланады.

ЖИЫНТЫҚ АҚША АЙНАЛЫМЫ - компанияның операциялық, инвестициялық және қаржылық қызметтерінен түсетін ақша ағымдарының сомасы.

ЖОБАНЫ БАҒАЛАУ - қандай да бір жобаның (мысалы, инвестициялық) тиімділігі туралы сарапшының немесе бағалаушының ғылыми негізделген пікірі. Жобаны бағалау барысында оның экономикалық тиімділігі анықталады.

ЖОЛ ЧЕГІ - туристік сапарларда қолданылатын төлем құралы. Жол чегін жергілікті жердегі коммерциялық банктерден сатып алады. Сөйтіп, шетелге туристік сапарға баратын чек иесі, ол чектің көмегімен өзінің қаражатын алып шығып, қажет болған жағдайда кез келген шетелдік банкте оны қолма-қол ақшаға айналдыра алады.

ЖОЙЫЛУ ҚАЛДЫҒЫ - банк, кәсіпорынның барлық активтерін жүзеге асырғаннан кейін, жойылуға жататын және қарыздарды жауып, акционерлермен есеп айырысудан қалған сома.

ЖҰМЫССЫЗДЫҚТЫ САҚТАНДЫРУ - уақытша жұмыссыз қызметкерлерге ақша төлеуді қамтамасыз ететін бағдарлама.

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП - бір жылдың қорытындысы бойынша жасалатын бухгалтерлік баланс, пайда мен зиян туралы есебі, жыл ішіндегі қаржылық жағдайдың өзгерісі туралы есеп және аудиторлық қорытындыдан тұратын қаржылық есеп.

ЖЫЛДЫҚ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС - заңды тұлға-резиденттің жылдық жиынтық табысы салық кезеңі мерзімінде, оның Қазақстан Республикасында және оның аумағынан тыс жерлерде алуға тиіс (алынған) табыстарынан тұрады.

ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЖОСПАРЫ - бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы бойынша бюджеттік бағдарламалардың (ішкі бағдарламалардың) жылдық түсімдер көлемімен теңдестірілген жылдық қаржыландыру көлемін айқындайтын құжат.

ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІКKE САЛЫНАТЫН САЛЫҚ - иесінің қайда тұратынына байланысты салық заңнамасына сәйкес мүлікке салынатын салық. Ол мүліктің нарықтық құнынан алынады.

ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІКТИҢ НАРЫҚТЫҚ ИНДЕКСІ - бос (қамтылмаған) алаңдардың нормасын, оның мезгіл бойынша, әр түрлі жағрафиялық нарықтық аймақтар бойынша, сондай-ақ құрылымдық сипаттамалар бойынша өзгерісін анықтайтын индекс.

3

ЗАЕМ – заем шарты бойынша бір тарап (заем беруші) басқа тараптың (заемшының) меншігіне (шаруашылық жүргізуіне, оралымды басқаруына) ақша немесе тектік белгілерімен айқындалған заттарды береді, ал Азаматтық кодексте немесе шарта көзделген жағдайларда оларды беруге міндеттенеді, ал заемшы заем берушіге дәл осындай ақша сомасын немесе осы тектегі және сападағы заттардың тең мөлшерін уақытында қайтаруға міндеттенеді. Заңды тұлғалар мен азаматтарға кәсіпкерлік қызмет ретінде азаматтардан заем

түрінде ақша тартуға тыйым салынады және мұндай шарттар олар жасалған кезден бастап жарамсыз деп танылады.

ЗАЛАЛ - заңды тұлғаның өндірістік және оны өткізу шығындарының артуы нәтижесінде материалдық және ақша ресурстарының жоғалуы; тиімсіз шаруашылық жүргізу, баға белгілеудің жетімсіздігі нәтижесінде шығындардың кірістерден артық болуы.

ЗАЛАЛДЫ ЭКСЦЕДЕНТ - пропорционалды емес қайта сақтандырудың түрі. Егер залалдығы келісімшартта көрсетілген пайыздан немесе мөлшерден асып кеткен жағдайда, сақтандырудың белгілі бір түрі бойынша сақтандыру бизнесінен өтудің жалпы нәтижесін қорғайды.

ЗАЛАЛДЫ ЭКСЦЕДЕНТТІ ҚАЙТА САҚТАНДЫРУ - нақты бір сақтандыру түрі бойынша залал деңгейі келісілген деңгейден аспайынша, сақтандырушы барлық залалды өзі өтейді деп тұжырымдайтын пропорционалдық емес қайта сақтандырудың түрі. Егер жыл ішінде залал деңгейі асып кеткен жағдайда, қайта сақтандырушы сақтандырушыға залал деңгейін келісілген деңгейге дейін төмендетуге қажетті соманы өтеді. Келісімшарт әдетте, қайта сақтандырушының, жауапкершілігін шектеуді қарастырады.

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРҒА СУБСИДИЯЛАР - мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық бірлестік болып табылмайтын заңды тұлғаларды өтеусіз және қайтарымызсыз негізде қаржыландыру.

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРІ - филиал, өкілдік және басқа да ерекшеленген құрылымдық бөлімшелер.

ЗАТҚҰЖАТ - тауар-материалдық құндылықтарды босату және қабылдау жөніндегі операцияларды ресімдеуге арналған бастапқы бухгалтерлік құжат.

ЗАТТАЙ НОРМА - қажетті материалдық және материалдық емес игіліктерді тұтынудың немесе пайдаланудың заттай көрсеткіштері. Бұл нормаларды қолдану бюджетті жоспарлау мен атқару кезінде міндетті болып табылады. Оны орталық, мемлекеттік органдар әзірлейді және Үкімет бекітеді.

ЗЕЙНЕТАҚЫ - азаматтардың зейнетақы жасына жеткен кезде, сондай-ақ мүгедек болған немесе асыраушысынан айрылған кезде, мемлекет алдында сіңірген ерекше еңбегі үшін мемлекеттен немесе бұрынғы жұмыс берушісінен тұрақты түрде алатын ақшалай табысы.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ - міндетті зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын және ерікті кәсіби жарналарын, инвестициялық табыс және басқа да түсімдерді қосқанда жеке зейнетақы шотындағы салымшының ақшалары.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫНЫҢ НАҚТЫ ҚҰНЫ - Қазақстан Республикасының статистика органдарымен есептелген тұтынушылар құнының индексіне қарай түзетілген зейнетақы жинақтамаларының номиналды құны.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРДІ АЛУШЫ - Орталықтан зейнетақы төлемдерді алатын немесе жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар жеке тұлға.

ЗЕЙНЕТАҚЫЛЫҚ АННУИТЕНТ КЕЛІСІМШАРТЫ - бұл келісімшарт бойынша сақтанушы сақтандыру ұйымына зейнетақы жинақ сомасын беруге міндеттенеді, ал сақтандыру ұйымы белгілі бір уақытқа немесе өмір бойына сақтанушы пайдасына сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға міндеттенеді.

ЗЕЙНЕТАҚЫНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ КЕЛІСІМШАРТЫ - біріншіден, жинақтаушы зейнетақы қорымен және екіншіден, салымшы мен алушының арасында жасалынатын зейнетақы жарналар, жинақтар мен төлемдерді алумен байланысты құқықтық қатынастардың бекітілуі, өзгеруі немесе тоқтатылуы жөнінде келісімшарт.

И

ИКЕМДІ БАҒА САЯСАТЫ - ұсыныс пен сұраныс арақатынасы өзгерісіне кәсіпорынның жылдам бағаға икемделу тәжірибесін қолдану.

ИМПОРТ - ел шекарасына шет мемлекеттерден тауарлар, технологиялар, капитал және қызметтер енгізу.

ИМПОРТТЫҚ БАЖ - мемлекеттің импортталған тауарлардан алатын және мемлекеттік бюджеттің кірісіне түсетін кеден бажы.

ИМПОРТ БАЖЫНА ҮСТЕМЕ - төлем балансының жай-күйін реттеу үшін, кейде қазыналық немесе саяси мақсатта әкелінетін тауарларға салынатын бажды уақытша көбейту.

ИМПРИНТЕР - банктік карточкалардың өзіне тән белгілерінің түпнұсқасын қағаздан жасалған құжатқа көшіруге арналған механикалық құрылым.

ИНВЕСТИЦИЯ - пайда табу мақсатында өз елінде немесе шет елде әр түрлі саланың кәсіпорындарына, кәсіпкерлік жобаларға, экономикалық-әлеуметтік бағдарламаларға, инновациялық жобаларға, ұзақ мерзімге жұмсалынатын мемлекеттік немесе жеке капитал.

ИНВЕСТИЦИЯЛАУ ПРОЦЕСІ - бұл көп қырлы, күрделі көптеген факторлар әсер ететін ғылыми және тәжірибелік мәні бар процесс. Тәжірибелік жағынан қарағанда инвестициялық қызметке және инвестицияның тиімділігіне әсер ететін факторлар инвестициялық саясат пен инвестициялық процесті тиімді басқару үшін қажетті тұжырымдардың негізі болады.

ИНВЕСТИЦИЯЛАУ - табыс алу мақсатында кәсіпкерлік қызмет объектілеріне салынатын мүліктік және интеллектуалдық құндылықтардың барлық түріне қаржы жұмсау.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ АХУАЛ - елдің экономикасына ішкі және сыртқы инвестициялардың ағылуына ықпал етуші экономикалық, саяси және қаржылық жағдайлар. Қолайлы инвестициялық ахуал саяси тұрақтылықпен, заңдық базаның болуымен, тиімді салықтар мен инвесторларға жасалатын жеңілдіктермен сипатталады.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАНК - ірі жобаларға күрделі қаржы жұмсау, ұзақ мерзімді несиелер беру және өндірістік корпорациялардың акцияларын сатып алу арқылы инвестициялық саясатты жүргізетін маманданған банк. Инвестициялық банктің ресурстары облигациялар шығару және меншікті акцияларын сату есебінен құрылады. Инвестициялық банктердің басты

ерекшелігі олар халықтан салым салуға маманданбайды. Қазақстан Республикасындағы инвестициялық банкке Қазақстан Даму банкінің жатқызуға болады. Оның қызметі — Қазақстан Республикасы Үкіметінің бағдарламасына енген ірі жобаларға ұзақ мерзімді несиелер беру болып табылады.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБА - алға қойған мақсатқа жету үшін қандай да бір жобаға капитал жұмсаумен байланысты жасалатын ұйымдастыру-экономикалық шешімдердің жүйесін білдіреді. Инвестициялау объектілерді мынадай белгілеріне байланысты жіктейді: а) жобаның көлеміне қарай: шағын жобалар (10-15 млн долларға дейінгі мөлшерде капитал жұмсауды қажет ететін, еңбек шығыны - 40-50 адам-сағаттық жобалар); ірі жобалар (капитал жұмсалымы - 1 млрд доллар және одан жоғары, еңбек сыйымдылығы - 2 млн адам-сағат); орта жобалар, яғни шағын және ірі жобалардың арасында болатын жобалар; о) іске асыру мерзіміне қарай: қысқа мерзімді жоба (1 жылға дейін); орта мерзімді жоба (1 жылдан 5-7 жылға дейін); ұзақ мерзімді жоба (5 жылдан жоғары); б) тәуелсіздік дәрежесіне қарай: әр түрлі жоба (бірдей іске асатын және соның ішінде, біреуін таңдауды қажет ететін); өзара байланысты жоба (бірі бірінсіз іске асырылмайтын жобалар); өзара тәуелсіз жоба (бірінің жүзеге асуы екіншісіне қарама-қайшылық тудыратын және өзара байланыссыз жобалар). Шағын жоба - өндірісті кеңейту және шығарылатын өнім түрлерін арттыру жоспарын білдіреді. Ірі жоба - ішкі және сыртқы нарықтағы сұранысты қамтамасыз ету үшін қажетті өнеркәсіп өнімдерін шығару жоспары. Орта жоба - өндірісті қайта құру немесе техникалық жағынан қайта қаруландыру жоспары.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАНЫ ӘЛЕУМЕТТІК ТАЛДАУ - жоба іске асқан жағдайда жобаның тұрғылықты халықтың өміріне қалай әсер ететініне талдау жүргізу.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАНЫ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ТАЛДАУ - экономикалық талдаудың ерекше бөлігі ретінде жобаның ұсынатын өнімдеріне ақырғы тұтынушылар тұрғысынан баға беруді көздейді, оның негізгі міндеті мынадай: маркетинг қызметін бағалау, ресурстар көздерін іздестіру және оларды игеру шарттары, өнімді өндіру және сату шарттары.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАНЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ТАЛДАУ - инвестициялық жобаларды таңдау барысында қаржылық көрсеткіштерді пайдалана отырып, жобаның инвестициялық тиімділігін анықтау шаралары.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАНЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ТАЛДАУ - техникалық талдау негізінде мынадай міндеттер шешіледі: техника-технологиялық бағдарламалар, орналасу варианттары, жобаның ауқымы, жобаның іске асырылу мерзімі және кезеңдері, шикізат кездерінің, жұмыс күші және басқа ресурстардың жеткіліктігі, жоба өнімдері үшін нарықтық сыйымдылығы, көзге көрінбейтін шығындарды ескере отырып, жобаға кететін шығындарды анықтау, жобаның кестесін даярлау.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ТАЛДАУ - жобаны іске асырудың ұйымдастырушылық- құқықтық, әкімшілік және саяси ортаға әсерін сондай-ақ мемлекеттік ұғымдардың талаптарына әсерін талдау.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАНЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ - жоба іске асқан жағдайда оның қоршаған ортаға тигізетін әсерін талдау.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАНЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАЛДАУ - жобаның іске асырылуына байланысты туындайтын шығындар мен жобаның нәтижелерін тікелей өлшеп салыстыруға мүмкіндік беретін сызбаларды жасау жолымен инвестициялық жобаның тиімділігі туралы шешім қабылдау.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КОМПАНИЯЛАР - өзінің бағалы қағазын шығару арқылы жеке инвесторлардың ақша қаражаттарын шоғырландырып, оларды өз елінің және шетелдік кәсіпорындардың акция, облигациясына орналастыратын несие-қаржы институттарының бір түрі.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОР - компанияның басқа компанияның бағалы қағаздарына салған капиталы. Ашық және жабық сипатта болады. Жабық сипатты қорда компанияның тұрақты капиталы болады (мұндай қор бір-ақ рет шығарылады және кейін шығарылмайды, еркін айналыста болады); ашық сипатты қорда компания үнемі жаңа акция сатады, ескісін сатып алады, түсімін басқа компаниялардың бағалы қағаздарына жұмсайды.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЖЫН - инвестициялық инвесторлардың немесе инвесторлардың сатып алған бағалы қағаздарының жиынтығы. Инвестициялық қоржын корпорациялардың, компаниялардың бағалы қағаздарына салынған меншікті инвестициялардан және екінші реттегі резервтер ретінде мемлекеттің бағалы қағаздары түріндегі өтімді активтерден құрылуы мүмкін.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ - 1) инвестициялауды жүзеге асыру процесімен байланысты кәсіпкерлік қызмет түрі; 2) инвестициялық жобаларға қаражат немесе капитал жұмсау, сондай-ақ инвестициялық бағдарламалар мен жобаларды іске асыруға байланысты іс-тәжірибелік әрекеттердің жиынтығы.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ОБЪЕКТІСІ - инвестициялық қызметтің объектілеріне экономиканың барлық салаларындағы жаңадан құрылған және жаңғыртылған негізгі қорлар мен айналым құралдары, бағалы қағаздар, мақсатты ақшалай салымдар, ғылыми-техникалық өнімдер, интеллектуалдық құндылықтар, меншіктің басқа да құндылықтары, сондай-ақ мүліктік құқықтары жатады.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ СУБЪЕКТІСІ - инвестициялық қызмет субъектілеріне заңды және жеке тұлғалар соның ішінде, шетелдік тұлғалар, мемлекет және халықаралық ұйымдар жатады. Инвестициялық қызмет субъектілерін мынадай категорияларға бөліп қарастыруға болады: инвесторлар (қаражат салушылар), соның ішінде, салымшылар, тапсырыс берушілер, несие берушілер, сатып алушылар; мердігерлер, жабдықтаушылар, мемлекет, халықаралық қаржы-несие ұйымдары.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ МЕХАНИЗМ - елдің экономикалық және әлеуметтік дамуын қамтамасыз ететін инвестиция түрлерін, инвестицияны

қаржыландыру және несиелеу көздері мен әдістерін, инвестициялық нарықтың қызмет етуіне қажетті нормативтік-құқықтық актілермен қамтамасыз ету, сондай-ақ инвестициялық тәуекелді басқарудың элементтерін қамтитын экономикалық механизмнің құрамдас бөлігі.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ САЛЫҚТЫҚ НЕСИЕ - салық органдарының немесе мемлекеттік билік органдарының кәсіпорын жаңа өндіріс құрал-жабдығын сатып алған жағдайда, салық төлемінің несиесі (қайтарымсыз) негізінде мерзімін ұзарту түріндегі салық жеңілдігінің нысаны. Салықтық несиесі кәсіпорынның меншікті қаражаттарын экономикаға инвестициялаудың нақты шарттарын сақтаған жағдайда ғана беріледі.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ САЯСАТ - 1) инвестициялық қызметті жандандыру экономиканы дамыту, өндірістің тиімділігін арттыру және әлеуметтік мәселелерді шешу мақсатында барлық шаруашылық субъектілері үшін қолайлы жағдай жасауға байланысты мемлекеттік шараларының жиынтығы; 2) негізгі құралдарды жаңарту және олардың техникалық деңгейін арттырудың қажеттігін ескере отырып, оларға қажетті күрделі қаржының ауқымын анықтап, тиімді пайдалануға байланысты мемлекет пен кәсіпорындардың жүргізетін экономикалық және әлеуметтік саясаттың құрамдас бөлігі.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАРТЫМДЫЛЫҚ - инвестицияның тиімділігі инвестициялық тартымдылығынан туындайды, ал инвестициялық тартымдылық инвестициялық қызметтен туындайды. Инвестициялық тартымдылық макродеңгейде ұлттық экономиканы дамыту мақсатында шетелдік инвестицияларды тиімді тарту және мемлекет пен шаруашылық субъектілерінің шарттары экономикалық, құқықтық, саяси, әлеуметтік және т.б., жағдайларымен түсіндіріледі.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҰСЫНЫС - инвестициялық жобаның мақсатын, оған жету жолдарын көрсететін және жетілдіру үшін одан әрі іріктеуді жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін инвестициялық жоба тұжырымдамасы.

ИНВЕСТИЦИЯНЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ӘДІСТЕРІ - инвестициялық процесті қаржыландыру мақсатында инвестициялық ресурстарды тарту механизмі болып табылады және олардың түрлері: өзін-өзі қаржыландыру, акция эмиссиясы, несиелік қаржыландыру, лизинг, аралас қаржыландыру, жобалық қаржыландыру болып бөлінеді.

ИНВЕСТИЦИЯНЫҢ ТАБЫСТЫЛЫҒЫ - инвестицияға жұмсалған әрбір ақша бірлігіне келетін табысты есептеуді сипаттайды. Инвестицияның табыстылығын жобаны іске асыруда шешім қабылдау барысында оған салыстырмалы түрде баға беру үшін қолданылады.

ИНВЕСТИЦИЯНЫҢ ТИІМДІЛІГІ - инвестицияның тиімділігі дегеніміз бір теңге инвестицияның экономикалық немесе әлеуметтік нәтижесін алумен түсіндіріледі. Жалпы тиімділік көрсеткіштеріне мыналар жатады: коммерциялық тиімділік, бюджеттік тиімділік, экономикалық тиімділік.

ИНВЕСТОР - инвестициялық қызметті жүзеге асырушы заңды немесе жеке тұлға. Инвестордың екі түрі болады: институционалдық және қарапайым

инвестор. Институтционалдық инвесторларға қаржы-несие институттары жатса, қарапайым инвесторларға халық немесе үй шаруалықтары жатады.

ИНДЕКСАЦИЯЛАУ - ақшаның құнсыздануы нәтижесінде халықтың және кәсіпорынның шеккен зияндарының толық немесе жартылай орнын толтыру. Индексациялау зейнетақы, степендия, еңбекақы және ең төменгі әлеуметтік кепілдемелерді қайта қарауды білдіреді.

ИНДОССАМЕНТ - бір тұлғадан (индоссанттан) екінші бір тұлғаға (индоссатқа) аударып құқық беретін, вексельдің, чектің, коносаменттің және кейбір бағалы қағаздардың келесі бетінде жазылатын аударып жазу. Индоссамент атаулы, ордерлі немесе бланктік болуы мүмкін.

ИНДОССАНТ - вексельдің келесі бетінде аударып жазуды жүзеге асыратын және сол арқылы вексель бойынша құқықты өзгеге беретін тұлға.

ИНДОССАТ - аударып жазу арқылы вексель бойынша құқықты алатын тұлға.

ИНКАССАЛЫҚ ӨКІМ - заң актілерінде көзделген жағдайда ақшаны жөнелтушінің келісімінсіз, оның банктік шотынан ақшаны алу үшін пайдаланылатын төлем құжаты.

ИНКАССАТОР - банктің кассасынан ақшаларды кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің кассаларына жеткізуші, сондай-ақ олардың кассаларындағы ақшалай түсімдерді жинап, банкке өткізуге күзіретті лауазымды тұлға.

ИНКАССАЦИЯЛАУ КОЭФФИЦИЕНТІ - берілген кезеңнің инкассациялау коэффициенті — ағымдағы кезеңде ерте түсірілген өнімнің төлеу бөлігі. Инкассациялау коэффициенті ағымдағы уақыт кезеңіндегі дебиторлық қарызды өтеудің қарқыны. Мысалы, өнім түсірілген ағымдағы айда жалпы соманың 60% төленген, ал келер айға - 30%. Бұл дегеніміз, бірінші айдың инкассациялау коэффициенті - 0,6 тең, ал екінші - 0,3.

ИНКАССО - банк клиенттің тапсырмасы бойынша төлеушіден төлемді немесе төлемге беретін келісімді алуға міндеттеме алатын банктік операцияның түрі. Инкассо - қалааралық есеп айырысудың біршама тиімді формасы, өйткені ол жабдықтаушы мен төлеуші үшін қолайлы: жабдықтаушы үшін тиімділігі, төлеушіден ақшаны алып, оны жабдықтаушының шотына есепке алу міндетін банк өзіне алса, ал төлеуші үшін тиімділігі, ол төлемде өзі бақылау жасайтындықтан да, оның төлеуден толық немесе жартылай бас тарту мүмкіндігі бар. Инкассоның кемшілігі - өнімді жөнелту және ол үшін төлемді алу арасындағы уақыт аралығында біршама үзіліс болады, сол себепті осы алшақтық қосымша заемдық қаражаттарды талап етеді.

ИНКАССО ОПЕРАЦИЯЛАРЫ - сыртқы сауда келісімі бойынша есеп айырысу түрі, экспортшы өз банкісіне импортшыдан берілген тауар үшін белгілі мөлшерде валюта алуды тапсырады.

ИНКАССО ТАПСЫРМАСЫ - кәсіпорындар мен ұйымдарға қаржыны шығынға даусыз жатқызу құқығы берілетін жағдайларда олар толтыратын құжаты. Инкассо тапсырмасымен бірге банкіге қаржының шығынға жатқызылғаны жөніндегі түпнұсқа құжаттар немесе олардың көшірмелері

беріледі. Инкассо тапсырмасын төлемдер кезектілігінің ережелерін сақтай отырып толық сомасында, сондай-ақ қаржының жинақталуына қарай ішінара жүзеге асыруға болады.

ИННОВАЦИЯ - сақтандыруда, қаржы нарығында, банк ісінде, бюджет процесінде, бизнестегі қаржыда, мемлекеттік қаржы саласында, денсаулық, сақтауда, білім беруде, мәдениетте, ғылымда, құқықтық қатынастарда, әлеуметтік-экономикалық облыстардағы, өндірістік және өндірістік емес саладағы жаңалық. Бұл терминді 1934 жылы австрия және американдық экономист И.Шумпетер (1883-1950) енгізген.

ИНСАЙДЕР - жалпы халыққа қолжетімсіз, ішкі қызметтік ақпараттарды, құпиялы мәліметтерді білетін, компанияның ішінде жұмыс жасайтын немесе компанияның 10% дауысты акциясын иеленетін тұлға.

ИНСПЕКЦИЯЛЫҚ (ШТЕЙ) ҚАДАҒАЛАУ - банктерді орналасқан жерінде тексеру арқылы олардың жағдайлары туралы нақты мәліметтер алуға мүмкіндік беретін банктердің қызметін реттеу әдісі.

ИНТЕГРАЦИЯ - экономикалық субъектілердің бірігуі, олардың өзара әрекеттестігінің, өзара байланыстарының тереңдеуі.

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛАР - интеллектуалдық және рухани өнімдерді жасауға жұмсалатын инвестициялар.

ИНТЕРНЕТ БАНКИНГ - банкке келмей-ақ, Интернет жүйесін пайдалану арқылы клиенттерге банктік операцияларды пайдалануға мүмкіндік беретін банктің электрондық қызметі. Интернет банкинг қызметін заңды және жеке тұлғаларға арналған Интернетті пайдалану арқылы клиенттер мынадай банк қызметін жүзеге асырады: ақшалай аударымдар мен төлемдер жасайды, валютаны сатып алады және сатады, карточкалық шоттарына қаражат сала алады, шоттың көшірмесін алады.

ИНФЛЯЦИЯ - 1) тауар бағасының өсуіне байланысты ақшаның құнсыздануы; 2) айналыстағы қағаз ақшалардың құнсыздануы салдарынан ұлттық валютаның сатып алу қабілетінің төмендеуі; 3) нақты тауарлар ұсынысымен салыстырғанда айналыстағы ақша жиынының шексіз өсуі.

ИНФЛЯЦИЯНЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ - экономика мен ақша айналымын реттеудің негізгі әдістерін үйлестіру жолымен екі немесе бірнеше мемлекеттік инфляцияға қарсы бірлесіп күресу саясаты.

ИПОТЕКА - жер телімшелерін, ғимараттарды, құрылғыларды, пәтерлерді және өзге жылжымайтын мүліктерді кепілге алу.

ИПОТЕКАЛЫҚ БАНК - жылжымайтын мүлікті кепілге алып немесе жылжымайтын мүлікті сатып алуға ипотекалық несиелерді берумен айналысатын, депозиттік емес маманданған коммерциялық банк. Ипотекалық банк ұзақ мерзімді несиелер береді. Банктің ақшалай қаражаттарына бастапқы жарналар, ипотекалық несиені алғысы келетін клиенттердің төлемдері, сондай-ақ банктің меншікті капиталы жатады.

ИПОТЕКАЛЫҚ НЕСИЕ - жылжымайтын мүлікті кепілге ала отырып ұзақ мерзімге берілетін несие. Кепіл затына мыналар жатпайды: мемлекеттік және орман қоры, мемлекеттік шекараға жақын жерлер, заңмен кепілге қоюға тиым салынған жерлер және басқа да объектілер.

ИПОТЕКАЛЫҚ ОБЛИГАЦИЯЛАР - 1) жер телімшесінің кепілдігімен қамтамасыз етілетін компаниялардың облигациялары; 2) ипотекалық несиелерді қаржыландыруға арналған банктердің пайдаланатын облигациялары. Қазақстан Республикасында ипотекалық облигацияларды тек Қазақстан ипотекалық компаниясы айналысқа шығарады.

-К-

КАПИТАЛДАНУ - 1) банктің, банктік емес ұйымдардың, сақтандыру компаниясының немесе қандай да бір басқа ұйымның меншікті капиталын жоғарлату үшін пайданы пайдалану; 2) екінші реттегі нарықтағы акцияның курстық бағасы арқылы акционерлік қоғамның капиталының құнын бағалау акционерлік қоғамның немесе басқа қандай да бір әдіспен алынған бағалауды барынша нарықтық бағасына жақындату.

КАПИТАЛДЫҢ ШЕКТІ ҚҰНЫ - фирмамен қосымша тартылатын капиталдың әр жаңа бірлігінің сомасына капитал құнының орташа өлшенген өсімін сипаттайтын керсеткіш. Капиталдың шекті құнын жүзеге асыру үшін қосымша капиталды қажет ететін бөлек операциялар мен жобалар бойынша пайданың күтілетін нормасымен салыстыру керек. Сонымен қатар, пайданың күтілетін нормасы капиталдың шекті бағасынан жоғары болуы қажет.

КАПИТАЛИЗАЦИЯ НОРМАСЫ - болашақтағы ақша түсімдерін дисконттау үшін жылжымайтын мүліктің ағымдағы құнын бағалауда қолданылатын көрсеткіш.

КАССАЛЫҚ АЛШАҚТЫҚ - қаржы жылы ішінде шығыстар көлемінің бюджетке түсетін түсімдер мен бюджет қаражатының бос қалдықтары көлемінен асып кетуі.

КАССИРДІҢ ЕСЕБІ - кәсіпорын есепшісінің бухгалтерияға беретін есебі. Ол кассалық кітаптың бөлек бетін, сонымен бірге кассалық құжаттың кіріс-шығыс қосымшасын құрайды.

КАССАЛЫҚ МӘМІЛЕ - 1) қор биржаларында бағалы қағаздармен жасалатын операциялардың бір түрі; 2) валюта нарығындағы валюта операцияларының бір түрі; операциялар тікелей келісім жасалғаннан кейін немесе таяудағы 2-3 күннің ішінде орындалады.

КАССАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР - қолма-қол ақшаларды қабылдау, беру және қайта санаумен байланысты банктердің, кәсіпорындардың және фирмалардың операциялары.

КАССАЛЫҚ ОРДЕР - кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелерде қолма-қол ақшаның қабылданып және берілуінің кассалық операциясы рәсімделетін ақша құжаты.

КАСТОДИАН - клиенттің тапсырмасы бойынша құнды қағаздарын сенімгерлік сақтауға қабылдайтын банк, немесе қаржы агенті; сақтаушының қызметінде клиенттің құндылықтарымен сауда-саттық операцияларын жүргізу қарастырылмайды.

КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТЕГІ ЗАЛАЛ - түзетілген жылдық жиынтық табыстан шегерімнің артық болуы.

КӘСПКЕРЛІК ТӘУЕКЕЛ - нарық жағдайындағы нақты бизнеспен байланысты тәуекел. Өндіріс саласында дайын өнімге сұраныс пен бағаның тұрақсыз болуы кәсіпкерлік тәуекелдік тудырады, ал шикізат, энергия сонымен қатар қалыпты массаларды қамтамасыз ете алмау ықтималдығы, пайданың мөлшері мен динамикасының тұрақсыздығы өндірістік тәуекелге алып келеді.

КӘСПОРЫН БАЛАНСЫНЫҢ ӨТІМДІЛІГІ - міндеттерді өтеу мерзіміне сәйкес ақша түріндегі айналым мерзіміндегі кәсіпорынның активтері мен міндеттемелерін жабу дәрежесі ретінде анықталады.

КӘСПОРЫНДЫ ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ТЕКСЕРУ - кәсіпорынның даму болашағын және мәселелерін анықтау мақсатында жүргізілетін қаржы-шаруашылық қызметті тексеру.

КӘСПОРЫНДЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ТАЛДАУ - кәсіпорынның қаржылық жағдайы, оның пайдасы мен шығыны, активтері мен пассивтерінің құрылымының өзгерісі, дебиторлар, кредиторлармен есеп айырысудағы өзгерістер, өтімділік, тұрақтылық туралы объективті сипаттама беретін шешуші параметрлер мен коэффициенттерді зерттеу.

КВАЗИ АКЦИЯ - 1) міндеттемені өтеу мақсатында пайдаланылатын өтімділігі жоғары және бос ақшалар; 2) қолма-қол ақшаға жеңіл айналатын активтер; 3) өтеу мерзімі жетпеген облигациялар.

КВОТАЛАУ - мемлекеттік және халықаралық органдар мен тауарлар өндірісін, экспортын және импортын шектеу жөнінде енгізетін сыртқы экономикалық қызметті реттеу шараларының бір түрі.

КЕДЕН БАЖЫ - кеден қызметінің мемлекеттік шекарадан (импортталған немесе транзит) өткен тауарлар мен жүктерден кеден тарифінің ставкалары бойынша салық нысанында алатын ақшалай алымдары.

КЕДЕНДІК АЛЫМДАР - тауарларды мемлекеттің кедендік шекарасынан өткізуге байланысты кедендік рәсімдеу, уақытша кедендік қоймаларда сақтау үшін кедендік органдармен жиналатын, мемлекеттің уәкілетті органдарымен тағайындалатын кедендік төлемдер түрі.

КЕДЕНДІК ӘКІМШІЛІКТЕНДІРУ - мемлекеттің кедендік заңнамасына сәйкес оның кедендік органдарымен жүзеге асырылатын ұйымдастырушылық-құқықтық және басқа да қимылдар мен шаралардың жиынтығы.

КЕДЕНДІК БАҚЫЛАУ - мемлекеттің кедендік шекарасынан тауарлардың өткізілуіне байланысты кедендік заңнаманың немесе басқа да осыған байланысты заңнамалардың орындалуын қамтамасыз етуге байланысты кедендік органдармен жүзеге асырылатын шаралардың жиынтығы.

КЕДЕНДІК ДЕКЛАРАЦИЯ - тауарларды мемлекет территориясына енгізу немесе территориясынан сыртқа шығару кезінде декларантпен жарияланған мәліметтерді сипаттайтын электронды немесе жазбаша түрдегі құжат.

КЕДЕНДІК ЖЕҢІЛДІКТЕР - жекелеген заңды және жеке тұлғаларды кедендік баждар мен салықтардан немесе шектеулерден босату, төмендету түрінде берілетін жеңілдіктер.

КЕДЕНДІК КОДЕКС - кедендік органдардың ұйымдастырылуын және қызметтерін реттейтін заң актісі.

КЕДЕНДІК КОНВЕНЦИЯ - конвенцияға біріккен елдерге арналған кедендік режим қағидаларын тағайындайтын халықаралық келісімшарт, кедендік бақылауды жүзеге асыру мен кедендік баждарды жинаудың жалпы ережелері.

КЕДЕНДІК ҚҰН - мемлекет территориясына енгізу немесе территориясынан сыртқа шығару кезінде кедендік тарифті қолдану мақсатында анықталатын тауар бағасы.

КЕДЕНДІК ОПЕРАЦИЯЛАР - кедендік бақылауда тұрған тауарларға байланысты мемлекеттің кедендік заңнамасына сәйкес оның кедендік органдарымен жүзеге асырылатын жекелеген қимылдар мен шаралардың жиынтығы.

КЕДЕНДІК ПРОТЕКЦИОНИЗМ - жоғарғы кедендік баждардың және тауарлардың кедендік шекараға енгізілуі кезіндегі квоталардың, лицензиялардың көмегімен ел экономикасының шаруашылық субъектілерін шетелдік бәсекеден қорғауға байланысты жүзеге асырылатын мемлекеттік экономикалық стратегия.

КЕДЕНДІК РӘСІМДЕУ - мемлекеттің кедендік шекарасынан тауарлардың өткізілуіне байланысты кедендік органдармен жүзеге асырылатын қимылдар мен процедуралар.

КЕДЕНДІК РЕЖИМ - мемлекеттің кедендік заңнамасымен тағайындалған мемлекеттің кедендік шекарасынан тауарлардың өткізілуіне байланысты нормалар мен ережелер жиынтығы.

КЕДЕНДІК ТАЗАРТУ - тауарларды мемлекет территориясына енгізу немесе территориясынан сыртқа шығару кезінде кедендік ережелермен қарастырылған кешенді рәсімдеу процедурасы.

КЕҢЕСШ БЕНЧМАРКИНГ - бенгмаркетингтің бұл типі фирманы бірдей саладағы емес, бірақ кейбір процестері фирмадағы процестерге ұқсас келетін әлемдік кластың фирмаларымен салыстыруды ұйғарады. Мұндай фирмаларды дұрыс анықтау өте қиын, бірақ олардың ақпаратпен бөлісу (тіпті жаңа технологиялардағы енгізулермен де) ықтымалдығы өте үлкен.

КЕПІЛДЕНГЕН ЧЕК - чек берушінің банкіндегі шотындағы қаражаттың көлеміне байланыссыз чекте көрсетілген соманы төлеуге қызмет көрсетуші банктің беретін кепілін көрсететін чек.

КЕПІЛГЕР - кепілдеме беруші; әлдебір нәрсеге кепілдеме беретін мемлекет, мекеме немесе адам.

КЕПІЛДЕМЕ - клиенттің немесе басқа бір адамның ақшалай немесе басқа да міндеттемелерді орындайтынына кепілдеме беру және сол міндеттемелер орындалмай қалған жағдайда кепілдеме беруші жауапты болады.

КЕПІЛ-ХАТ - қарыз алушы төлеуден бас тартқан жағдайда, үшінші бір жақтың қарызды өтеймін деген жазбаша міндеттемесін береді.

КІРІСТЕУ - сәйкес шоттардың активінде келіп түскен материалдық және мүліктік құндылықтар бойынша көрсетілген көрсеткіш.

КЛИРИНГТІК ПАЛАТА - аймақтық банктердің өкілдерінің клиринг операциясы бойынша нәтижелік баланс құра отырып, чектерді өзара есепке алу мақсатында алдын ала келісілген уақытта күн сайын кездесетін орны.

КОМИССИОНДЫҚ СЫЙАҚЫ - 1) мәміленің сомасынан пайыз түрінде есептелетін, коммерциялық операцияны, мәмілені жүзеге асыруға байланысты делдал-агент ретінде атқарған жұмысы үшін төлемақы; 2) белгілі бір банктік операцияларды жүргізу барысында банктің алатын комиссияндық қызмет көрсеткені үшін клиенттен алатын төлемі.

КОММЕРЦИЯЛЫҚ ВЕКсель - тауарды несиеге сатып алу, сату мәмілесінің жасалуы барысында туындайтын қарыздық міндеттеме.

КОММЕРЦИЯЛЫҚ НЕСИЕ - бұл қарыз берушінің қарыз алушыға қарызға берген тауарын білдіреді.

КОММУНАЛДЫҚ БАНК - тұрғын үй және коммуналды шаруашылыққа тұрмыстық қызмет көрсететін кәсіпорындарға несие беру, есеп айырысу, касса, өзге де банктік операцияларды орындауға маманданған банк.

КОМПАНИЯ-ЦЕДЕНТ - өзінің тәуекелінің барлығын немесе бір бөлігін қайта сақтандыруға беретін сақтандыру компаниясы.

КОНВЕРСИОНДЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР - қандай да бір елдің қолма-қол және қолма-қолсыз ұлттық валюталарына қолма-қол және қолма-қолсыз шетел валюталарын сатып алу және сату мәмілелері.

КОНГЛОМЕРАТ - 1) көп салада бірдей қызмет ететін ұйым немесе банк; 2) банктік холдинг немесе холдингтік компания. Отандық тәжірибеде конгломератты екіге бөледі: қарапайым және күрделі қаржы конгломераты. Қарапайым қаржы конгломератындағы ұйымдар негізінен қаржылық қызмет атқарады және олар банктік, сақтандыру және бағалы қағаз нарығының басты қатысушы компаниялары болып табылады. Күрделі қаржы конгломератында қаржы нарығының белсенді қатысушылары ретінде банктік, бағалы қағазбен сауда және сақтандыру қызметтерін жүзеге асырады, бірақ олардың қызметін банктік емес ұйымдар не корпорациялар бақылайды.

КОНСЕРВАТИВТІ ҮЛГІ - үлгі ұзақ мерзімді пассивтер айналымнан тыс активтерді жабу (өтеу) көздері және ағымдағы активтердің жүйелік бөлігі ретінде, яғни қызмет ететін, олардың шаруашылық қызметті жүзеге асыру үшін қажет минимумы ретінде қарастырылады.

КООПЕРАТИВТІК БАНК - бірінші кезекте кооперативтің қатысушыларына (шағын және орта кәсіпкерлерге) жеңілдікпен банк қызметін көрсетуге бағытталған, кооператив формасында құрылған мамандандырылған несиелік мекеме.

КОРПОРАТИВТІ КЛИЕНТ - қызмет көрсетуде ерекше басымдықтарды иеленетін және даму барысында ынтымақтасуға болатын банк клиенті.

КОРПОРАЦИЯНЫ БАСҚАРУ - корпорация қызметін реттеу және сақтау мақсатында адамдар мен экономикалық объектілердің саналы мақсатты ықпалы.

КОРРЕСПОНДЕНТ БАНК - клиенттерге қызмет көрсетуге байланысты операциялар мен банкаралық операцияларды корреспонденттік келісімшарт негізінде өзге банктің тапсырмасын орындаушы банк.

КОРРЕСПОНДЕНТТІК ҚАТЫНАС - банктік қызмет көрсетумен байланысты операцияларды жүзеге асыру мақсатында банктер бір-бірінде өзара корреспонденттік шот ашумен байланысты жасалған келісімшарттық қатынасты сипаттайды.

КОРРЕСПОНДЕНТТІК ШОТ - бұл коммерциялық банктердің өзара есеп айырысуларды жүргізуге арналған елдің Орталық банкінде және банктердің бір-бірінде ашатын шоты.

КОЭФФИЦИЕНТТІК ҚАРЖЫЛЫҚ ТАЛДАУ - түрлі қаржылық көрсеткіштердің (коэффициенттердің) жиынтығы көмегімен компанияның қаржылық есебін талдау және түсіндіру.

«КӨЗГЕ КӨРІНБЕЙТІН ОПЕРАЦИЯЛАР» - төлем балансының тауарлар экспорты мен импортына қатысы жоқ, баптарын көрсету үшін қолданылатын ұғым.

КӨТЕРМЕ САУДА БАҒАСЫ - бұл баға бойынша өнімді өндірістік пайдалану немесе келешекте қайта сату мақсатымен кәсіпорын-өндірушілер оны бір-біріне немесе сауда делдалдарына өткізеді, ауыл шаруашылық шикізатын жеңіл және тамақ өнеркәсіп кәсіпорындарында кейінгі қайта өңдеу үшін оны дайындаушы ұйымдарына береді, машиналар, тыңайтқыштар және өнеркәсіптік өнімнің басқа түрлері үшін ауыл шаруашылық кәсіпорындарымен есептесулер жүргізеді. Көтерме сауда бағасының есептесу базасы өндіруші-кәсіпорында өнімнің өндірістік немесе коммерциялық өзіндік құнының калькуляциясы және де өткізудің шарттары мен мүмкіндіктеріне байланысты кәсіпорынмен белгіленетін пайданың сомасы болып табылады.

КРЕДИТТІК АУДАРЫМДАР - ақшаны жөнелтушінің төлем құжаттарын алушы банкке төлем тапсырмасын беру арқылы жасайтын қолма-қол ақшасыз төлемдері.

КҮМӘНДІ НЕСИЕЛЕР - қайтарылу уақыты кешіктірілген, мерзімі ұзартылған және банк үшін тәуекел туғызатын несиелер. Соңғы қабылданған активтердің жіктеу ережесіне сәйкес, күмәнді несиелер ішінара бөлінеді: 1-санатты күмәнді, 2-санатты күмәнді, 3- санатты күмәнді, 4-санатты күмәнді, 5-санатты күмәнді.

КҮРДЕЛІ ҚАРЖЫ САЛЫМЫ - материалдық, еңбек және ақша ресурстарының халық шаруашылығындағы барлық салалардың негізгі қорларын ұлғайта ұдайы көбейтуге бағытталған шығындарының жиынтығы.

КІРІСТЕРДІ БӨЛУ НОРМАТИВІ - кірістердің әр түрлі деңгейлердегі бюджеттердің арасындағы бөлудің пайыздық арақатынасы.

-Қ-

ҚАҒАЗ АКЦИЯЛАР - айналыстағы толыққанды ақшалардың орнын ауыстыратын, алтынға айырбасталмайтын, мемлекеттің шығыстарын қаржыландыру мақсатында шығарылған құнның белгілері.

ҚАЗАҚСТАН БАНКАРАЛЫҚ ЕСЕП АЙЫРЫСУ ОРТАЛЫҒЫ - төлем жүйесін пайдаланушылардың төлем құжаттарының негізінде олардың

шоттарына ақша қаражаттарының уақтылы түсуін, сондай-ақ оларды өзара толық ақпараттармен қамтамасыз ететін мекеме. Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы 1995 жылы 30 желтоқсанда Клирингтік палатаның қайта түрлендірілуі нәтижесінде құрылды.

ҚАЗАҚСТАН ИПОТЕКАЛЫҚ КОМПАНИЯСЫ - 2001 жылы ақпанда Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің ықпалымен құрылған еліміздегі ипотекалық несиелеу жүйесін дамыту және тұрғын үй құрылысын ұзақ мерзімді қаржыландыру тұжырымдамасын іс жүзіне асыру мақсатында құрылған ұйым.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚОРИ - Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіндегі шотта шоғырланған, мемлекеттік қаржылық актив түріндегі, сондай-ақ материалдық емес активтерді қоспағанда, өзге мүлік түріндегі активтер.

ҚАЗЫНАЛЫҚ ВЕКСЕЛЬ - бюджет тапшылығын жабу мақсатында мемлекет тарапынан шығарылатын оның міндеттемесі. Қазыналық вексель бойынша мемлекет борышқор болып саналады.

ҚАЗЫНАШЫЛЫҚ БИЛЕТ - мемлекеттің шығыстарын қаржымен қамтамасыз ету үшін қазынашылықтың шығарған қағаз ақшалары. Қазыналық билеттерді айналыста жүрген мемлекеттің қысқа мерзімді міндеттемелеріне жатқызады. Қазынашылық билеттерді соңғы рет 1961 жылы КСРО тұсында 1, 3, 5 руб. номиналдар да шығарған болатын, оларды 1993 жылғы ҚР өзінің ұлттық валютасын айналысқа шығаруына байланысты алып тастады. Қазір қазынашылық, билеттер бірқатар дамыған елдерде әлі де колданылуда. Өзінің мәні жағынан қазынашылық билеттер банкноталарға жақын болып келеді.

ҚАЙТА БАҒАЛАУ - өзгертілген баға, тауарлардың, мүліктің жаңа құн өлшемі, қойылған құны, салымдардың материалдық және моральдық тозуына, инфляцияға, бағалардың өзгеруіне байланысты құнының өзгертілуі.

ҚАЙТА ИНВЕСТИЦИЯЛАНҒАН ПАЙДА - резервтер және компания қызметін ұлғайтуды қаржыландыру мақсатында акционерлер жиналысының шешімімен анықталған компанияның бөлінбеген пайдасы.

ҚАЙТА ИНВЕСТИЦИЯЛАУ КОЭФФИЦЕНТІ - дивидендтердің төлемдерінен кейінгі кәсіпорынға таза пайданың қандай бөлігі салынғанын көрсететін коэффициент. Қайта инвестициялаудың пайда шамасы, таза пайда шамасына бөлуінен жеке (бөлек) есептеледі.

ҚАЙТА САҚТАНДЫРУ - экономикалық қатынастардың жүйесі, осыған сәйкес сақтандырушы сақтандыру бойынша тәуекелдің бір бөлігін (өзінің қаржылық мүмкіншілігін ескере отырып) балансталған сақтандыру қоржынының мүмкіндігін құру, сақтандыру операцияларының рентабельділігі мен қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатымен келісілген шартқа сәйкес басқа сақтандырушыларға (қайта сақтандырушыларға) береді. Тәуекелді қайта сақтандыруға былай қол жеткізеді: 1) сақтандыру қоржынын қайта сақтандыру жағдайларының әсер етуінен қорғау; 2) сақтандыру сомасын бір сақтандырушыға ауыртпалық түсірмей, қайта сақтандыруға қатынасушылардың бірігіп төлеуі.

ҚАЙТА САҚТАНДЫРУ БОЙЫНША СЫЙАҚЫ - алғашқы сақтандырушы немесе цедент болып табылатын сақтандыру компаниясының сақтандыру келісімшарты (шарттары) бойынша жауапкершілігін толық немесе ішінара өзіне алу мақсатымен жасалған қайта сақтандыру келісімшарты бойынша сыйақы.

ҚАРЖЫ - қоғамдық өнім құнын бөлу және қайта бөлу үрдісінде туындайтын еркеше экономикалық қатынастардың жиынтығы, осының нәтижесінде әр түрлі қажеттіктерді қанағаттандыру үшін ұдайы өндірістің қатынасушыларында жинақтар, қорлар және ақшалай кірістер құрылып, пайдаланылады.

ҚАРЖЫ БЕРІКТІЛІГІНІҢ ҚОРЫ - ағымдағы сату көлемі мен шығынсыздық нүктесіндегі сату көлемінің айырмасының ағымдағы сату көлеміне қатынасын (% есебімен) көрсетеді.

ҚАРЖЫ БӨЛУ - белгілі бір мақсат шығындарын жабу мақсатында орталықтандырылған және орталықтандырылмаған көздерден қаржы ресурстарын, ақша қаражаттарын бөлу.

ҚАРЖЫ ДИРЕКТОРЫ – фирманың, мүліктік және қаржылық жағдайын жалпы талдау мен жоспарлауға, оны қаржылық ресурстармен қамтамасыз етуге және активтерді тиімді басқаруға жауап беретін қызмет басшысы. Қаржы директоры мамандары қаржылық есеп беруге жауап беретін, ішкі аудитті жүргізетін, салықтық оңтайландыруды жүзеге асыратын және көптеген қаржылық операциялар мен жұмыстарды орындайтын қаржылық департамент (бөлімді) басқарады.

ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІ - 1) экономикалық субъектінің қаржылық жағдайын және оның шаруашылық қызметінің нәтижесін бейнелейтін көрсеткіштер жүйесі; 2) бухгалтерлік баланс, пайда мен зиян туралы есеп, қаржы жағдайының өзгерісі туралы (әдетте ақша қаражаттарының қозғалысы немесе қаражат көздері және оларды пайдалану туралы есептерде көрсетіледі) есептер, сондай-ақ, қаржы есептілігінің құрамдас бөлігі болып табылатын басқа да анықтамалық материалдар.

ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІН ТАЛДАУ - ұйымның, талданып отырған есепті кезеңдегі қаржылық жағдайы мен қаржы нәтижесін бағалау және оның болашақтағы потенциалын анықтау.

ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ - өзара байланысты қаржы қатынастарының салалары мен буындарының жиынтығы; елдің қаржы мекемелерінің жиынтығы. Қазақстан Республикасының қаржы жүйесінің құрылымына мемлекеттің қаржысы, шаруашылық субъектілерінің қаржысы және үй шарушылықтарының қаржысы кіреді.

ҚАРЖЫ ЖЫЛЫ - бюджеттің атқарылуы жүзеге асырылатын күнтізбелік жылдың 1-ші қаңтарынан бастап 31-ші желтоқсанында аяқталатын уақыт кезеңі. Күнтізбелік жылдан ерекшелігі қаржы жылы кез келген уақытта басталуы мүмкін, мысалы, АҚШ-та қаржы жылы 1-ші қазанда басталып, келесі күнтізбелік жылдың 30-шы қыркүйегінде аяқталады. Көптеген компанияларда қаржы жылы 1-ші шілдеде басталады.

ҚАРЖЫ ИНЖЕНЕРІ - қаржылық тұтқалар үлгілері мен қаржылық тәуекелдерді басқаруды жасақтаумен айналысатын маман.

ҚАРЖЫ КАПИТАЛЫ - банк капиталы және банктік емес қаржы-несие институттарының экономиканың басқа салалары немесе өнеркәсіп капиталымен шоғырланған капитал.

ҚАРЖЫ КЕҢЕСШІ - инвестициялардың тиімді қоржынын құру, сыртқы орта тәуекелі мен жеке салымдар табыстылығын есептеу мәселелері бойынша, сондай-ақ фирма немесе бөлек үй шаруашылықтардың табыстары мен шығыстарын басқару туралы бизнесмендерге және басқа тұлғаларға тиімді кеңес беруді жүзеге асырады.

ҚАРЖЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ - шаруашылық жүргізуші субъектілердің және экономиканы тұтастай алғанда, ақша қорларын құру және пайдаланумен байланысты қызметтерінің әр қилы жағын сипаттайтын жоспар, есеп және есеп айырысу мәліметтері.

ҚАРЖЫ ҚҰҚЫҒЫ - қоғам дамуының қандай да бір кезеңінде мемлекеттік міндеттерін жүзеге асыру үшін қажетті ақша қорларын құру, болу, пайдалану үрдісінде туындайтын қаржы қатынастарын реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы.

ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ - қаржы нарығында сатуға немесе сатып алуға арналған және олардың есебінен қалыптасқан қаржылық капиталының бөлінуі мен қайта бөлінуі жүзеге асатын қаржылық активтер мен пассивтер. Қаржы құралдары басқа тұлғаға сату немесе аударуға арналған. Қаржы құралдарына төлем құжаттары, құйма алтын және шетел валютасы, депозит және депозиттік сертификат, бағалы қағаздар жатады. Қаржылық құралдарымен қаржы нарығында кассалық және мерзімді мәмілелер жасалады.

ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТІ - қаржының мәнінің қолданыста көрініс алуы. Ол екі концепция негізінде тұжырымдалады: бөлу және ұдайы өндірістік. Осы екі тұжырымдамаға сәйкес қаржы экономикада екі қызмет атқарады: бөлу және қайта болу, бақылау.

ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТІН БАСҚАРУ - өзінің тактикалық және стратегиялық мақсаттарына жету барысында қаржы қатынастарын қолданатын және қаржы басқаратын экономикалық субъектінің атқарушы органы.

ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ӘКІМШІЛІГІ - қаржы қызметіне жауапты экономикалық, субъект органы.

ҚАРЖЫ ЛИЗИНГІ - қолдану мерзімі ішінде құрал-жабдықтың толық құнының немесе бір бөлігінің сомасын, сондай-ақ жалға берушінің пайдасынан төлеуді қарастыратын келісімшарт.

ҚАРЖЫ МЕНЕДЖЕРІ - фирманың қаржылық ресурстарын басқарушы. Қаржы менеджерінің міндетіне фирманың қаржылық құрылымы және оның қаржылық ресурстарға қажеттілігін анықтау, баламалы қаржылық көздерді анықтау және оны бағалау, тандалған көздерден қаржылық ресурстарды алу және алынған ақша қаражаттарын пайдалануды бақылау кіреді.

ҚАРЖЫ МЕХАНИЗМІ - қаржы қатынастарын ұйымдастырудың мемлекет бекіткен әдістері, түрлері және нысандарының жүйесі. Мемлекет тарапынан

реттеу дәрежесіне қарай директивалық және реттеушілік болып бөлінеді. Директивалықта мемлекет міндетті түрде араласады (салықтар, мемлекеттік несие, бюджеттік қатынас және т.б.). Реттеушілік мемлекеттің мүддесін тікелей қозғамай, қаржы қатынастарын пайдаланудың негізгі бағыттарын анықтайды (кәсіпорындарда ішкі шаруашылық қызметін ұйымдастыру).

ҚАРЖЫ МІНДЕТТЕМЕСІ - ақша қаражаттарын, қаржы активтерін беру немесе қаржы тұтқаларын айырбастау бойынша заңның немесе келісімшарттың міндеті болып табылатын кез келген міндеттеме.

ҚАРЖЫ НАРЫҒЫ - ақша, несие, валюта және бағалы қағаздар нарықтарының қаржылық активтерімен сауда-саттықты ұйымдастыру жүйесі. Қазақстан Республикасындағы қаржы нарығының құрылымына ақша, несие, валюта, депозит, сақтандыру, бағалы қағаздар және зейнетақы нарықтары кіреді. Қаржы нарығының қатысушыларына инвесторлар, қарыз алушылар және делдалдар немесе қаржы-несие институттары жатады.

ҚАРЖЫ РЕСУРСТАРЫ - жалпы қоғамдық өнім мен ұлттық табысты бөлу және қайта бөлу барысында мемлекеттің, кәсіпорындардың, мекемелердің ұйымдардың құрайтын ақшалай жинақтары мен ақша қорлары.

ҚАРЖЫ САЯСАТЫ - мемлекеттің қаржы саласындағы өз қызметтері мен міндеттерін жүзеге асыру барысында өткізетін нысаналы бағытталған шаралардың жиынтығы.

ҚАРЖЫ ТАЛДАУШЫСЫ - қаржылық әлемдегі фирма дамуының тенденциялары мен заңдылықтарын іздеумен және осы тенденциялар дамуына әсер ететін факторларды талдаумен айналысатын маман.

ҚАРЖЫ ТҮТҚАЛАРЫ - қарыздың куәлігі болып табылатын құжат, яғни вексель, облигация, депозиттік сертификат және т.б. сату барысында сатушы қаржыландыруды қамтамасыз етеді.

ҚАРЖЫЛАНДЫРУ - экономика салаларын дамытуға, әлеуметтік мәдени шараларға, қорғанысқа және басқа қоғамдық қажеттерге жұмсалатын шығындарды қажетті қаржы ресурстармен қамтамасыз ету; бірлестіктердің, кәсіпорындардың меншікті қаражаты мемлекеттік бюджеттен және басқа көздерден бөлінген қаржы есебінен жүзеге асырылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ АЙНАЛЫМ - айналымды капиталдың келуі мен кетуі арасындағы уақытқа тең қаражаттар айналысының кезеңі.

ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР - мемлекеттің заңнамаларына және әлеуметтік-экономикалық дамудың орта мерзімді жоспарына сәйкес қаржы активтерін сатып алу, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдермен байланысты операциялар.

ҚАРЖЫЛЫҚ ВЕКСЕЛЬ - қаражатты тарту мақсатында немесе қаржылық қызмет көрсету туралы мәміле жасау негізінде шығарылатын вексель.

ҚАРЖЫЛЫҚ ДИАГНОСТИКА - кәсіпорынның қаржылық жағдайының жалпы бейнесін, оның пайдасы мен шығынын, активтер мен пассивтер құрылымындағы өзгерістерді, қолда бар бухгалтерлік құжаттар негізінде дебиторлар мен кредиторлармен есеп айырысудағы өзгерістерді сипаттайтын маңызды көрсеткіштерді анықтау.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ - жоспарлық мәселелерді тиімді орындау үшін кәсіпорынның іскерлігінің қаржылық жағдайын анықтауға байланысты басқару түрі. Қаржылық жоспарлаудың мақсаты — жоспарлық мәселелерге және нарық конъюнктурасына сәйкес қайта өндіру үрдістерін қаржылық ресурстармен (көлемі, қолдану бағыты, объект және мерзім бойынша) қамтамасыз ету. Кәсіпорындағы қаржылық жоспарлау шаруашылық кәсіпкерлікті жоспарлаумен байланысты және бизнес-жоспар негізінде құрылады. Қаржылық жоспарлау ұзақ мерзімді, ағымдағы және оперативті жоспарлар жүйесін құрады. Ұзақ мерзімді жоспарда негізгі қаржылық көрсеткіштері анықталып, кәсіпорынның іскерлігіндегі стратегиялық тәртібінің өзгеруіне қаржылық баға береді. Ағымдағы жоспарда кәсіпорынның жоспарының барлық бөлімдерінің қаржымен байланысын қамтамасыз етеді. Оперативті қаржы жоспар кәсіпорынның ағымдағы іскерлігімен тікелей байланысын, бір айға, декадаға, бір жұмаға төлем, салықтың күнтізбесін және қасалық жоспарлаудың құрылуы және орындалуын қамтиды.

ҚАРЖЫЛЫҚ ИНДИКАТОР - шаруашылық бірліктерінің (мемлекет, аймақ, кәсіпорын және т.б.) қаржылық жағдайын сипаттау үшін пайдаланатын бағалық көрсеткіштер. Олар екіге: абсолюттік және қатынасты болып бөлінеді.

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР - кәсіпорын операцияларының тәуекел деңгейін өлшеу және компания іс-әрекетінің тиімділігін зерттеу үшін пайданылатын көрсеткіштер (коэффициенттер) жиынтығы. Көрсеткіштердің 4 тобы көрсетіледі: пайдалылық, айналымдылық, өтімділік және капитал құрылымы коэффициенттері.

ҚАРЖЫЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР - белгіленген нысанда қабылданған және мемлекеттік билік органдарының өкілеттігіне кіретін қаржы қызметінің сұрақтары бойынша басқарудың заңды салдары бар шешім.

ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР - тұтас кәсіпорын және оның бөлімшелері ретінде шаруашылық іс-әрекеттің экономикалық қорытындысының қаржылық нысаны. Қаржылық нәтижелерге кәсіпорынның пайдасы немесе зияны жатады.

ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП ҚҰРЫЛЫМЫ - компанияның табыстары мен шығындары туралы мәліметтерді бөлшекке бөлу арқылы белгілі бір кезеңде компания қызметінің нәтижесін бағалау үшін негіз болып табылады. Компанияның кезең бойындағы жалпы табыстары туралы және нақты өнім түрімен байланыссыз барлық кезеңдік шығындар мен табыстар туралы мәліметтерді қамтиды. Барлық шығындар мен табыстардың әртүрлілігі (немесе айырмашылығы) кезең бойындағы таза пайда немесе шығын болып табылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ - жоғары деңгейдегі инфляцияны, гиперинфляцияны және мемлекеттік бюджет тапшылығын жоюға қолданатын қаржылық саясаттың шаралары. Қаржылық тұрақтылыққа жету үшін қаржылық саясат ақша-несие саясатымен тығыз байланыста болуы керек. Қаржылық тұрақтылық экономиканың тұрақты дамуының бір

жағдайы, ол өндірістің өсуінің өндірістік емес аясының дамуының, жұмысбастылықтың өсуінің, қоғамның тұрмыс жағдайының әлеуметтік-экономикалық жақсаруының алғышарттарын құрайды. Ұзақ мерзімді қаржылық тұрақтылық отандық және шетел инвестицияларын тартуға қолайлы жағдай туғызып, соңғы кезеңде кеңейген өндірістік үрдіске әкеледі.

ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ КОЭФФИЦИЕНТІ - кәсіпорынның өз қызметін ұзақ, мерзім ішінде пайдалана алатын қаражатының үлесімен сипатталатын қаржы коэффициентінің бір түрі.

ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰТҚА ТИІМДІЛІГІ - қарыздық қаражаттарды пайдалану арқасында алынған жеке меншік құралдарының рентабельділігінің мүмкін өсімі.

ҚАРЫЗ (ЗАЙМ) - пайдаланғаны үшін сыйақы төлеу шартымен белгілі бір мерзімге қайтарылатын негізде бір тұлғаның (банктің) екінші біріне берген ақшалай қаражаты.

ҚАРЫЗ АЛУШЫ - алынған ақшалай қаражаттардың қайтарылуына, берілген несие үшін сыйақының төленетініне кепіл беретін, өзіне міндеттеме қабылдаған қарызды алушы тұлға.

ҚАРЫЗ ШОТЫ - қарыздың берілуі мен қайтарылуы есепке алынатын шот. Қарыз шоты активтік шот болып табылады, себебі онда банктің ресурсының орналасуы көрсетіледі. Қарыз шотының дебеті бойынша — қарызды беру, кредиті бойынша өтеу жүзеге асады.

ҚАРЫЗДЫ ҚАЙТА ҚҰРЫЛЫМДАУ - қарыз туралы келісімшарттың қызмет ету мерзімі ішінде, оның мазмұнына (сыйақы мөлшерлемесін, қайтару көзін, қамтамасыз ету мүлкін, негізгі қарызды және сыйақыны қайтару кестесін және т.б.) өзгертулер енгізу.

ҚАТЫНАСУ ҮЛЕСІ - акционерлік қоғамдардан басқа, бірлесіп шығарылатын ұйымдарға, консорциумдарға заңды және жеке тұлғалардың мүлкімен қатынасу үлесі.

ҚОЛ ҚОЙЫЛҒАН БОНУС - жер қойнауын пайдаланушылардың келісімшартқа көрсетілген аймақта қызмет жасау құқығы үшін төленетін бір жақты тұрақты төлем.

ҚОЛМА-ҚОЛ АҚШАНЫ БАҚЫЛАУ ШОТЫ - бюджеттің тиісті деңгейінен түскен түсімдер мен төленген төлемдер бойынша операцияларды есепке алуға арналған шот.

ҚОЛМА-ҚОЛСЫЗ АҚШАЛАР - чектер, пластикалық карточкалар, электрондық аударымдар көмегімен пайдаланылатын клиенттердің шоттардағы сақтаған ақшалары (депозиттер).

ҚОЛМА-ҚОЛСЫЗ АҚШАМЕН ЕСЕП АЙЫРЫСУ - бұл қолма-қолсыз ақшамен есеп айырысулар жүйесінің конструктивтік қасиетін немесе қолма-қолсыз ақымен есеп айырысуда ақшалардың төлем құралы ретінде қызмет етуі.

ҚОР – азаматтар және/немесе заңды тұлғалар ерікті мүлікті жарналар негізінде құрған, әлеуметтік, қайырымдылық, мәдени, білім беру және өзге де қоғамдық пайдалы мақсаттарды көздейтін мүшелігі жоқ коммерциялық емес ұйым. Қор Заңды тұлға болып табылады, азаматтық айналымда қордың

органдары өкілдік етеді, оның дербес балансы және банктік шоты бар. Қордың түрлері: жеке, қоғамдық, мемлекеттік және корпоративтік.

ҚОР БИРЖАСЫ - ұйымдық түрде рәсімделген, үнемі қызмет ететін қаржы нарығының, соның ішінде, құнды қағаздар нарығының құрамдас бөлігі. Қазақстан Республикасында Қазақстан қор биржасы қызмет етеді. Қор биржасындағы саудадағы құнды қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінен алған арнайы лицензиясы бар биржа мүшелері жатады.

ҚОРЛАРДЫ БАСҚАРУ - тауарлы-материалдық қорлар деңгейінің олардың тиімді айналымдылығы есебімен жоспарланған өндіріс және сату көлемімен сәйкестенуіне, үйлесуіне әкелуге бағытталған іс-шаралар кешені.

ҚОСАЛҚЫ ЖАЛГЕРЛІК - жалға алынған мүліктің бір бөлігін үшінші бір адамға немесе адамдар тобына жалға беру. Мұндай жағдайда, жалгер қалталама жалға беруші рөлін атқарады.

ҚОСАЛҚЫ ЛИЗИНГ - негізгі лизинг берушінің делдал арқылы лизинг алушыға құрал-жабдықтарды жалға өткізу лизингі.

ҚОСАЛҚЫ МЕРДІГЕР - мердігер жұмысының бір бөлігін өзіне қабылдайтын кәсіпорын.

ҚОСЫМША БУХГАЛТЕРЛІК ЖАЗУ - есеп беруді тіркеудегі жіберілген қателерді түзету және олар қосымша бухгалтерлік желі бухгалтерлік анықтамаға негізделіп жасалады. Қатені түзету кезінде алдында жазылған шот бойынша соманы анықтау қажет.

ҚОСЫЛҒАН ҚҰН - 1) тауарлар мен қызметтердің нақты өндіріс үрдісінде құрылатын құнының өсімі; 2) сатып алынған және өндіріс үшін қолданылған ресурстар санын шегеріп тастағандағы кәсіпорынның өткізген өнімінің жалпы құны.

ҚОСЫМША ЖАРНА ҚОСАТЫН САЛЫМДАР - бұл шоттағы қаражатқа алдын ала келісілген уәде бойынша үздіксіз ақшалай соманы қосып отыруға болатын салымды білдіреді. Бұл шотта жинақталынған соманы белгілі бір күнде (жаңа жылдық салым, бой жеткен кезде және т.с.с.) толық төленеді.

ҚҰЖАТСЫЗ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗ - құжатсыз нысанда (электрондық жазбалардың жиынтығы түрінде) шығарылған бағалы қағаз.

ҚҰЖАТТЫ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР - арнайы техникалық құралдарды пайдаланбай бағалы қағаздың мазмұнын тікелей оқуға болатын, қағазда немесе құжатты нысанда шығарылған бағалы қағаздар.

ҚЫСҚА АҚШАЛАР - банктің өтімділігін қолдау мақсатында өтімділігі жоғары активтерге орналастыруға бағытталатын және қысқа мерзімді несиелік ресурс ретінде пайдаланылатын банктік ресурс.

ҚЫСҚА ВАЛЮТАЛЫҚ ПОЗИЦИЯ - белгілі бір шетел валютасында бейнеленетін міндеттемелер (пассивтер) мен баланстан тыс міндеттемелердің сол шетел валютасындағы активтер мен баланстан тыс талаптардың артық болуына байланысты анықталатын ашық валюталық позицияның түрі.

ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ИНВЕСТИЦИЯЛАР - бір жылға дейін инвестициялау объектілеріне салынған капитал жұмсалымдары.

-Л-

ЛАЖ - бағалы қағаздардың, ақша белгілерінің, вексельдердің т.б. номиналды құнының олардың нарықтық бағамының асып түсуі.

ЛАМПСУМРОЯЛТИ - белгіленген жалдау ақысы.

ЛАФФЕР ҚИСЫҒЫ - салық, мөлшерлемесі мен бюджет кірісі арасындағы арақатынасты көрсетеді. Кез келген қызмет түріне салық салған кезде табыс нольдік мөлшерлеме қолданылатын нольдік мәннен басталады, кейін мөлшерлеменің өсуімен бірге өседі. Салықтар қызмет түрін тежеуі мүмкін, нәтижесінде табыстар салық салу барысында азая береді, демек өте жоғары салықтар оны төлеуден жалтаруға әкеп соқтырады. Сондықтан салықтарды қандай мөлшерлеменен алған кезде бюджет кірісінің жоғары мөлшері камтамасыз етілетінін анықтау қиын.

ЛИБИД - жетекші Лондон банктерінің тартатын қысқа мерзімді депозиттері бойынша мөлшерлеме.

ЛИБОР - бірінші кластық, банктерде депозит түрінде Лондон банктерінің орналастырған (әдетте 3- 6 ай мерзімге) қысқа мерзімдік несиелер бойынша мөлшерлемесі; банктердің несие үшін пайыз мөлшерлемесін белгілеуде қызмет ететін базалық, мөлшерлеме. Шетел валютасында алған қарыздары бойынша банктер пайыздарын есепке алған кезде либор мөлшерлемесінен 3 пунктке жоғары шамада белгілейді.

ЛИЗИНГ - мамандандырылған қаржы (лизинг) компаниясының делдалдық етуімен машиналар, жабдықтар, жылжымайтын мүліктер және негізгі капиталдың басқа элементтерін сатып алуға қаржы болудің ерекше формасы. Лизинг компаниясы мүлікті меншіктеу құқын ала отырып, оны үшінші жаққа орташа немесе ұзақ мерзімді кезеңге жалға береді. Тауар өндірушіге немесе сатушыға лизинг компаниясы қолма-қол ақша төлейді.

ЛОМБАРД - сақтауға берілген жылжитын мүліктерді, заттарды кепілге ала отырып, қарыз беретін несиелік мекеме. Заттардың құнын бағалау тараптардың келісімі бойынша жүзеге асырылады. Заттың иесіне атаулы ломбардтық билет (колхат) беріледі. Қарызды қайтармаған не иесі мүліктерін сатып алмаған жағдайда, олар ломбардтың меншігіне өтеді де, оларды сатып жіберу мүмкін болады. Кей жағдайда ломбардқа несие алу мақсатында емес тұрақты сақтау орны ретінде заттарды өткізеді. Мүліктерді кепілге алып, несие беру мекемелерін алғаш рет XV ғ. Франциядағы Ломбардиндан шыққан өсімқорлар құрған, сондықтан бұл мекемелерді ломбард деп атаған.

ЛОМБАРД МӨЛШЕРЛЕМЕСІ - коммерциялық банктерге құнды қағаздарды кепілге ала отырып, беретін Орталық банк несиесі бойынша белгіленген пайыз мөлшерлемесі.

ЛОМБАРДТЫҚ НЕСИЕ - 1) мүлікті немесе мүліктік құқықтарды (тауарларды, тауарға иелік ету құжаттарын, асыл бағалы металдарды, құнды қағаздарды және т.б.) кепілге ала отырып белгілі мерзімге қарыз алушыға несие берушінің қатаң тіркелген сомада беретін несиесі. Таза ломбардтық несие — бір жылға дейінгі өтеу мерзімінде (көбінде 3 ай мерзімге) берілетін қысқа мерзімді несие. Клиенттер өздерінің құнды қағаздарын қор

биржасында сатқысы келмеген жағдайда және уақытша несиелік ресурстарға қажеттілік туындаған жағдайда, банкке құнды қағаздарын кепілге қойып, осындай несиені алуға болады. 2) Орталық банктің несиелік мекемелерге, олардың қысқа мерзімді өтімділігін қолдап отыру мақсатында беретін несиесі. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі 1995 жылдан бастап екінші деңгейдегі банктерге мұндай несиені берген, бірақ қазір оны бермейді. Бұл жерде ломбардтың несиені алу барысында кепіл ретінде қабылданатын мемлекеттік бағалы қағаздар тізімін Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі өзі бекітті.

ЛОРО-КОНТО - банк өз корреспондентінің тапсыруы бойынша беретін немесе алатын ақша соммасын жазып отыру үшін алатын корреспонденттік шот.

-М-

МАКЛЕР - қор, тауар және валюта биржаларында келісім жасау кезіндегі делдал.

МАКСИМАДДЫ САЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕСІ - табыстар шкаласының жоғарғы мәніне қолданылатын салық мөлшерлемесі.

МАҚСАТТЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ - нақты объектілерді және іс-шараларды қаржыландыру.

МАМАНДАНҒАН БАНК - экономиканың белгілі бір саласына банк қызметін көрсетумен айналысатын несиелік мекеме.

МАРЖА - бағамдар, пайыздар арасындағы, сондай-ақ банктің берген несиенің сомасы мен несиені қамтамасыз ету сомасының арасындағы айырма.

МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР - 1) жылдық жиынтық табысты алу барысында ұзақ уақыт бойы (әдетте, бір жылдан астам уақыт) қолданылатын материалдық емес активтер; 2) физикалық, сезілмелі формасы жоқ активтер, мысалы, сақтандыру, патент және сауда маркаларын қамтамасыз ететін қорғаныштар.

МАТЕРИАЛДЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК - кәсіпорынға, мекемеге, ұйымға қызметкердің келтірген зиянының орнын толтыру міндеті.

МАУСЫМДЫҚ НЕСИЕНІ - жабдықтаушының қаржыландыру уақыты мен түсімді алу мерзімі арасындағы уақыт бойынша алшақтықты жабуға арналған несиені. Маусымдық несиенің көбіне ауыл шаруашылығы өндірушілеріне егін салып, одан табыс алғанға дейінгі шығынды жабу мақсатында беріледі.

МӘЛІМЕТТЕРДІ БАСҚАРУ - ұйым мақсатына қол жеткізу үшін ақпараттарды қорғау мен пайдалануға бағытталған үрдіс.

МӘЛІМЕТТЕРДІ ЭЛЕКТРОНДЫ ӨНДЕУ - есеп аппараттарын өндеудің компьютерлік жүйесі.

МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ - денсаулығын сақтауда халықтың мүддесін әлеуметтік қорғау нысаны. Сақтандыру жағдайы туындағанда, азаматтардың толық медициналық көмек алуына кепілдік береді. Бұл екі нысанда жүргізіледі: міндетті және ерікті.

МЕМЛЕКЕТТІК АДРЕСТІК КӨМЕК - бір басына шаққанда кедейлік шегінен төмен айлық табысы бар тұлғаларға (отбасыларға) мемлекеттен берілетін ақшалай нысандағы төлемақы. Адрестік әлеуметтік көмекті алуға құқығы бар тұлғалар: Қазақстан Республикасының азаматтары, оралмандар, қашқындар мәртебесі бар тұлғалар, шетел азаматтары, бір басына шаққанда кедейлік шегінен төмен айлық табысы бар және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ тұлғалар. Адрестік әлеуметтік көмек мыналарға берілмейді: жұмыссыздарға, жұмыспен камту сұрақтар бойынша уәкілетті органдарда тіркелмеген, бір айдан арты стационарда емделудегі тұлғалар мен мүгедектерден, оқушылар мен студенттер, курста тындаушы мен күндізгі оқудағы тұлғалардан басқа, аспирантура мен магистратураны қосқанда, сонымен қатар бірінші және екінші топтағы мүгедектерге, сексен жастан асқандарға, жеті жасқа дейінгі балалармен отыратын тұлғаларға.

МЕМЛЕКЕТТІК АКТИВТЕР - өткен операциялар мен оқиғалар нәтижесінде мемлекет меншігіне алынған мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен құндық бағасы бар құқықтар.

МЕМЛЕКЕТТІК АЛЫМ - кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның, жеке азаматтардың мүддесі үшін әрекет жасалғаны және заңдылық маңызы бар құжаттар (шағым-арыздар, кассациялық шағымдар, мұрагерлік хаттар) бергені үшін арнаулы өкілетті мекемелер (соттар, мемлекеттік төрелік, нотариалдық кеңселер және т.б.) алатын ақшалай алым.

МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУДЫҢ ҚОРЫ - әлеуметтік төлемдерді жинақтау және міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы - асыраушыны жоғалту жағдайында отбасының мүшелерін қосқанда әлеуметтік тәуекел басталған жағдайында міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларына төлемін жүргізетін заңды тұлға.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМА - салааралық сипатқа ие, әлеуметтік-экономикалық дамудың неғұрлым маңызды міндеттерін шешуге, мемлекеттің қорғаныс қабілетін, құқық тәртібін, заңдылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған мәселелер бойынша Үкімет әзірлейтін бағдарлама.

МЕМЛЕКЕТТІК БАНК - мемлекеттік меншік нысанында, мемлекеттік бюджет қаражаты және басқа да мемлекеттік қорлар есебінен жарғылық капиталы қалыптасатын мемлекеттік органдардың басқаруында болатын банк.

МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТ - мемлекеттің орталықтандырылған негізгі ақша қорын құру және жұмсау үшін Ұлттық байлықтың бір бөлігін қайта бөлуге байланысты мемлекеттік органдардың анықтайтын ақша бөлу қатынастарының жүйесі.

МЕМЛЕКЕТТІК ДАМУ БАНКІ - бұл банк экономикалық маңызды салаларында тиімді инвестициялық жобаларды ұзақ мерзімді несиелеуді жүзеге асыруға бағытталған үкіметтің қаржы — несие институты.

МЕМЛЕКЕТТІК ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ - салымшылардың міндетті зейнетақы жарналарын жинайтын және

алушыларға Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен зейнетақы төлейтін, сондай-ақ зейнетақы активтерін қалыптастыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын және оларды мемлекеттік бағалы қағаздарға, мемлекеттік банкілердің депозиттеріне, халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарына инвестицияланатын заңды тұлға.

МЕМЛЕКЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛАР - бюджеттік, бюджеттік емес қорлар және тартылған қаражаттар есебінен орталық және жергілікті үкімет және басқару органдарымен жасалатын инвестициялар.

МЕМЛЕКЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ - инвестициялық үрдістерді ұлттық экономиканың мүдделері үшін мемлекеттік реттеудің экономикалық және қаржылық негізделген шараларын көрсететін әлеуметтік-экономикалық саясаттың бір бөлігі.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРАЖАТ - мемлекет (оның әр түрлі құрылымдары нысанында) пен мемлекеттік кәсіпорындардың иелігіндегі ақша қаражаттары.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫ - қоғам мүддесіндегі мемлекеттік қажеттікті қанағаттандыру үшін ақша қаражаттарын құру және пайдалану үрдісінде мемлекет пен қоғам арасында қалыптасатын экономикалық қатынастардың жиынтығы. Бұл қатынастардың нәтижесі болып мемлекеттік бюджет, әр түрлі әкімшілік басқару және аумақты бірлік (аумақтық бюджеттер) бюджеттері. Бюджеттен тыс әлеуметтік және экономикалық қорларға Ұлттық қор, мемлекеттік (қазыналық) кәсіпорындар қорлары, мемлекеттік несие, әлеуметтік сақтандыру қоры, мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры жатады.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕРДІ САТУДАН ТҮСЕТІН ТҮСІМДЕР - мемлекеттік меншіктегі заңды тұлғалардың, соның ішінде, халықаралық ұйымдардың, мүліктік кешен түріндегі мемлекеттік мекемедер мен кәсіпорындардың қатысу үлесін, бағалы қағаздарын, жедел басқару немесе шаруашылық басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың өзге де мемлекеттік мүлікті сату жөніндегі операцияларға байланысты бюджетке түсетін түсімдері.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰНДЫ КАҒАЗДАР - бюджет тапшылығын жабу мақсатында үкіметтің немесе жергілікті билік органдарының атынан шығарылған, сондай-ақ үкімет тарапынан кепілдендірілген бағалы қағаздар. Қазақстан Республикасында мемлекеттік бағалы қағаздардың басты эмитенті Қазақстан Республикасының қаржы министрлігі болып табылады. Оның құнды қағаздары: мемлекеттің қысқа мерзімді (1 жылға дейін) қазынашылық міндеттемелері (МЕККЛМ), мемлекеттің орта мерзімді (1 жылдан 3-5 жылға дейін) қазынашылық міндеттемелері (МЕОКАМ), мемлекеттің индексацияланатын қазынашылық міндеттемелері (МЕЙКАМ), мемлекеттің арнайы валюталық қазынашылық міндеттемелері (АВМЕКАМ), Ұлттық жинақ облигациялары және т.б. жатады.

МЕМЛЕКЕТТІК РЕНТА - қарызға алынған капиталға жыл сайын белгілі бір кіріс (рента) төлеу жөнінде мемлекет өзіне міндеттеме қабылдайтын мемлекеттік мерзімсіз облигация заемның ерекше түрі.

МЕМЛЕКЕТТІК ТАБЫС - алынған салықтар баждар, төлемдер есебінен есептелген мемлекеттің ақшалай нысандағы түсімдерін, мемлекеттік ақпарат қызметін, сыртқы сауда операцияларын төлеу, шет мемлекеттердің несиелерін, шетелдік көмектерді анықтайтын жалпы ұғым. Бұл табыс мемлекет қызметін қаржыландыруға бағытталған мемлекеттік ресурстардың құнын көрсетеді.

МЕМЛЕКЕТТІК ТАПСЫРЫСҚА АРНАЛҒАН ШЫҒЫНДАР - мемлекеттік органдардың жеке тұтынуына арналмаған, мемлекеттік саясатты іске асыру мақсатында өндірілетін тауарларға (атқарылатын жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) мемлекеттік органдардың ақы төлеуі.

МЕМЛЕКЕТТІК ШЫҒЫНДАР - қоғамның әр түрлі қажеттіктерін қанағаттандыру, қоғамдық өндірісті жетілдіру және дамыту мақсатында жалпы қоғамдық өнімнің бөлігін бөлу, қайта бөлу және тұтынумен байланысты экономикалық қатынастар.

МЕМЛЕКЕТТІҢ ІШКІ ҚАРЫЗЫ - мемлекеттік бағдарламалар мен тапсырыстарды қаржыландыру үшін елдің резиденті болып табылатын кәсіпорындар мен халықтың қаражатын тарту барысында қалыптасқан мемлекеттің ішкі қарызы.

МЕНШІКТІ АЙНАЛЫМ ҚҰРАЛДАРЫ - ол компанияның ағымдағы активтері мен ағымдағы міндеттемелері арасындағы айырмашылығын көрсетеді.

МЕНШІКТІ КАПИТАЛ - құрылтайшылардың қандай да бір қоғам, шаруашылық серіктестік, кәсіпорындардың салымдары арқылы, сондай-ақ осы ұйымдардың қызмет ету процесіндегі жасалған немесе алынған мүлік.

МЕНШІКТІ КАПИТАЛДЫҢ ТАЗА РЕНТАБЕЛЬДІЛІГІ (ПАЙДАЛЫ-ЛЫҒЫ) - кәсіпорынның таза пайдасының меншікті капиталдың орташа мөлшеріне қатынасы.

МЕНШІКТІ ҚАРАЖАТТАРДЫҢ ОҢТАЙЛЫ КОЭФФИЦИЕНТІ - меншікті айналым қаражаттардың компанияның жалпы меншікті қаражаттарына қатынасын білдіреді.

МЕНШІКТІ ҚАРАЖАТТЫҢ ПАЙДАЛЫЛЫҒЫ - компанияның белгілі мерзімі ішінде алынған пайданың меншік қаражаттың орта деңгейіне қатынасы.

МЕНШІКТІ ҰСТАЛЫМ - қайта сақтанушының өз жауапкершілігінде қалдырған тәуекелінің мөлшері. Осы мөлшерден асатын тәуекел немесе келесі қайта сақтандыруға беріледі.

МЕРЗІМДІ ДЕПОЗИТ - белгілі мерзімі бар және тұрақты пайыз төленетін, сол сияқты алдын ала алуға шек қойылатын салым.

МЕРЗІМІ ӨТКЕН ҚАРЫЗ - займ туралы келісімшартта немесе несиені қайтару кестесінде көрсетілген негізгі қарызбен оған есептелетін сыйақы бойынша мерзімі өткен қарыздар.

МИКРОКРЕДИТТІК ҰЙЫМДАР - бұл микрокредит берумен айналысатын ұйымдар. Қазақстан Республикасының заңына сәйкес олар 1000 айлық есеп көрсеткішінен аспайтын сомда микрокредиттер бере алады.

МОНЕТА - төлем құралы ретінде пайдаланылатын, белгіленген салмағы және пішіні бар, металдан (алтын, күміс, және т.с.с.) дайындалған ақша белгісі. «Монета» сөзі, ерте Римдегі Юнона-Монета деген шіркеудің атынан шыққан, себебі, онда алғашқы Монета сарайы ашылған. Қазіргі монеталар дөңгелек пішіндес келеді. Монетаның бет жағы - аверс (герб жағы), келесі беті - реверс (сан жағы) және жиегін — гурт деп атайды.

МОНЕТА САРАЙЫ - монета жасаумен айналысатын мемлекеттік кәсіпорын. Осы кәсіпорында ордендер, медальдар және басқа да марапаттау белгілері дайындалады. Қазақстан Республикасындағы Монета сарайы Шығыс Қазақстан облысында орналасқан және ол 1993 жылы 15 қарашадан бастап қызмет етуде.

МОНЕТАЛЫҚ ПАРИТЕТ - 1) екі елдің ақша бірліктеріндегі алтын мен күмістің арақатынасы; 2) әр түрлі ақша жүйелері бар екі елдің ақша бірліктеріндегі алтын мен күмістің нарықтық құнының арақатынасы.

МОНЕТАРИЗМ - экономиканы реттегіш құралдарын пайдалану арқылы нарықтық экономикаға мемлекеттің араласуын шектеуге негізделген экономика ғылымының бағыты.

МОНИТОРИНГ - белгілі бір шектер мөлшерінде сақталатын нақты бір көрсеткіштерді бақылаудың аймақтық саясаты.

МОНОМЕТАЛЛИЗМ - бұл барлығына бірдей балама және ақша айналысының негізі болып бір ғана металл (алтын немесе күміс) қызмет ететін ақша жүйесі. Алтынға ауыстырылатын құн белгілерінің сипатына байланысты алтын монометаллизмі мынадай түрлерге бөлінеді: алтын монета стандарты, алтын құйма стандарты және алтын девиздік (алтын валюта) стандарты.

МОРАТОРИЙ - қарыз міндеттемелері бойынша төлем мерзімін шегеру немесе толығымен тоқтату; мораторий жақтардың келісімі бойынша жариялануы мүмкін.

МҰРАҒА САЛЫНАТЫН САЛЫҚ - мұраға алынған активтерге салынатын салық. Жекелеген еддерде (мысалы, АҚШ) бұл салықтың ставкасы мұрагердің және мұраға алушының туыстық деңгейіне байланысты дифференцияланады.

МҮЛІКТІ ТӘРКІЛЕУ - заңды негізде салық, төлеушінің мүлкін тәркілеп, сату арқылы салықтарды өндіру әдістері.

МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ - міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушылары арасындағы қатынастарды реттейтін, мемлекетпен бекітілетін және кепілденетін нормалар мен ережелер жиынтығы

МІНДЕТТІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАР - Қазақстан Республикасының заңымен бекітілген тәртіпте жинақтаушы зейнетақы қорларына заңға сәйкес енгізілетін ақшалар.

МІНДЕТТІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРДЫҢ САЛЫМШЫСЫ - міндетті зейнетақы жарналар есебінен зейнетақы қамтамасыз етілу туралы келісімшарт жасасқан және жинақтаушы зейнетақы қорында жеке зейнетақы шоты бар жеке тұлға.

МІНДЕТТІ РЕЗЕРВТЕР НОРМАСЫ - коммерциялық банктің жалпы міндеттемелеріне (немесе банктің тартқан ақшалай қаражат сомасына) қатысты белгіленетін, коммерциялық банктің Орталық банкте міндетті түрде сақтауға тиісті міндетті ақшалай резервтер сомасы. Міндетті резерв нормасы бұл коммерциялық банктердің клиенттер алдындағы міндеттемесін тұрақты орындауын қамтамасыз ететін кепіл қорының шамасын белгілейді. Мұндай норма Орталық банк тарапынан коммерциялық банктердің қызметін реттеу құралы ретінде пайдаланылады.

МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУ - бұл заң күшімен туындайтын сақтанушы мен сақтандырушы арасындағы қатынастары бар сақтандыру нысаны.

-Н-

НАҚТЫ ИНВЕСТИЦИЯЛАР - инвестицияны жұмсау объектісіне қарай нақты (капитал жасаушы) инвестициялар, портфельдік инвестициялар, қаржылық емес инвестициялар болып жіктелінеді. Нақты инвестициялар өз кезегінде екі топқа бөлінеді: 1) өндірісті дамытуға жұмсалынған инвестициялар, соның ішінде, өндірісті қайта құру және техникалық жағынан қайта қаруландыруға; өндірісті кеңейтуге; жаңа өнім шығаруға; өндірісті жаңғыртуға және жаңа ресурстарды игеруге; 2) өндірістік емес саланы дамытуға жұмсалынған инвестициялар, яғни тұрғын үй құрылыс саласына, спорт және сауықтыру объектілерінің құрылғыларына, еңбек жағдайын жақсартуға, техникалық қауіпсіздік деңгейін арттыруға жұмсалынған инвестициялар.

НАҚТЫЛАНҒАН БЮДЖЕТ - атқарылуы барысында Парламент немесе тиісті маслихат қабылдаған өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, тиісті қаржы жылына бекітілген бюджет.

«НАУ» ШОТ - жинақ ақша және ағымдағы шот есептердің арасында аралық жағдайда болатын шот есептердің бір түрі.

НЕГІЗГІ КАПИТАЛҒА ИНВЕСТИЦИЯ - мұны капитал жұмсалымы деп айтсақ та болады, оның көлеміне жаңа құрылысқа, өндірістік, ауыл шаруашылық, транспорттық, сауда және басқа кәсіпорындарды қайта құруға, кеңейту және техникалық қайта қаруландыруға кеткен, тұрғын үй және мәдени-тұрмыстық құрылысқа кеткен инвестициялар.

НЕГІЗГІ КАПИТАЛДЫ САТУДАН ТҮСЕТІН ТҮСІМДЕР - мемлекеттік мекемелерге бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті және мемлекеттік резервтегі тауарларды, материалдық емес активтерді сатудан түскен немесе мемлекет меншігіндегі жер телімшелерін жеке меншікке сатудан немесе оларды тұрақты (уақытша) пайдалануға беруден не халықаралық шарттарда көзделген жағдайларда жер телімшелерін өзге құқықтық, нысандарға өткізуден түскен ақшалар.

НЕГІЗГІ ҚОРЛАРДЫ ЕНГІЗУ КОЭФФИЦИЕНТІ - негізгі қорлардың ұдайы өндірісін сипаттайтын керсеткіш. Жыл ішінде енгізілген негізгі қорлардың жыл басындағы санына қатынасы арқылы анықталады.

НЕГІЗГІ ҚОРЛАРДЫ ЖАҢА RTУ КОЭФФИЦИЕНТІ - негізгі қорлардың ұдайы өндірісін сипаттайтын көрсеткіш. Жыл ішінде енгізілген негізгі қорлардың элементтерінің жыл соңындағы санына қатынасымен анықталады.

НЕГІЗГІ ҚОРЛАРДЫ ШЫҒАРУ КОЭФФИЦИЕНТІ - негізгі қорлардың ұдайы өндірісін сипаттайтын көрсеткіш. Жыл ішінде шығарылған негізгі қорлардың жыл басындағы санына қатынасы арқылы анықталады, түрлері бойынша, топтары бойынша, партиялар, салалары, аймақтары бойынша есептеледі.

НЕСИЕ - қайтару шартымен, белгілі бір мерзімге қарызды пайдаланғаны үшін қарыз алушыға берген ақшалай немесе тауар нысанындағы қарыз.

НЕСИЕ БЕРУШІ - борышқордан берген қарызын қайтаруға немесе басқа да міндеттемелерді талап ету құқығы бар (заңды немесе жеке тұлға) субъект.

НЕСИЕ БОЙЫНША СЫЙАҚЫ - берілетін несие сомасына қатысты пайызбен бейнеленетін несиені пайдаланғаны үшін қарыз алушының төлейтін төлемі.

НЕСИЕ ҚОРЖЫНЫ - несиелік тәуекелдің немесе одан қорғану тәсілдерінің әр түрлі факторларына байланысты критерийлері бойынша жіктелген несиелерге байланысты банктің қоятын талаптарының жиынтығы. Несие қоржыны банктің берген несиелерінің негізінде қалыптасады. Несие қоржынын жиі талдап отыру қажет, себебі, талдау арқылы ғана несиелік жұмсалымдарды әртараптандыруға болады.

НЕСИЕ ЛИМИТІ - 1) несие берушінің қарыз алушыға беретін несие бойынша несиелік қатынастың шекті деңгейі; 2) қарыз алушының өз айналымында несиелік қаражаттарды пайдаланудың ең жоғарғы шегі. Несиелік лимит ішкі және сыртқы болып бөлінеді. Ішкі лимитті несие беруші банктің өзі өзінің қолында бар несиелік ресурс көлеміне және қарыз алушының несие алу мүмкіндігіне қарай белгілейді. Сыртқы лимит Қазақстан Республикасы Ұлттық банктің пруденциалдық нормативтер қатарында бір қарыз алушыға келетін тәуекелдің ең жоғарғы мөлшері ретінде белгіленеді. Ол норматив бойынша тәуекелдің (несие мөлшерінің) банк капиталына қатынасы арқылы есептеледі және оның мәні екі жағдайда белгіленеді: 1) 0,01-нан аспайтын мөлшерде, яғни ол банкпен тығыз қарым-қатынастылар үшін; 2) 0,25-тен аспайтын мөлшерде, яғни ол қалған қарыз алушылар үшін (соның ішінде, банктік несиелер үшін — 0,01).

НЕСИЕ ТАРИХЫ - ұзақ уақыт ішіндегі қарыз алушының банктік несиелерді алу және қайтаруы туралы нақты мәліметтер; қарыз алушының алған несиелерін қайтару тұрғысынан тұрақтылығын сипаттай отырып, банк тарапынан сол қарыз алушыға несие беру туралы шешім қабылдау барысында пайдаланылады.

НЕСИЕ ҮШІН ПАЙЫЗ - несие бергені үшін банкілер өндіріп алатын төлем, оның мөлшері несиенің көлеміне, жылдық төлем мөлшеріне, сондай-ақ экономикалық конъюнктура факторларына байланысты.

НЕСИЕЛЕУ ӘДІСТЕРІ - ссуданың берілу және қайтарылу ерекшеліктерімен байланысты болатын, банктік несиенің кәсіпорындардың қаражат айналымының шеберіне қатынасу тәсілдері.

НЕСИЕЛЕУ МЕХАНИЗМІ - несиенің берілу және қайтарылу әдістерін және несиелеу процесін, сондай-ақ несиенің қозғалысын бақылауды қамтитын несиелік механизмнің құрамдас бөлігі.

НЕСИЕЛЕУ ҮРДІСІ - несиелік операцияны ұйымдастыру ерекшелігін анықтайтын, банктен қабылдаған белгілі бір ретпен орналасқан несиелік қатынастарды іске асыру нысаны, яғни әдістері мен тәсілдері.

НЕСИЕЛЕУ СТАНДАРТЫ - бұл банкте несиелік қызметті жүзеге асыратын барлық қызметкерлердің жетекшілікке алатын құжаты.

НЕСИЕЛІК АҚШАЛАР - несиелік қатынастардың дамуымен пайда болған, қазіргі есеп айырысу және төлем механизмдерінің негізін құрайтын ақша түрлері. Несиелік ақшаларға алтынға айырбасталмайтын ақшалар: Орталық, банк билеті (банкнота), вексель, чек және несиелік карточкалар жатады.

НЕСИЕЛІК ЖЕЛІ - келісілген лимит шегіндегі белгілі бір уақыт ішіндегі қарыз алушыға несие беріп отыруға несиелік мекеменің оған берген заңды түрде рәсімделген міндеттемесі.

НЕСИЕЛІК ЖҮЙЕ - несиелік қанынастардың, несие беру нысандары мен әдістерінің, сондай-ақ осы несиелік қатынастарды ұйымдастыратын және несиелік мекемелердің жиынтығы. Қазақстан Республикасындағы несиелік жүйенің құрылымына: Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі, екінші деңгейдегі банктер және арнайы қаржы-несие ұйымдары жатады.

НЕСИЕЛІК КАРТОЧКА - карточканы шығарушы мен карточка иесі арасындағы келісімшартқа сәйкес, несиелік лимит көлемінде тауарлар мен қызметтер үшін төлемді жасауға, не қолма-қол ақша алуға арналған карточка.

НЕСИЕЛІК КЕЛІСІМШАРТ - несие беруші банк немесе басқа несиелік ұйым мен қарыз алушының арасында жасалатын, онда несие беруші мен қарыз алушының міндеттері мен құқықтары толық көрсетілетін заңды құжат.

НЕСИЕЛІК ҚАБІЛЕТ - қарыз алушының банк алдындағы өзінің қарызы бойынша міндеттемесін (негізгі қарызы мен пайызы) бойынша толық және уақытында қайтару мүмкіндігі. Әлемдік және отандық банктің тәжірибесінде қарыз алушының несиені өтеу қабілетін бағалауда мынадай критерийлерді бетке ұстайды: 1) клиенттің сипаты (занды тұлға ретіндегі оның беделі, менеджерлерін бағалау, серіктестерінің сипаты банк стандарттарына сай келуі; клиенттің экономикалық және несиелік тарихы); 2) қаражатты алу қабілеті (құжаттарға қол қою және келіссөз жүргізу құқығы, жеке тұлғаның іс-әрекет қабілеттілігі); 3) ағымдағы қызметінің жүруі барысында қарызды өтеу үшін қаражат таба алу қабілеті (баланс өтімділігі мен ақша ағымының күштілігімен, қызметінің тиімділігімен сипатталады); 4) клиенттің капиталы (капиталының жеткіліктілігі, қаржы тұрақтылығы коэффициенттерінің деңгейін сақтау, несиеленетін операцияларға меншікті капиталын салу дәрежесі); 5) несиенің қамтамасыз етілуі (активтер мөлшері, кепіл, кепіл-хат сапасы және т.б.); 6) несиелік мәміле жасалатын шарт; 7) қарыз алушының қызметінің заңды негізіне бақылау жасау және оның банктік стандартпен сай келуі. Несиені өтеу қабілетінің критерийлері оны бағалау тәсілдерінің мазмұнын анықтайды: іскерлік тәуекелін бағалау, менеджментін бағалау, қаржы коэффициенттері, ақша ағымын талдау негізінде клиенттің қаржылық

тұрақтылығын бағалау, клиент туралы ақпарат жинау, клиенттің жұмыс орнына бару арқылы бақылау.

НЕСИЕЛІК ҚОРЖЫНДЫ БАСҚАРУ - бұл банк қабылдауға дайын болып отырған тәуекел түрлерінің барлығын айқындауды және олардың ең жоғарғы жететін деңгейін анықтауды талап ететін жоғарғы жетекшілер қызметі.

НЕСИЕЛІК МЕХАНИЗМ - нарықтық қатынастарға сай экономиканың тиімді дамуын қамтамасыз ететін несиелік түрлерінен, несиелеу принциптерінен, несиелеу әдістері мен тәсілдерінен және несиелік тәуекелді басқарудан тұратын экономикалық механизмнің құрамдас бөлігі.

НЕСИЕЛІК МОНИТОРИНГ - несиені берген күннен бастап, оны толық қайтарғанға дейін бақылауды және қарыз алушының несиелік қабілетінің өзгерісін үнемі талдап отыруды, несиелік сапасының төмендеуі немесе несиелік келісімшарттың бұзылуы анықталған жағдайларда тиісті шаралар қолданылуы қамтитын банктің күнделікті жұмысы.

НЕСИЕЛІК НҮСҚУЛЫҚ - несиелеу процедураларын іске асырудың жалпы алгоритмін бекітетін кезектіліктің қадамдарын суреттеуді білдіреді.

НЕСИЕЛІК ОДАҚТАР - бұл белгілі бір жеке тұлғалардан немесе ұсақ несиелік мекемелерден ұйымдастырылатын несиелік кооперативтер.

НЕСИЕЛІК ӨТІНІШ - қарыз алушының банктен несиелік алу мақсатында толтыратын банктің нормативтік актілеріне сәйкес формасы бекітілген құжат.

НЕСИЕЛІК РЕЙТИНГ - несиені қайтару ықтималдығы, міндеттемені орындау тұрғысынан қарыз алушының несиені өтеу қабілеттілігін бағалау; мұндай рейтингті банктер немесе мамандандырылған консалтинг агенттіктері анықтайды.

НЕСИЕЛІК САНКЦИЯ - қарыз алушының несиелік келісімшартты бұзған жағдайда банк тарапынан қолданылатын шара.

НЕСИЕЛІК САЯСАТ - ішкі және сыртқы несиелерді беру шарты мен әдістерін, несиелеу ауқымын; несиелік үшін ақы алу; жеңілдікпен несиелер беруді; несиелердің толық бағдарламаларын қамтитын, мемлекеттің, үкіметтің және банктердің жүргізетін саясаты.

НЕСИЕЛІК СЕРІКТЕСТІК - бұл оның қатысушыларының бос ақшалай қаражаттарын жұмылдыру жолымен қаржылық көмек көрсету барысындағы қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында заңды және жеке тұлғалардың ерікті түрде бірігуінің нәтижесінде құрылған, банк болып табылмайтын және Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің лицензиясы негізінде жекелеген банк операцияларын жүзеге асыратын заңды тұлға.

НЕСИЕЛІК СКОРИНГ - несиелік келісімшартты бұзу ықтималдығы жағдайын бағалау және әлуелі қарыз алушыларды таңдау процесінде қолданылатын әдіс.

НЕСИЕЛІК ТӘУЕКЕЛ - қарыз алушының банктен алған қарызын және оған төлейтін пайызды қайтара алмау қаупі.

НЕСИЕЛІК ШЕКТЕУ - өнеркәсіп және сауда кәсіпорындарына несиелерді жалпы қысқарту, өндірісті қысу немесе оның өсу қарқынын тежеуге жол беретін инфляциялық процестер мен банктердің құлдырауын болдырмау,

алтын қорларының шетелге кетуіне тиым салу мақсатында коммерциялық банктерге Орталық банктің беретін несиелер көлемін шектеуі.

НЕСИЕНІ АВТОРИЗАЦИЯЛАУ - несиелік тәуекелді төмендету мақсатында жүргізілетін анықтамалар және тексерулер процесі.

НЕСИЕНІҢ НЫСАНЫ - бұл несиелік қатынастар құрылымының, олардың негізгі қызметтерінің, яғни әр алуан сыртқы және ішкі өзгерістер барысында толық сақталатын көрінісі.

-О-

ОБЛИГАЦИЯ - ұстаушысына тұрақты құнының тіркелген проценті түрінде табыс беретін бағалы қағаз; мемлекет немесе кәсіпорын ішкі заемды шығару кезінде белгілі бір шартпен беретін борыштық міндеттеме; жалған капитал нысандарының бір түрі.

ОБЛИГАЦИЯ ШЫҒАРУ - қарыз қаражаттарын тарту мақсатында айналысқа облигациялар шығару.

ОВЕРДРАФТ - клиенттің есеп айырысу, ағымдық және корреспонденттік шоттағы қаражат қалдығынан төлейтін төлемдер сомасы жоғары болған жағдайда банктің клиентке беретін қысқа мерзімді несиесінің ерекше нысаны. Мұндай жағдайда клиенттің шотынан қаражатты толық көлемде шегеріп тастап, банк, шоттағы қалдықтан асатын сомада клиентке автоматты түрде несие береді. Овердрафт нәтижесінде, бухгалтерлік тілмен айтқанда банкте дебеттік қалдық түзіледі. Овердрафты келісімшарт бойынша банктің ең сенімді клиенттері ғана пайдалана алады, ол келісімшартта овердрафтың ең жоғарғы сомасы, овердрафт бойынша несие беру және оны қайтару шарты көрсетіледі. Овердрафтың басқа қарыздардан ерекшелігі несиені қайтарудағы барлық сома клиенттің ағымдық шотында есепке алынады.

ОВЕРНАЙТ - ағымдағы банктік күннен келесі күнге дейінгі мерзімге жасалатын несиелік мәміле. Мәміле жасау жұма күні болса: онда мәміле мерзімі дүйсенбіге дейінгі мерзімді құрайды. Овернайт несиесін Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі екінші деңгейдегі банктерге береді.

ОЙЫН БИЗНЕСІНЕ САЛЫҚ - азартты ойындар мен бәстерге қойылатын ойын заттарына салық.

«ОН-ЛАЙН» РЕЖИМІ - банктік картаны шығарушымен арадағы электронды немесе телефон байланысы арқылы немесе магнитті штрихті картаның көмегімен жасалатын операция.

ОҢ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ САЛЬДО - бюджет кірістерінің шығындардан асып түскен сомасы.

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЕМЕС ТАБЫСТАР – кәсіпорынның негізгі емес (өндірістік емес) қызметтен келген табыстары. Мысалы, ғимараттарды жалға беруден, құнды қағаздарға салынған салымдардан және т.б.

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚАЛДЫҚ - бюджет кірістері мен шығыстарының арасындағы айырма.

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТҮТҚА ТИІМДІЛІГІ - операциялық тұтқа тиімділігі өткізуден түскен табыстың өзгеруі пайданың өзгеруіне әкелетіндігін түсіндіреді.

ОПЦИОН - сатушының белгілеген күнінде немесе одан бұрын базалық активті сатып алуға (сатуға) құқық алатын немесе сыйақы төлеп қана мәміленің орындалуынан бас тартуға құқылы, біреуі осы контрактінің иесі (немесе сатып алушы) болып табылатын екі қатысушысының арасында жасалатын келісімшарт. Опционный екі түрі болады: опцион «колл» және опцион «пут». Опцион «колл» бағалы қағазды сатып алуға құқық берсе, ал опцион «пут» оны сатуға құқық береді.

ОРГАГРАММА - сандық сипаттамасыз өндірістегі (құрылымды, байланыстарды, өзара байланыстарды) ұйымдастырушылық қатынастарды көрсететін сызба.

ОРДЕР - бір нәрсені алу үшін, мысалы тауарды немесе белгіленген мерзімде, алдын ала бекітілген бағамен, оның иесіне бағалы қағаздарды сатып алуға құқық беретін сертификат және ол аударып жазу немесе жазбаша бұйрық негізінде жүзеге асырылады.

ОРТА МЕРЗІМДІ ФИСКАЛДЫҚ САЯСАТ - алдағы үш жылдық кезеңге арналған салық-бюджет саясатын, соның ішінде, мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттердің болжамдық көрсеткіштерін, бюджеттік бағдарламалардың өткен кезең ішінде іске асырылу тиімділігін бағалау нәтижелерін, бюджет қаражатын жұмсаудың басым бағыттарын, республиканың немесе әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарын іске асыру тәсілдерін, бюджетаралық қатынастардың даму бағыттарын, мемлекеттік және мемлекет берген қарыз алу мен борыш саласындағы саясатты, ықтимал фискалдық тәуекелдерді айқындайтын құжат.

ОРТАҚ ИНДЕКСЕТЕЛЕТІН АЙЛЫҚ ТАБЫС - егер қызметкер айына нақты бір ақша сомасын алатын болса, онда жылдық табыстан ұсталатын ақша сомасы айлық соманы он екіге көбейту арқылы есептеледі. Кей кезде бұл тұрақты табысы жоқ немесе жыл қорытындысы бойынша үлкен марапат сомасын алатын азаматтарға қиындық туғызады.

ОРТАҚ САҚТАНДЫРУ - бірнеше сақтандырушының нақты бір үлес пен бір мезгілде белгілі бір тәуекелден мүлікті сақтандыруы.

ОРТАЛЫҚ ДЕПОЗИТАРИЙ - бағалы қағаздар нарығының қаржы құралдары мен мәмілелерді тіркеуді, депоненттердің (олардың клиенттерінің) қаржы құралдары бойынша құқықтарын есепке алуды іске асыратын ұйым.

-Ө-

ӨЗАРА САҚТАНДЫРУ - бекітілген шартқа сәйкес шеккен залалды белгілі бір мөлшерде өтеу туралы заңды және жеке тұлғалардың арасындағы өзара келісім.

ӨЗАРА САҚТАНДЫРУ КЛУБЫ - кеме иелерінің арасында теңіз сақтандыруын ұйымдастырудың ерекше нысаны.

ӨЗІН-ӨЗІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ - шаруашылық субъектілерінің ұдайы өндіріске меншікті қаржы ресурстарын пайдалануы.

ӨЗІН-ӨЗІ САҚТАНДЫРУ - ақшалай немесе заттай нысанда орталықтандырылмаған сақтандыру қорын құрудың бір нысаны (кез келген занды немесе жеке тұлға) оны дербес құрады.

ӨКІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТТІК ҰЙЫМ - мемлекет алдындағы салық міндеттемелердің орындалуын салықтық бақылауды қамтамасыз ететін мемлекеттік ұйым.

ӨМІР СҮРУ ДЕҢГЕЙІ - индивидті немесе отбасының қолданатын игіліктерінің саны арқылы анықталатын материалдық жағдайының деңгейі.

ӨМІРЛІК САҚТАНДЫРУ - қайтыс болған және еңбек ету қабілетінен айрылған жағдайға арналған сақтандырудың бір түрі, мұнда сақтандырушыға шарт бойынша сақтандырылған адамның бүкіл өмір бойына жауапкершілік жүктеледі.

ӨНДІРУ - жекелеген салық, объектілерін салық салудан босатуға бағытталған салық жеңілдігі. Мерзімі бойынша бұл жеңілдік тұрақты (заңмен бекітілген) және уақытша, яғни шектеулі мерзімге берілген дербес жеңілдік немесе ағымдағы қаржы (бюджет) жылына арналған бюджет туралы заңда қарастырылған жеңілдік болып жіктеледі.

ӨНДІРІС ФАКТОРЛАРЫ - тауарлар өндіру мен қызмет көрсетуде қолданылатын ресурстардың кез келген түрі. Өндіріс факторлары негізінен төрт топқа топтастырылады: адамдарға көрсетілетін еңбек немесе қызмет; капитал немесе адамдар дайындаған өндіріс құрал-жабдықтары; патенттелген өндіріс процесі нысанындағы ақпарат; жер немесе табиғат ресурстары.

ӨНДІРІС ШЫҒЫНДАРЫНЫҢ ЕСЕБІ - басқару есебінің және өзіндік құнды бақылау құралы. Шығарылатын өнім түріне байланысты есеп әдісін таңдаудың және сәйкес шығындарды бақылаудың әр түрлі жолдары бар.

ӨНДІРІСТЕН ТЫС ШЫҒЫНДАР - өндірілген өнімді өткізумен байланысты шығындар, оған өнімнің жалпы өзіндік құнына қоса өндірістік өзіндік құн кіреді.

ӨНДІРІСТІК ЕМЕС ТҮСІМДЕР - занды және жеке тұлғалардың қандай да бір тауарлар мен қызметтерді өндіру және өткізумен байланыссыз, яғни өндірістік емес қызмет нәтижесінде алынған табыстар. Мысалы, мүлікті жалға бергеннен алынған табыстар, дивиденд және марапат нысанындағы қаржылық активтерден табыстар және меншіктен түсетін басқа да табыстар.

ӨНІМНІҢ ПАЙДАЛЫЛЫҒЫ - өнімді өндіруден түскен пайданың, өнімді өндіру және бөлу кезінде қалыптасқан шығындарға қатынасы.

ӨСІМ - қаржы міндеттемелерінің дер кезінде орындалмағаны үшін санкция; ол салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу мерзімін өткізіп алғанда, тауарлы-материалдық құндылықтарға, орындалған жұмыстар мен қызметтерге ақшаны кешіктіріп төлегені үшін қолданылады. Мерзімі өткен әр күн үшін орындалмаған міндеттеменің сомасына пайыз түрінде қолданылады.

ӨТЕЛГЕН АККРЕДИТИВ - банк-эмитент аккредитив ашу барысында төлеушінің меншікті қаражатын немесе оған берілген несиені

жабдықтаушының банкіне (орындаушы банкке) жеке баланстың шотқа аударуын сипаттайтын аккредитив түрі.

ӨТКІЗУ ҚҰРЫЛЫМЫ - кәсіпорында өткізілетін өнімнің жалпы көлемінде әр түрлі категориядағы өткізілетін өнімдердің қатынасы (сұрыптамалық ұстанымы бойынша, төлем формасы бойынша, қаражаттардың болашақтағы түсімнің сенімділігі бойынша және т.б.).

ӨТКІЗУДЕН ТЫС ТАБЫСТАР - бағалы қағаздар операцияларына қатысқан еншілес кәсіпорындардың шетелдік валюта бағамының өзгерісінен алынған табыстары.

ӨТКІЗУДЕН ТЫС ШЫҒЫНДАР - негізгі өнімді өндіру және өткізумен байланыссыз, бірақ шаруашылық қызметтің қаржылық нәтижелеріне қатысты шығындар.

ӨТІМДІЛІК КОЭФФИЦИЕНТІ - ағымдағы міндеттемелерді жабу деңгейімен сипаттайтын қаржылық коэффициенттің бір түрі.

ӨТІМДІЛІКТІ БАҒАЛАУ - өтімділік коэффициенті есебі жолымен қарызгердің өз міндеттерін өтеу қабілеттілігін бағалау.

-II-

ПАЙДА - кәсіпорынның шаруашылық қызметінің қаржы нәтижесін білдіретін экономикалық категория. Есеп айырысу, қалдықтық, т.б. пайда түрлеріне бөлінеді.

ПАЙДАНЫҢ ШКІ НОРМАСЫ - жобаның таза ағымдағы құны нольге тең болған жағдайдағы дисконт ставкасының мәні. Бұл көрсеткіш шығындарды талдау барысында қолданылады.

ПАЙЫЗ - 1) санның жүзден бір бөлігі; 2) несиелік пайыз - қарыз алушының пайдаланған қаражаты немесе материалдық құндылықтары үшін қарыздың төлемі; 3) депозиттік пайыз - белгілі мерзімге берген салым бойынша банктің салым иесіне төлейтін ақысы.

ПАЙЫЗ МӨЛШЕРЛЕМЕСІ - қарыз несие үшін төленетін пайыз мөлшері; белгілі уақыт ішінде (ай, жыл) қарыз алушының несие берушіге төлейтін пайыздық төлемдерінің қатысты шамасы. Пайыз мөлшерлемесіне несие берушінің пайдасы тікелей байланысты болады. Инфляция жағдайында пайыз мөлшерлемесі өседі, себебі оның құрылымына толық немесе жартылай күтілетін инфляция деңгейі кіреді. Несие мерзімінің соңына дейін мөлшері тіркелмеген пайыз мөлшерлемесі өзгермелі мөлшерлеме деп аталады.

ПАЙЫЗ ТӘУЕКЕЛІ - берілген несиелерге байланысты пайыз мөлшерлерінен тартылған қаражат бойынша бөлінетін пайыз мөлшерлерінің артық кетуі. Нәтижесінде коммерциялық банктер, несиелік мекемелер және инвестициялық ұйымдар қызметі процесіндегі зияндардан пайда болу қаупі. Пайыз тәуекеліне инвестордың құнды қағаздар нарығындағы пайыз мөлшерлеріндегі өзгерістерге байланысты зиян шегу қаупі де жатады.

ПАЙЫЗДЫҚ АРБИТРАЖ - екі пайыздық ставканың және екі валюталық курстың өзгеруіндегі теңсіздік нәтижесінде пайда болады.

ПАЙЫЗДЫҚ ТӨЛЕМДЕРДІ ӨТЕУ КОЭФФИЦИЕНТІ - кәсіпорын жағынан қарыздардың төленбей қалу ықтималдылығынан кредиторлардың қорғану деңгейін бағалайтын көрсеткіш. Операциялық пайданың пайыздарды төлеу шығындарына қатынасы ретінде есептеледі. Коэффициенттің қалыпты шамасы болып 3 және 4 аралығындағы мәндер есептеледі.

ПАЙЫЗДЫҚ ШЫҒЫСТАР - клиенттердің талап ету және мерзімді депозиттері, басқа банктердің депозиттері бойынша, басқа да банктерден сатып алынған несиелік ресурстар үшін, сондай-ақ шығарған бағалы қағаздар бойынша төленген пайыздардан құралады.

ПАССИВ ҚҰРЫЛЫМЫН ТАЛДАУ - кәсіпорынның меншікті және қарыз қаражаттары арақатынасын анықтау, сонымен бірге оларды құрайтын баптарды талдау. Белгілі бір уақыт аралығындағы пассив баптарының өзгеру динамикасын анықтау.

ПАССИВТІ ДЕПОЗИТТІК ОПЕРАЦИЯЛАР - бұл клиенттердің уақытша бос ақша қаражаттарын белгілі уақытқа және пайыз төлеу шартымен тартумен байланысты операциялар.

ПАССИВТІК ТӨЛЕМ БАЛАНСЫ - елдің шетке жұмсалған төлемдері мен шығындарының шетелден түсетін түсімдерден асып түсуін сипаттайтын төлем балансы.

ПИБОР - бірінші класты банктерге беретін Париж банктерінің қысқа мерзімді несиелері бойынша пайыз мөлшерлемесі.

ПОЛИС - сақтандыру мәмілесін растайтын құжат. Мұны сақтандырушы сақтанушыға келісімшарт жасалғаннан кейін береді.

ПОРТФЕЛЬДІК ИНВЕСТИЦИЯЛАР - мемлекеттік, муниципалдық өзін-өзі басқару органдардың, корпоративтік компаниялардың шығарған акцияларына, облигацияларына және басқа да бағалы қағаздарына жұмсаған ақша қаражаттары.

ПОС - эквайрер банкпен өзара жасалған келісімшартқа сәйкес, тұтынушылардың сатып алған тауарлар мен қызметгері үшін төлем құралы ретінде банктік картаны қабылдайтын, сауда немесе қызмет көрсететін кәсіпорын.

ПОС-ТЕРМИНАЛ - сауда немесе қызмет көрсететін кәсіпорында банктік карточкаларға қызмет көрсетуге арналған құрылым.

ПРАЙМ-РЕЙТ - ең сенімді, қаржылық жағдайы тұрақты, бірінші класты ірі қарыз алушыларды несиелеуге арналған банктің белгілейтін ең төменгі (базалық) мөлшерлемесі.

ПРОВИЗИЯ - активтерді қайтармаудан туындайтын немесе олардың құндарының төмендеуінен туындайтын шығынды жабуға қажетті ақшалай резервтер. Провизияның екі түрі болады: арнайы және жалпы провизиялар.

ПРОПОРЦИОНАЛДЫҚ ТАБЫС САЛЫҒЫ - табыс мөлшеріне байланыссыз ставкасы өзгеріссіз калатын салық.

ПРОЦЕССИНГТІК ОРТАЛЫҚ - төлем жүйесінің технологиялық ядросы болып саналатын мамаңдандырылған есептеу орталығы. Процессингтік орталық мынадай қызметтерді атқарады: төлем карточкалары бойынша транзакцияларды өңдеп, қажетті құжаттарды дайындау; төлем жүйесіне

қатысушы банктер арасында өзара есеп айырысуларды жүргізуге арналған акпараттар даярлау; төлем карточкаларын, соның ішінде, халықаралық төлем карточкаларын пайдалану арқылы жүзеге асырылатын төлемдер клирингін ұйымдастыру; төлем жүйесіне қатысушы банктердің үстеме шығыстарын азайту мақсатында екінші деңгейдегі банктер мен бағдарламалық-техникалық құралдарды көтерме бағамен жабдықтаушылар арасында байланыстыру жұмыстарын ұйымдастыру; қатысушы банктерді техникалық және акпараттық жағынан қолдау; төлем карточкаларын қабылдау торабын ұйымдастыру. Қазақстанда 2000 жылдың аяғында Қазақстан Республикасының Ұлттық банктің құрылтайшылығымен жабық акционерлік қоғам формасында «Процессингтік ортлық» құрылды. Мұндай ұйымды құрудың басты мақсаты Қазақстанда төлем карточкаларын пайдаланудың біртұтас кеңістігін жасау болып табылды.

-Р-

РАМБУРС – халықаралық саудада сатып алынған тауардың ақшасын, әдетте банк арқылы төлеу.

РАМБУРСТЫҚ НЕСИЕ - шикізаттарды ішке алып кіру және жартылай фабрика және дайын өнімдерді сыртқа шығару тәжірибесінде пайдаланылатын несие.

РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР - тіркелген азаматтық-құқықтық мәміленің шарттарына немесе қолданыстағы заңнаманың талаптарына сай тауарлардың жеткізілу (жұмыстардың атқарылу, қызметтердің көрсетілу) фактісін дәлелдейтін құжаттар.

РЕВАЛЬВАЦИЯ - басқа елдердің валютасына шаққанда Ұлттық валюта курсының өсуі. Берілген мемлекет үшін импорттың арзандауына, экспорттың қымбаттауына әкеледі.

РЕВЕРСИЯ - жылжымайтын мүліктерге инвестицияны талдау барысында қолданылатын болашақтағы құнның синонимі.

РЕВИЗИЯ - мекеменің, кәсіпорынның немесе лауазымды адамның шаруашылық қаржы қызметін тексеру, тексеруді олардың жұмысындағы кемшіліктерді ашып, жою, сондай-ақ олардың әрекеттерінің заңдылығын анықтау мақсатымен мемлекеттік орган тексеруге өкілеттік берген адамдар жүргізеді. Ревизияның мақсаты - шаруашылық және қаржы операцияларын жүргізу барысында олардың негізделуін, мүлік пен міндеттемелердің болуы мен қозғалысын, бекітілген нормативтер мен сметаларға сәйкес материалдық және ресурстардың пайдалануын заңдылықтардың сақталуын бақылауды жүзеге асыру.

РЕГРЕССИВТІК САЛЫҚ - салық салынатын табыс мөлшерінің кемуіне байланысты салық төлеушіге түсетін ауыртпашылығы пропорционалды өсетін салық.

РЕЗЕРВТІК ВАЛЮТА - 1) халықаралық есеп айырысуларды жүзеге асыру мақсатында басқа елдердің Орталық банктерінде ақшалай қаражаттар резервін құру үшін пайдаланылатын бүкіл әлемге танымал валюта; 2)

халықаралық есеп айырысулар үшін пайдаланылатын әлемнің жетекші елдерінің Ұлттық-несиелік ақшалары мен валюталары. Резервтік валюталарға АҚШ доллары (оның олемдік валюталар резервіндегі үлесі 60%) Еуропа еурасы, ағылшын фунт стерлингі және т.с.с. жатады.

РЕЗИДЕНТ - нақты бір елдің азаматтары, заңды тұлғалары және ел аумағында 183 күн не одан астам қызмет жасап, табыс табатын шетелдік заңды және жеке тұлғалар, азаматтығы жоқ адамдар.

РЕЗИДЕНТ ЕМЕСТЕР - ел аумағында 183 күн не одан кем уақыт қызмет жасап, табыс табатын шетелдік заңды және жеке тұлғалар, азаматтығы жоқ адамдар.

РЕИМПОРТ - шетелде өңделмеген отандық тауарларды (сатылмаған, ақаулы, т.б.) одан кері қайтарып әкелу.

РЕИНВЕСТИЦИЯ - инвестиция бойынша табыс түрінде алынған қаражатты инвестициялау; пайданы өндірісті ұлғайтуға жұмсау.

РЕИНВЕСТИЦИЯЛАУ ТӘУЕКЕЛІ - реинвестицияланатын кейінгі купондық төлем әкелетін табыс нормасынан туындайтын, қағаздарды иемденген сәтте анықталмаған, бағалы қағазды талдаудағы табыс тәуекелі.

РЕЙДТІК ТЕКСЕРУ - салық заңнамасының жекелеген талаптарының сақталуы мен орындалуын тексеру барысында салық органының жүргізетін салықтық бақылауы.

РЕМИЗ - маклер мен бағалы қағазды сатып алушы арасында делдал болған маклер төлейтін комиссиялық сыйақы.

РЕНТА - алушыдан кәсіпкерлік қызметті талап етпейтін капиталдан, мүліктен немесе жерден ұдайы алынып отыратын табыс; көптеген елдерде — меншік иесінің мемлекеттік заем облигациялары бойынша алатын табысы.

РЕНТАБЕЛЬДІЛІК - кәсіпорын жұмысы тиімділігінің көрсеткіші, ол пайданың негізгі өндірістік қорлар мен нормаланатын айналым қаржысының орташа жылдық құнына қатысы арқылы айқындалады. Құрылыста - пайданың құрылыс-монтаж жұмыстарының көлеміне қатысы.

РЕСМИ ТРАНСФЕРТТЕР - бюджет бір деңгейінен екіншісіне, Ұлттық қордан бюджетке түсетін трансферттік түсімдер.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТ - Заңмен анықталған салықтар және басқа да түсімдер есебінен тиісті қаржы жылына арналып құрылатын және орталық мемлекеттік органдардың, оларға ведомствалық бағынышты мемлекеттік мекемелердің міндеттері мен функцияларын қаржымен қамтамасыз етуге және мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға арналған орталықтандырылған ақша қоры.

РЕСУРСТАРДЫ БАСҚАРУ - нақты мақсатты жүзеге асыру үшін, атап айтқанда, салық, ақпараттарын алу және жинақтау үшін қажетті ресурстардың жұмсалуды бақылау және басқару.

РЕТРОЦЕДЕНТ - қайта сақтандыруға қабылданған тәуекелдерді ретроцессияға беретін сақтандыру немесе қайта сақтандыру компаниясы.

РЕТРОЦЕССИЯ - 1) қайта сақтандыруға қабылданған тәуекелдерді (қайта сақтандырушының меншікті үсталымының максимумынан жоғары) одан әрі беру процесі; 2) тәуекелдерді үшінші рет орналастыру (қайта сақтандырудан

кейін). Ретроцессия арқылы тәуекелдің бір бөлігі бастапқы сақтандырушыға берілуі мүмкін. Көп жағдайда, қайта сақтандыру келісімшартына «ретроцессия шығынсыз» деп көрсетіледі.

РЕФАКЦИЯ - тауардың кемуіне немесе бүлінуіне байланысты сатушының сауда мәмілесі бойынша тауардың бағасын немесе салмағын шегеруі; жүктің мөлшері шамадан тыс көбейіп кеткенде ерекше келісіммен жүк жөнелтушіге берілетін тауардың шегермесі.

РЕЦИПИЕНТ - төлемді немесе жәрдем қаржыны алушы, ақпарат жолданған жеке адам. Жарнама реципиент терминімен қоса жарнама алушы, жарнама субъектісі, мақсатты топ деген терминдер де қолданады.

РЕЭКСПОРТ - бұрын шет елден әкелінген тауарды өңдемей-ақ елден кері әкету.

РИТОРНО - сақтанушы жасалған шартты бұзуға құқық беретін мән-жайлардың салдарынан осы шартты бұзғанда сақтандыру сыйақысының бір бөлігін сақтандырушының ұстап қалуы. Әдетте сақтанушы осы мүддеде бұрын сақтандыру шарты жасалғанын білмеген жағдайда бұл екі жақты сақтандыруда орын алады.

РОЯЛТИ - нақты тұрақты мөлшерлеме бойынша белгіленген және лицензиат нақты келісілген мерзімінен кейін төлеп тұратын тұрақты өсім жарнасы. Ол әр түрлі әдіспен есептеледі: өндірілген өнім құнынан, лицензияланған өнімнің сатылған сомасынан, арнаулы келісілген негіз бойынша шығарылған және өткізілген бұйымдардан бағасына немесе өзіндік құнына өсім түрінде (патенттелген жабдықтың белгіленген қуатынан), өндіріс процесінде тұтынылатын жекелеген компоненттердің құны немесе саны негізінде патенттеу әдісі бойынша өңделген шикізаттың мөлшерінен есептеледі.

РҰҚСАТ - бюджет қаражатының көлемін айқындайтын құжат. Мемлекеттік мекемелер осының шегінде міндеттемелер қабылдайды. Рұқсат ағымдағы қаржы жылының 31-ші желтоқсанына дейін күшінде болады.

-С-

САҚТАНДЫРУ АГЕНТІ - берілген өкілеттікке сәйкес сақтандыру ұйымының атынан немесе тапсырмасымен сақтандыру келісімшартын бекіту бойынша делдалдық қызметті жүзеге асыратын заңды немесе жеке тұлға.

САҚТАНДЫРУ АЯСЫ - ерікті сақтандырудың қандай да бір түріне қамтылуы мүмкін объектілердің жалпы саны.

САҚТАНДЫРУ БАҒАСЫ - сақтандыру мақсатында объектінің құнын (мүлікті сақтандыруда) анықтау.

САҚТАНДЫРУ БРОКЕРІ - сақтандыру мәселелері бойынша кеңес беру қызметін және өз атынан және сақтанушының атынан сақтандыру келісімшартын немесе өз атынан және цеденттің тапсырмасы бойынша қайта сақтандыру келісімшартын жасау тәрізді делдалдық қызметпен айналысатын заңды тұлға.

САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕСІ - сақтандыру ұйымының сақтандырудың белгілі бір түрі бойынша сақтандыруды жүзеге асырудың шарттарын анықтайтын құжат.

САҚТАНДЫРУ ЖАРНАСЫ - сақтандыру үшін төлем. Сақтандыру тарифі мен сақтандыру сомасының көбейтіндісін 100 пайызға бөлу арқылы анықталады.

САҚТАНДЫРУ ЗАЛАЛЫ - сақтандыру бағасы бойынша бөлінген мүліктің құнсызданған немесе толық жойылған бөлігінің құны.

САҚТАНДЫРУ КЕЛІСІМШАРТЫ - сақтанушы мен сақтандырушының белгілі бір сақтандыру түрінің шарттарына сәйкес өзара міндеттері көрсетілген келісімі.

САҚТАНДЫРУ КУӘЛІГІ - сақтандыру туралы мәмілені куәландыратын сақтандыру органының (сақтандырушының) құжаты.

САҚТАНДЫРУ ҚОРЖЫНЫ - сақтандырушының залалды ұтымды бөлу мақсатымен арнайы қабылданған және іріктелген тәуекелділік жауапкершілігін біріктіруі.

САҚТАНДЫРУ МЕРЗІМІ - сақтандыру келісімшарты қолданыста болатын уақыт аралығы.

САҚТАНДЫРУ МҮДДЕСІ - 1) сақтандыруға қатысушылардың сақтандыруды қажетсінуі; 2) залал сомасы бағаланатын сақтандыру сомасы.

САҚТАНДЫРУ ӨТЕМІ - залалдық төленуге тиісті толық немесе жарты сомасы.

САҚТАНДЫРУ ӨТЕМІН АЛУШЫ - сақтандыру келісімшарты бойынша тиісті акша қаражаттарын алу құқығы берілген тұлға.

САҚТАНДЫРУ РЕЗЕРВТЕРІ - актуарлы есептеулер негізінде бағаланған сақтандыру (қайта сақтандыру) келісімшарты бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының міндеттемелері.

САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ - заңмен бекітілген немесе сақтандыру келісімшартымен анықталған ақша сомасы, осыған байланысты сақтық жарнасы мен сақтық төлемінің мөлшері анықталады.

САҚТАНДЫРУ СОМАСЫНЫҢ ЗАЛАЛДЫҒЫ - сақтандыру өтемінің (сақтандыру сомасының) жиынтық мөлшерінің барлық сақтандырылған объектілердің сәйкес сақтық сомасына қатынасы. Нетто-мөлшерлемесінің негізі болып табылады.

САҚТАНДЫРУ ТАРИФИ - сақтандыру сомасының бір бірлігінен (теңгемен) немесе жиынтық сақтандыру сомасынан пайыздық ставкамен алынатын төлем. Ол нетто-мөлшерлемесі мен жүктемеден тұрады.

САҚТАНДЫРУ ҰЙЫМЫ - уәкілетті мемлекеттік орган лицензиясы негізінде сақтандыру келісімшартқа отырып, оны орындауды жүзеге асыратын заңды тұлға.

САҚТАНДЫРУ ФРАНШИЗАСЫ - сақтандырушыға өтелетіннен бөлек залал үлесі. Франшиза шартты және шартсыз болуы мүмкін. Шартты (шегерілмейтін) франшиза бекітілген жағдайда сақтандырушы франшиза сомасы мөлшерінде залал бойынша жауапкершілік алмайды, бірақ осы сомадан асқан залалдың барлығын толығымен өтейді. Шартсыз (шегерілетін)

франшиза бекітілген жағдайда франшиза сомасы шегерілгеннен кейін қалған залал сомасының барлығын өтейді.

САҚТАНДЫРУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІ - сақтандырылған мүліктің сомасы мен нақты залал, яғни шеккен залалдың өтелу дәрежесі арасындағы арақатынасқа жүйеленген мүлікті сақтандырудағы залалды өтеудің ғылыми негізделген жүйесі.

САҚТАНДЫРУДЫҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ СУБЪЕКТІЛЕРІ - сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдары.

САҚТАНДЫРЫЛҒАН АДАМ - өмірі, денсаулығы, жұмыс қабілеттілігі сақтандырудың объектісі болып табылатын жеке тұлға.

САҚТАНУШЫ - заңға сәйкес сақтанушы болып табылатын немесе сақтандыру келісімшартына отырып және сақтандыру жарнасын төлейтін қабілетті заңды немесе жеке тұлға.

САЛЫҚ - заңды және жеке тұлғалардан мемлекеттің заңымен белгіленген мөлшерде және мерзімде мемлекеттік бюджетке бір жақты қайтарымсыз сипатта төленетін міндетті ақшалай төлемдер.

САЛЫҚ АГЕНТІ - төлем көзінен ұсталатын салықтарды есептеп, ұстап, бюджетке аудару міндеті жүктелген заңды тұлға, жеке кәсіпкер, жеке нотариустар мен адвокаттар.

САЛЫҚ АМНИСТИЯСЫ - айыппұл қолданылмай, өткен кезеңдегі салық қарыздары өтелетін кезең.

САЛЫҚ АУЫРТПАЛЫҒЫ - азаматтардың тура және жанама салықтарды төлеумен байланысты жалпы шығындары.

САЛЫҚ БАЗАСЫ - салық мөлшерлемесін қолдана отырып, салық оклады есептеудің негізі. Салық базасын құндық және көлемдік - құндық, табиғи көрсеткіштермен анықтайды.

САЛЫҚ ДЕМАЛЫСЫ - қайтадан құрылған кәсіпорындардың (салалардың) салық, төлеуден белгілі бір кезең аралығында босатылуы. Бұл шара қайтадан құрылған кәсіпорындардың дамуын ынталандыру және қолданыстағы өндірісті диверсификациялау мақсатында жүргізіледі.

САЛЫҚ ЖЕҢІЛДІКТЕРІ - салық базасын анықтау барысында төмендету, шегерім арқылы жекелеген заңды және жеке тұлғаларды салық төлеуден толық немесе ішінара босату. Салық жеңілдіктері салық төлеушінің салық, міндеттемесінің мөлшерін кеміту және төлеу мерзімін өзгерту (ұзарту немесе тоқтату) мақсатында қолданылады.

САЛЫҚ ЖИНАУ ШЫҒЫСТАРЫ - салық жинау бойынша қызметін жүзеге асыру барысында салық қызметі органдарының шегетін әкімшілік шығындары.

САЛЫҚ ЖҮЙЕСІ - мемлекет белгілеген қаржы ресурстарының жалпы мемлекеттік орталықтандырылған қорын құру мақсатымен алынатын салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің жиынтығы, сондай-ақ салық салу қағидаларының, әдістері мен тәсілдерінің, салық қызметі органдарының жиынтығы.

САЛЫҚ КЕЗЕҢІ - салық заңнамасына сәйкес, салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің бюджетке төлену мерзімі.

САЛЫҚ КӨЗІ - салық салынатын табыс немесе мүлік. Мысалы, жекелеген салықтар бойынша салық көзі мен объектісі бір нәрсе (жеке табыс салығы); кейбір жағдайларда салық көзі салық төлеушінің салықты төлеуі үшін сатқан мүлігінің бір бөлігі болуы мүмкін.

САЛЫҚ ҚҰПИЯСЫ - жекелеген арнайы келісілген жағдайлардан басқа кезде салық төлеушіге қатысты мәліметтерді құпия сақтау.

САЛЫҚ МЕХАНИЗМІ - әр түрлі реттеу құралдарының жүйесі арқылы салық салуды мемлекеттік басқарудың ұйымдық-құқықтық нормаларының, әдістері мен нысандарының жиынтығы.

САЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕСІ - салық заңнамасына сәйкес, салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерге байланысты заңды және жеке тұлғалардың мемлекет алдында туындайтын міндеттемесі.

САЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕСІ - салық салудың бір бірлігіне шаққандағы салық мөлшері, салық салу нормасы.

САЛЫҚ НЕСИЕСІ - салық ставкасы немесе салық оклады төмендетуге бағытталған жеңілдік.

САЛЫҚ ОБЪЕКТІСІ - заңға сәйкес салық салынатын табыс, зат, әрекет (тауарлы-материалдық құндылықтар, ақша операциялары, мүлік, т.б.).

Салық оклады — есептелген және бюджетке төленуге тиесілі салық сомасы.

САЛЫҚ САЛЫНАТЫН ТАБЫС - түзетулерді ескере отырып, жылдық, жиынтық табыс пен заңмен белгіленген шегерімдер арасындағы айырма ретінде анықталады.

САЛЫҚ САЛЫНБАЙТЫН МИНИМУМ - салық салу барысында салық салынатын табысқа енгізілмейтін табыстың бір бөлігі.

САЛЫҚ САЯСАТЫ - қоғам дамуының нақты бір кезеңіндегі әлеуметтік-экономикалық, және басқа да міндеттері мен мақсаттарына байланысты экономикалық саясатқа сәйкес өңделген мемлекеттің салық салу саласындағы шараларының жиынтығы.

САЛЫҚ СТРАТЕГИЯСЫ - мемлекеттің салық салу саласындағы ұзақ мерзімді бағытын анықтайды және ірі ауқымды міндеттерді шешуді қарастырады.

САЛЫҚ ТАКТИКАСЫ - салық жүйесі мен салық механизміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы нақты кезеңдегі даму міндеттерін шешуді қарастырады.

САЛЫҚТЫҚ ТЕКСЕРУЛЕР - салық заңнамасын орындау барысында салық, қызметі органдарының жүргізетін бақылаулары.

САЛЫҚ ТӨЛЕУДЕН ЖАЛТАРУ - әр түрлі заңсыз жолдармен салық төлеуден толық немесе ішінара жалтару. Атап айтқанда, салық салынатын табысты жасыру, салық органдарына жалған мәлімет немесе құжат тапсыру арқылы салық сомасын кеміту.

САЛЫҚ ТӨЛЕУШІ - салық заңнамасында белгіленген мөлшерде, мерзімде және тәртіпте салық төлеу міндеті жүктелген заңды және жеке тұлға.

САЛЫҚ ТӨЛЕУШІНІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚҰЖАТЫ - бекітілген электрондық, форматтағы салық, төлеушінің электрондық, сандық қолтаңбасымен расталған электрондық құжат.

САЛЫҚ ТӨЛЕУШІНІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ САНДЫҚ ҚОЛТАҢБАСЫ - электрондық сандық қолтаңба құралдармен жасалған және электрондық құжатты, оның мазмұнының нақтылығы мен салық төлеушіге тиесілі екендігін растайтын электрондық сандық символдардың салдары.

САЛЫҚТАРДЫ АУДАРУ - салық, ауыртпалығын тұтынушыларға аудару. Бұл әдіс сұранысы икемсіз тауарларға байланысты қолданылады.

САЛЫҚТАРДЫ КОМПЕНСАЦИЯЛАУ - салық төлеушіге төлеген салықтарының бір бөлігін ақшалай түрде тікелей қайтару (салықтарды тікелей компенсациялау), мысалы: салықты нақты төлегеннен кейін, салық жеңілдігін пайдалануға құқығы пайда болған жағдайда, сондай-ақ өнім бағасын көтеру арқылы (салықтарды жанама компенсациялау) жүргізілуі мүмкін.

САЛЫҚТАРДЫҢ СЫНЫПТАМАСЫ - салықтардың әр түрлі нышандары бойынша топтастырады. Ол салық салуды ұтымды басқаруды ұйымдастыру барысында өте маңызды. Салықтарды топтастырудың салық есебін, мәліметтерін машинамен өңдей отырып, есептерді құруды оңайлату, ғылыми-практикалық зерттеулер жүргізу үшін өте қажет.

САЛЫҚТЫ ЕСЕПТЕУ - салық, кезеңінде төленуге тиісті салық мөлшерін бағалау.

САЛЫҚТЫ ӨТЕУ - салық, сомасы салық төлеушіге қайтару немесе салық қызметкерінің бюджетке тиесілі салықты өндіруі.

САЛЫҚТЫҚ БАҚЫЛАУ - заңды және жеке тұлғалардан бюджетке және бюджеттен тыс қорларға төленетін салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің толық әрі дер кезінде есептеліп, түсуін қамтамасыз етеді.

САЛЫҚТЫҚ ЕМЕС ТҮСІМДЕР - 1) салық заңнамасына сәйкес белгіленген, негізгі капиталды, гранттарды сатудан түсетін түсімдерге жатпайтындардан басқа, бюджетке міндетті түрде, қайтарымсыз негізде төленетін төлемдер, сондай-ақ ресми трансферттерден басқа бюджетке өтеусіз негізде берілетін ақша; 2) пайдаланғаны үшін төлемдер; әкімшілік түсімдер және үкіметтік қарыз нысанында алынатын табыстар. Пайдаланғаны үшін төлем, яғни коммерциялық табыстар экономикалық игіліктер мен ресурстарды ерекше шарттар немесе бағамен сатқан жағдайда мемлекетке түсетін түсімдер (мемлекеттік ақылы жолдарды пайдаланғаны үшін төлем). Әкімшілік төлемдерге балық аулауға лицензия беру, айыппұл, т.б. жатады.

САЛЫҚТЫҚ ЖОСПАРЛАУ - экономиканың даму бағыттарына сәйкес үрдістерді координациялау, барлық салалар мен аймақтардың дамуын баланстау жолымен экономикалық заңдарды объективті ескере отырып, орталық биліктің экономиканы реттеуі.

САЛЫҚТЫҚ РЕТТЕУ - инвестициялық үрдістерге экономиканың әсер етуін, салалардағы технологиялардың жанаруын, бюджет теңдігін, салық аударымдарының өзін-өзі реттеуін қамтамасыз етеді.

САЛЫҚТЫҚ ТҮСІМДЕР - салық заңнамасына сәйкес белгіленген, заңды және жеке тұлғалардан белгілі бір мөлшерде, мерзімде төленетін салықтар мен бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдер.

САЛЫҚТЫҚ ТІРКЕУ - салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің бюджетке толық әрі дер кезінде түсуін камтамасыз ету мақсатында заңды және жеке тұлғаларды салық төлеушілердің мемлекеттік есебіне алу.

САЛЫҚТЫҢ ЖОҒАРҒЫ ШЕГІ - жекелеген елдерде салық ауыртпалығын шектеу мақсатында табыстан пайыз түрінде белгіленіп, салық ауыртпалығының жоғарғы шегін көрсететін салықтың жоғары шегін қарастырады.

САЛЫҚТЫҢ ФИСКАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТІ - оның көмегімен мемлекеттік ақша қоры құрылып, елдің материалдық жағдайы жасалады және мемлекеттің өмір сүріп, қызмет жасауы үшін материалдық негіз қаланады. Салықтардың фискалдық қызметі арқылы ұлттық табыстың бір бөлігі мемлекеттендіріледі, ел экономикасын реттеудегі мемлекеттің рөлінің артуына ақшалай нысанда объективті алғышарттар жасалады.

САЛЫМ - банкке немесе басқа несиелік мекемеге сақтауға берілген ақшалай қаражат, банктік депозит. Салымы бар тұлға салымшы болып саналады. Салымдардың түрлері: талап етілетін және мерзімді, мақсатты салымдар болып бөлінеді. Талап етілетін салымның сақталу мерзімі көрсетілмейді, ал мерзімді және мақсатты салым белгілі мерзімге сақталады.

САЛЫМ ҚҰПИЯСЫ - банктегі шоттағы қаражаты және олармен жасалған операциялар туралы мәліметтерді құпияда сақтауға деген салымшының құқығы.

САЛЫМДАРДЫ ИНДЕКСАЦИЯЛАУ - құнсыздануға байланысты салымдар бойынша төленетін пайыздарды және салымдар сомасын қайта есептеу және өзгерту.

СВИТЧ - ресми бағамға қарағанда жеңілдігі бар Ұлттық бағам бойынша клирингтік немесе басқа екі жақты шот есептегі қалдықты үшінші елге жеткізу.

СВОП - белгілі бір мерзім өткеннен кейін қайта айырбастау міндеттемесін ала отырып, Ұлттық валютаны шетел валютасына айырбастау операциясы.

СЕКВЕСТР - ағымдағы қаржы жылының алған мерзімінде барлық баптар бойынша (қорғалғандардан басқа) мемлекеттік шығындарды белгілі бір пайызға пропорционалды төмендету. Қорғалған баптардың құрамын республиканың Парламенті мен жергілікті билік органдары анықтайды.

СЕЛЕНГ - бірінші талап бойынша сөзсіз қайтару құқығымен селенг - фирмаларға белгілі бір ақыға мүлікті пайдалану мен оған билік ету құқығын беруден тұратын ерекше ақшалай-мүліктік операция. Селенг механизмі қаржы пирамидаларын салуда пайдаланылады.

СЕНІМДІ ТҰЛҒА - қарыз алушының қарызды қайтармаған жағдайында, оның кепіл заты ретінде банкке берген мүлкін соттан тыс тәртіпте сатуды жүзеге асыратын тұлға.

СМЕТАЛЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ - әдетте, меншікті табыстары жоқ өндірістік емес сала мекемелерінің шығындарын өтеу үшін мемлекеттік бюджеттен ақшалай қаражат беру.

СОЛО-ВЕКСЕЛЬ - вексель берушінің қарыз алушыға бір ғана қолы қойылған вексель. Әдетте соло-вексельге нақты құндылықтармен арнайы қамтамасыз етілмеген банк несиелері беріледі.

СТАГНАЦИЯ - инфляция өндірістің құлдырауымен қатар жүргендегі құбылыс.

СТАГФЛЯЦИЯ - инфляцияның экономикалық дағдарысымен қатар жібергенін сипаттайтын ел экономикасының жағдайы.

СУБВЕНЦИЯ - халықты әлеуметтік қолдауды қамтамасыз ету шаралары мен басқа да мақсатты бағдарламаларға нысаналы мемлекеттік қаржылық көмек көрсетудің нысаны.

СУБСИДИЯ - мемлекеттік басқару органдарының мемлекеттік және жеке мекемелерге беретін ағымдағы, қайтарымсыз төлемдері.

СУБШОТТАР - банк мекемесінің қызметіне кірмейтін елді мекендерге шаруашылық есептегі кәсіпорындары бар заңды тұлғалардың негізгі шоты ашылған банкте ашатын қосалқы шоттары.

СЫЙАҚЫ - несие ақысы; қаржылық лизинг мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасы заң актілеріне сәйкес сыйақы түрінде қаржылық лизинг бойынша берілген (алынған) мүліктің ақысы; депозит бойынша төлем; жинақтаушы сақтандырудың келісімшарты бойынша төлем; борыштық бағалы қағаздар бойынша дисконт немесе купон (дисконтты немесе алғашқы орналастырудың құнынан және (немесе) сатып алудың құнынан алынатын сыйақыны қоса ескергенде) бойынша төлем.

СЫРТҚЫ МЕМЛЕКЕТТІК БОРЫШ - Үкіметтің, жергілікті атқарушы органдар мен Ұлттық банктің бейрезидент несиегерлер алдындағы борышқорлық міндеттемелері.

СЫРТҚЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЫЗ - мемлекетке бейрезидент болып табылатын заңды және жеке тұлғаларға төленбеген пайыздары мен өтелмеген қарыздары бойынша мемлекеттің қарызы.

СЫРТҚЫ САУДА АЙНАЛЫМЫ - сыртқы сауданы дамытудың қорытындылаушы көрсеткіші, экспорт пен импорттың жиынтық көлемі.

СЮРВЕЙЕР - сақтанушының немесе сақтандырушының өтініші бойынша сақтандырылған немесе сақтандырылуы тиіс кемелер мен жүктерді тексеретін сарапшы.

-Т-

ТАЗА ПАЙДА - белгілі бір кезеңде табыстардың барлық шығындардан артып түсуі. Таза пайдадан акционерлерге дивиденд төленеді және өндіріске қайта инвестициялау жасалады.

ТАЙМИНГ - биржалық лексикада акцияны сатып алуға не сатуға арналған қолайлы сәт.

ТАЛАП ЕТІЛЕТІН (ОНКОЛЬДЫҚ) НЕСИЕ - несие берушінің алғашқы талабы бойынша қарыз алушының өтеуге міндеттеме алатын қысқа мерзімді коммерциялық, несиесі. Талап ететін несие валюта брокерлеріне, дилерге және клиенттерге беріледі. Оны қазыналық, коммерциялық және өзге вексельдерді, құнды қағаздарды және тауарларды кепілге ала отырып береді.

Іс жүзінде талап етілетін несиелер құнды қағаздармен биржада жасалатын алыпсатарлық операцияларды несиелеуде пайдаланылады.

ТАНТЬЕМА - таза пайдадан басқарма мүшелеріне, директорға, жоғары дәрежедегі қызметшілерге төленетін қосымша сыйақы.

ТӘУЕКЕЛДІ БАСҚАРУ - кез келген қызмет түріне байланысты туындайтын тәуекелді төмендетуге бағытталған әдіс-тәсілдердің жиынтығы.

ТЕЛЕГРАФТЫҚ ИНКАССО - жабдықтаушының тауар құжаттарын инкассоға қабылдағаны туралы жабдықтаушы банкісінің жіберген телеграммасына қарсы сатып алушы толтыратын инкассоның ерекше нысаны.

ТЕҢГЕ - 100 тиыннан тұратын Қазақстан Республикасының Ұлттық ақша бірлігі және төлем құралы. Қазақстанның қазіргі ақша бірлігінің — «теңге» деп аталуы оның тарихымен тығыз байланысты. 1993 жылы 15 қарашада Қазақстан Республикасының жаңа ақшасы — теңге айналымға шықты. Қазіргі кезде ТМД елдерінің ішінде теңге ең тұрақты валюталардың біріне жатады.

ТЕҢЕСТІРІЛГЕН БЮДЖЕТ - қаржы жылында мемлекеттің жалпы табысы мемлекеттің жалпы шығынына тең болған жағдайда бюджет теңестірілген болып есептеледі.

ТЕҢІЗ САҚТАНДЫРУЫ - кеме, жүк, фрахта және олармен байланысты мүліктік мүдделердің тасымалдау барысындағы тәуекелден сақтандыру.

ТЕҢІЗДЕ САҚТАНДЫРУДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОДАҒЫ - теңіз кемелерін, жүктерді, кеме кіресін сақтандыру операцияларын жүзеге асыратын сақтандыру компанияларының ұлттық ассоциацияларының бірлестігі.

ТЕРІС ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚАЛДЫҚ - бюджет кірістерінің шығындардан кем болуы. Бюджет шығындарында бюджеттік даму бағдарламалары болған жағдайда орта мерзімді фискалдық саясат негізінде шекті мөлшерде теріс операциялық қалдықтың болуына жол беріледі.

ТӨЛЕМ ЖҮЙЕСІ - 1) ақшалай аударымдар мен төлемдерге арналған ережелер, мекемелер және техникалық тетіктер жиынтығы; 2) шаруашылық субъектілердің материалдық не қаржылық ресурстарды сатып алу барысындағы қабылдайтын міндеттемелерді орындауға арналған тетіктер жиынтығы; 3) ақшалай қорлардың орын ауысуына не қозғалысына себеп болатын тетіктер жиынтығы; 4) орындалуға тиісті міндеттемелер шегінде ақшалай аударымдар мен төлемдерді жасайтын төлем құралдарының жиынтығы; 5) ақшалай аударымдар мен төлемдерді экономикалық және құқықтық, жағынан қамтамасыз ететін бағдарламалардың, байланыс желілерінің және есептеуіш техникалардың жиынтығы. Қазіргі Қазақстан Республикасында ұйымдастырылатын төлем жүйесі үш ішкі жүйеден тұрады: банктік хабарламаларды өңдеу жүйесі, банкаралық ақшалай аударымдар жүйесі және ұсақ төлемдер жүйесі.

ТӨЛЕМ ТАПСЫРМАСЫ - ақшаны аударушының (төлеушінің) аталған тапсырмада көрсетілген ақша сомасын бенефициарға аудару туралы қызмет көрсетуші банкке берген тапсырмасы.

ТӨТЕНШЕ ШЫҒЫНДАР - төтенше жағдайларда Президент немесе Конгресс анықтаған шығындар. Мұндай шығындар дискрециондық шығындар болса, онда оны лимитпен байланыстырмайды немесе «pay-as-you-go» ережесі, мұндағы тура шығындар.

ТӨЛЕУГЕ БЕРІЛЕТІН ШОТ - мемлекеттік мекемелердің міндеттемелерін орындағанын растайтын құжат. Осының негізінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган төлемдерді жүзеге асырады.

ТӨМЕНДЕТІЛГЕН САЛЫҚ - табыс салығы мен мұраға салынатын салықтарға төмендетілген тұрақты сома.

ТӨТЕНШЕ МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТ - республикалық және жергілікті бюджеттердің негізінде төтенше мемлекеттік бюджетті жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган әзірлеп, қалыптастыратын, төтенше немесе соғыс жағдайында енгізілетін және сол жағдай енгізілген мерзім аралығында қолданыста болатын орталықтандырылған ақша қоры.

ТӨТЕНШЕ РЕЗЕРВ - мемлекет және шет мемлекет аумағындағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою мақсатымен құрылатын орталықтандырылған ақша қоры.

ТРАНСФЕРТ - бюджет пен бюджеттен тыс қорлардан нақты бір қажеттіктерді қаржыландыру үшін қайта бөлу арқылы қайтарымсыз және өтемсіз негізде берілген ақша қаражаттары.

ТРАНСФЕРТТІК БАҒА - кәсіпорынның көтерме бағасының бір түрі. Бір фирма немесе кәсіпорын бөлімдері арасындағы коммерциялық операциялардың орындалуы кезінде қолданылады. Трансферттік баға тауарлармен қызметтер үшін есептесу кезінде халықаралық бірлестіктер, фирмалар, компаниялар мен транс Ұлттық корпорациялар, холдингтері (соның ішінде, ор түрлі елдерде орналасқан олардың бөлімшелері арасында) шегінде кең таралып келе жатыр. Трансферттік баға бөлімшелерге, еншілес компанияларға жеткізілетін немесе олардан алынатын детальдарына (бөлшектер), жинақтамаларына, жартылай фабрикаттарға немесе дайын техникалық күрделі бұйымдарға бас компаниямен белгіленеді. Бұл бағаларды әдетте жария етпейді.

ТРАНШ - транш несиелік келісім мерзімінде белгілі уақытта берілетін несиенің бір бөлігі.

ТРАСТ ОПЕРАЦИЯСЫ - клиенттің сенімді тұлғасы ретінде оның мүлкін басқаруға және тапсырмасы бойынша басқа да қызмет көрсетуге байланысты банктің операциялары.

ТРЕНДТІК ТАЛДАУ - трендті анықтау мақсатында әрбір есептілік айқындаманы алдағы кезеңдермен, яғни жекелеген кезеңдердің дербес ерекшеліктері мен кездейсоқ әсерлерден тазартылған көрсеткіш динамикасының негізгі тенденциясымен әр түрлі салыстыру кезеңінде мәліметтер жинау және өңдеу.

ТҰРАҚСЫЗДЫҚ - қарыз алушының банк алдындағы міндеттемесін орындай алмаған жағдайда өзара жасалған келесімшартқа сәйкес төлейтін айыппұлы немесе өсімпұлы.

ТҰРАҚТЫ АЙНАЛЫМ КАПИТАЛЫ - белгілі бір өндірістік түрде тұрақты болатын ағымдағы активтердің жүйелік бөлігі.

ТҰРАҚТЫ ВАЛЮТА - өзінің құнына, сондай-ақ алтын және басқа да құндылықтармен қамтамасыз етілген валюталардың бағамына қатынасы бойынша тұрақты валюта.

ТҰРАҚТЫ ПАССИВТЕР - бірлестікке, кәсіпорынға тиесілі емес, бірақ оның шаруашылық айналымында тұрақты түрде болатын меншікті пассивтерге теңестірілген айналым қаражаты.

ТҰРАҚТЫ САЛЫҚ - барлық деңгейдегі табыстардан біртұтас ставкамен алынатын салық. Бұл салықтың баламасы ретінде прогрессивті ставка саналады.

ТҰРАҚТЫ ШЫҒЫНДАР - өндіріс көлемі өзгерсе де, өзгермейтін шығындар. Мысалы, өндірістік ғимараттарды, мекемелерді ұстау (қамтамасыз ету) шығындары.

ТҰТЫНУ ҚОРЖЫНЫ - саны мен құны баға индексі есептеу үшін пайдаланылатын тұтыну тауарларының топтамасы.

ТҮСІМ - тауар, жұмыс, қызмет, т.б. сатудан пайда, табыс түрінде алынған ақша.

ТҮСІМДЕР МЕН ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫҢ ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫ - бюджет түсімдерінің бюджет сыныптамасы бойынша бюджетке түсетін түсімдердің және бюджеттік бағдарламаларды (ішкі бағдарламаларды) төлемдері бойынша қаржыландырудың ай сайынғы теңдестірілген жоспарын айқындайтын құжат.

ТІКЕЛЕЙ ИНВЕСТИЦИЯЛАР - 1) материалдық өндіріске және белгілі бір өнімнің түрін өткізуге тікелей қаражат жұмсау; 2) компанияның бақылау пакетіне иелік етуді қамтамасыз ететін жарғылық капиталына қаражат салу.

-Ұ-

ҰЗАҚМЕРЗІМДІ ҚОР - фирманың қарауындағы тұрақты ұзақмерзімді сипаттағы капиталдар (негізгі қорлар, клиенттердің ұзақ мерзімді борыштық міндеттемелері)

ҰЗАҚМЕРЗІМДІ ТӨЛЕМ НҰСҚАУЫ - клиенттік өз банкіне қандайда бір міндеттеме бойынша (пәтер төлемақысы, жалға алу және т.б.) жүйелі төлем жүргізуге берген нұсқауы.

ҰЗЫН АҚШАЛАР - клиенттердің ұзақ мерзімді қаражатқа деген сұранысын қанағаттандыруға бағытталатын және өзге де ұзақ мерзімді активтерге орналастыруға пайдаланылатын банктің тұрақты ресурстары.

ҰЗЫН ВАЛЮТАЛЫҚ ПОЗИЦИЯ - белгілі бір шетел валютасында бейнеленетін активтер мен баланстан тыс талаптардың сол шетел валютасындағы міндеттемелер мен баланстан тыс міндеттемелерден артық болып келуіне байланысты анықталатын ашық, валюталық позициясының түрі.

ҰЛТТЫҚ АҚША ЖҮЙЕСІ - тарихи қалыптасқан және заңмен бекітілген елдегі ақша айналымын ұйымдастыру нысаны.

ҰЛТТЫҚ БАНК - 1) Орталық банктің классикалық қызметтерін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық банкі; 2) толығымен немесе ішінара Ұлттық капиталға тиесілі және соның мүддесіне сай қызмет ететін банктер; 3) кейбір елдерде орталық банктердің атауы; 4) АҚШ коммерциялық банктерінің атауы, олардың қызметі федералдық заңмен реттеледі.

ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА - белгілі бір елдің аумағында заңды төлем құралы ретінде пайдалану үшін Орталық банктің шығаратын ақша бірлігі. Мысалы: Қазақстан Республикасының теңгесі, Ресей рублі, АҚШ доллары және т.б.

ҰЛТТЫҚ ҚОРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУ КӨЗДЕРІ - тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңға сәйкес шикізат секторы ұйымдарынан республикалық бюджетке түсетін түсімдерден нақты жылдық көлемінің асып түсуі ретінде анықталатын; республикалық меншіктегі кен өндіру мен өңдеу салаларына жататын мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден түсетін түсімдердің есебінен анықталатын; шикізат секторы ұйымдарынан республикалық бюджетке түсетін және онда жоспарланған түсімдер сомасының он пайызы мөлшерінде есептелген; ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін сатудан түскен түсімдер есебінен анықталатын республикалық бюджеттен берілетін ресми трансферттер мен ұлттық қорды басқарудан түсетін инвестициялық кірістер.

ҰТЫСТАР - салық төлеушінің әр түрлі конкурс, жарыс, фестиваль, лоторея, салымдар мен қарыз бағалы қағаздар бойынша алатын ақшалай және заттай нысандағы табыстары.

-Ү-

ҮЛГІ ЖАРҒЫ - шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын заңды тұлға (шаруашылық серіктестіктер, өндірістік кооператив) өз қызметін Қазақстан Республикасының Үкіметі мазмұнын белгілейтін үлгі жарғының негізінде жүзеге асыра алады.

ҮЛЕСТІК ЖАРНА - кооперативтік ұйымға мүше азамат төлейтін ақшалай жарна сомасы. Үлестік жарналар үлестік жарна қорын құрауға жұмсалады.

ҮЛЕСТІК ЖАРНА КАПИТАЛЫ - үлестік жарналардан құралатын кооперативтік ұйымның мүліктік және ақшалай қоры.

ҮЛЕСТІК МЕНШІК - ортақ меншіктің бір түрі. Егер мүліктік меншік иелерінің әр қайсысының меншік құқығындағы үлестері белгілі болса, онда мұндай ортақ меншік үлестік меншік деп аталады. Үлестік меншіктегі мүлікке билік ету оның барлық қатысушыларының келісімінен жүзеге асырылады. Сонымен қатар, үлестік меншіктегі мүлікті иелену мен пайдалану да барлық қатысушыларының ықтиярымен ғана жүргізілуі тиіс. Үлестік меншіктің әрбір қатысушысы ортақ мүліктің өз үлесі мөлшеріне тең бөлігін өзінің иеленуіне және пайдалануына берілуін талап етуге құқылы, ал бұл мүмкін болмаған жағдайда, өз үлесіне тиісті мүлікті иеленетін және пайдаланатын басқа қатысушылардан тиісті ақша сомасын немесе өзге де өтем төлеуді азаматтық-құқықтық шарттардың негізінде талап ете алады. Егер үлестік меншікке қатысушылар үлестерінің мөлшері заң құжаттары

негізінде анықталмаса және оған барлық қатысушылардың келісімімен белгіленуі мүмкін болмаса, үлестер тең деп саналады.

ҮСТЕМЕ ШЫҒЫНДАР - жекелеген бұйымдарды өндірумен немесе жұмыс түрлерін орындаумен тікелей байланысты емес, өнімнің бүкіл шығарылуына немесе қызметтердің бүкіл көрсетілуіне жатқызылатын, негізгі шығындарға қосымша шығындар. Үстеме шығындарға: үй-мереттерді, ғимараттарды және жабдықты ұстауға, пайдалануға және ағымдағы жөндеуге жұмсалатын шығындар, әлеуметтік сақтандыруға, басқа да міндетті төлемдерге және әкімшілік басқарушылық қызметкерлерге, т.б. аударымдар жатады. Үстеме шығындар өнімнің өзіндік құнына енгізіледі.

ҮСТЕМЕ ПАЙДА САЛЫҒЫ - тауарлар мен қызметтер өндірісі белгілі бір деңгейден асқан жағдайда кәсіпорын пайдасына салынатын салық.

-Ф-

ФАКТОРИНГ - клиенттің айналым капиталын несиелеуге ұқсас сауда-комиссиондық операциясының бір түрі; ұсақ және орташа фирмаларға (клиентгерге) коммерциялық банктердің олардың еншілес фактор-бөлімдерінің фирма көрсететін қаржылық қызмет түрі. Оның мәні мыңада, фактор-бөлімі клиенттен олардың борышқорларына қоятын талабын өтеу мерзімі жеткенге дейін сатып алып, оның 70-тен 90%-ға дейінгі мөлшерде қарызын қайтарады. Пайызды шегергеннен кейін қалатын қарыздың бөлігі клиентке қарызды толық төлеген соң қайтарылады. Нәтижесінде фактор-бөлімінің клиенті өзінің қарызын тез арада қайтарып алады, бірақ ол үшін фактор-бөлімге белгілі бір пайыз төлейді.

ФАКТОРЛЫҚ ТАЛДАУ - өткізу жағдайын зерттеу әдісі, оның мәні белгілі бір белгісі бойынша ұқсас факторлардың фирма бөлімшелеріне (қызмет бағытына) әсер ету деңгейі мен жылдамдығын анықтайды.

ФИДУЦИАР - өзге тұлғаның мүддесіне сай мүлікті басқару қызметін жүзеге асыратын және сол үшін жауапты жеке немесе заңды тұлға.

ФИКС - 1) тауарға белгіленген баға; 2) қандай да бір жұмыс түріне төлем үшін берілетін дәл анықталған сыйақы соммасы.

ФИКСИНГ - Лондон биржасында алтын бағасын белгілеу. Бұл күніне екі рет: таңертең және түстен кейін болады.

ФИЛИАЛ – заңды тұлғаның тұрған жерінен тыс орналасқан және оның міндеттерінің бәрін немесе бір бөлігін, соның ішінде өкілдік міндетін жүзеге асырушы оқшау бөлімшесі филиал болып табылады. Филиал заңды тұлға болмайды.

ФИСКАЛДЫ КОМПРОМИСС - қолданыстағы салық заңнамасы мен тәжірибесі қандай да бір жағдайларда түсініксіз болған кезде салық органы мен салық төлеушінің арасындағы келісімі.

ФИСКАЛДЫ ТҮЗЕТУ - фискалды қызметті салық декларациясын толтыру барысында қателіктер тапқан жағдайда енгізетін түзетулері.

ФИСКАЛДЫҚ ҚАРЖЫ ТЕКСЕРУЛЕРІ - Ұлттық шаруашылықтың барлық бөлімшелерінде қаржы ресурстарын құру мен пайдалануды бақылау нысаны.

ФИСКАЛДЫҚ МОНОПОЛИЯЛАР - акциз негізінде өнім өндіріп, өткізетін коммерциялық жеке кәсіпорындарға қарағанда мемлекеттік табыс алу мақсаттарында белгілі бір өнімді өндіріп, өткізудің монополиялық құқығы берілген мемлекеттік қаржылық емес кәсіпорындар. Мұндай жағдайда фискалдық монополия пайдасы салық болып есептелінеді.

ФИСКАЛДЫҚ МУЛЬТИПЛИКАТОР - бюджет шығындарының өсуі табыстың тепе-теңдік деңгейіне қанша әсер ететінін көрсетін коэффициент.

ФИСКАЛДЫҚ ОРГАНДАР – негізгі қызметі жеке және заңды тұлғалардың қаржы қызметіне және олардың салықтар мен бюджетке түсетін өзге де төлемдерді төлеуіне қадағалау жасау болып табылатын мемлекеттік органдар.

ФИСКАЛДЫҚ (САЛЫҚТЫҚ) РЕФОРМА - қолданыстағы салық саясаты мен жүйесіне мемлекеттің енгізетін өзгерістері.

ФЛОУТ – 1) Чекті банкке көрсету мен төлеу арасынағы уақыт, яғни шоттан ақшаны уақытылы есептеп шығару; бұл уақытта қос шот шегі байқалады. 2) Нарыққа шығарылған корпорация акциясының саны. 3) Кассадағы банкноттар мен монеталар.

ФОРВАРД - мәмілені жасағаннан кейін екі күн ішінде шұғыл түрде жасалатын есеп айырысу нысаны. Әдетте форвардтық операцияларды бағаның, валюталар бағамындағы өзгерістер ауытқулардан туындайтын мүмкін болар зияндардан алдын алу мақсатында банктер және сауда өнеркәсіп кәсіпорындары арқылы жасайды.

ФОРВАРД МӘМІЛЕЛЕРІ - келісім негізінде банктердің телефон немесе телекс бойынша жасайтын жедел валюта операциялары. Төлемдер мәміле жасалған кезде бекітілген бағам бойынша жүргізіледі.

ФОРС-МАЖОР – тойтарылмайтын күшті белгілеу үшін қолданылатын термин.

ФОРС-МАЖОР ЖАҒДАЙЫ - экономикалық келісім-шарттарға қатысушылардың әр түрлі аяқ асты жағдайларға (өрт, жер сілкінісі, су тасқыны және т.б.) байланысты міндеттемелерді орындай алмауы.

ФОРФЕЙТИНГ - коммерциялық вексельді сатып алу жолымен экспортты несиелеу; сыртқы сауда операцияларында қолданылатын сату барысында экспортерлерді, сатушыларды несиелеу нысаны. Банк (форфейтор) экспортерден (сатушыдан) сатқан тауары үшін импортердің (сатып алушының) берген ақшалай міндеттемесін (векселін) сатып алуы арқылы экспортердің сатқан тауарының құнын толық немесе жартылай төлейді. Кейіннен импортер (сатып алушы) форфейтордың көрсеткен міндеттемесі бойынша ақшалай соманы оған төлейді. Тез арада төлегені үшін форфейтор-банк экспортерден пайыз ұстап қалады. Форфейтинг операциясы факторингпен біршама ұқсас болып келеді.

ФРАНЧАЙЗИНГ - ірі корпорациялар (франчайзерлер) мен шағын фирмалар немесе жекелеген кәсіпкерлер (франчайзи) арасында жасалған келісімшартқа сәйкес франчайзер фирма өзінің серіктесі франчайзиға франчайзерлердің атынан әрекет етуге құқықтар мен артықшылықтар беретін келісім.

ФРОНТ-КЕҢСЕСІ - банк пайдасының деңгейін арттыру мақсатында клиентпен тығыз қарым-қатынас жасайтын және оларға банктің әр түрлі өнімдерін сата отырып, қызмет көрсетумен айналысатын банктің бөлімшесі.

ФУНТ СТЕРЛИНГ - Ұлыбританияның (X ғ. бастап ағылшынның, 1707 ж. бастап Шотландияның, 1825 ж. - 1927 ж. дейін Ирландияның) акша бірлігі. Фунт стерлинг X-XIX ғғ. күміс, XIV ғ. бастап алтын монета, 1694 ж. бастап банкнота нысанында айналыста жүреді, және ол 100 пенсадан құралады.

ФЬЮЧЕРС - келісім жасалған уақытта тараптардың келісімімен белгіленген бағаны базалық активті сатуға не сатып алуға құқық беретін биржалық контракт. Фьючерстің өзге туынды бағалы қағаздардан өзгешелігі ол тек қана биржада жасалады. Қазақстанда фьючерс контрактісі валютамен астыққа және т.с.с. тауар түрлеріне қолданылып отыр.

ФЬЮЧЕСРТІК ОПЦИОН – таурды биржада қайта сату мақсатымен сатып алынатын биржалық мәміленің түрі.

-X-

ХАЙРИНГ – көлік құралдары мен жабдықтарды ортамерзімге жалға беру. Мазмұны, есеп айырысу тәртібі бойынша операциялық лизингке ұқсас.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АРБИТРАЖ – дауласушы тараптар құратын және олар үшін міндетті шешім шығаратын халықаралық дауларды бейбіт реттеу құралдарының бірі. Халықаралық арбитраж бір не бірнеше төрешіден (арбитрден) құрылуы мүмкін.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ВАЛЮТАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР - валютаның дүниежүзілік шаруашылықта қолданылуы кезінде қалыптасатын және Ұлттық шаруашылықтың қызмет нәтижелерінің өзара алмасуына қызмет көрсететін қоғамдық қатынастардың жиынтығы.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ВАЛЮТАЛЫҚ ҚОР (ХВҚ) - халықаралық валюталық несиелік ұйым. 1945 жылы құрылған. ХВҚ-ға мүше болу Халықаралық реконструкция және даму банкіне мүшелікке ену талабы болып табылады. Құрылу мақсаттары - сыртқы сауданың өсуін ынталандыру, валюта курстарының тұрақтылығын қамтамасыз ету, қорға мүше елдер арасында ағымдық операциялар бойынша көпжақты есеп айырысу жүйесін құруға көмектесу, әлемдік сауданың дамуына кедергі ететін валюталық шектеулерді жою, төлем баланстарын теңестіруге қолғабыс ету және т.б. Бұл ұйымның несиесін алудың негізгі шарттарының бірі елге әлеуметтік-экономикалық дамуды сол ұйымның берген нұсқамаларына сәйкес жүзеге асыру болып табылады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕКІ РЕТТІК САЛЫҚ САЛУ - әр түрлі елдерде бір объектіге бір уақытта салық салу. Бұл құбылысты болдырмау мақсатында мемлекеттер арасында конвенциялар жасалады, мысалы, Қазақстан Республикасы осыған байланысты 30-дан астам мемлекеттермен өзара конвенцияларға қол қойды.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕСЕП АЙЫРЫСУ БАНКІ (ХЕАБ) - орталық банктер үшін таза коммерциялық операцияларды жүргізуді халықаралық валюталық ынтымақтастықтың ұйымдастырушысы мен қатысушысы рөлімен қоса

атқаратын мемлекетаралық банк. 1930 жылы құрылған. ХЕАБ Еуропа валюталық ынтымақтастық қорының қаражатын сақтайды және Еуропадағы валюта өзгерістеріне, есептесулеріне катысады, сонымен қатар валюта проблемалары бойынша кеңес береді.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ДАМУ БАНКІ (ХКДБ) - халықаралық қаржылық мекеме. 1945 жылы Халықаралық валюта қорымен (ХВҚ) бірге құрылды. Құрылу мақсаты - өзіне мүше болып табылатын елдердің экономикасын қайта құруға және дамытуға ұзақ, уақыттық (15-20 жылдық) несие беру арқылы ықпал ету. Басқа халықаралық қаржылық ұйымдардан ерекшелігі мұнда несиелер тек нақты анықталған мақсаттарға ғана беріледі.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ НЕСИЕ - бір мемлекеттің өзінің, банктерінің, сондай-ақ заңды және жеке тұлғаларының басқа бір елдің өзіне, банктеріне, заңды және жеке тұлғаларына беретін займдары.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШАРТ – екі не бірнеше мемлекет не халықаралық құқықтың өзге де субъектілері арасындағы саяси, экономикалық не басқа да қарым-қатынастардағы олардың өзара құқықтары мен міндеттерінің орнатылуы, өзгертілуі не тоқтатылуы жөніндегі келісім.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШАРТТАРДЫ БЕКІТУ - Қазақстан Республикасы Президентінің (Конституциясының 44-бабы, 11-тармақ) не Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына арнаулы өкілеттіліксіз-ақ қол қойып, келіссөздер жүргізуге хақылы Премьер-министр немесе Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі қол қоятын басқа мемлекеттер мен арадағы актілерге Қазақстан мемлекетінің аумағына заңды күш беру (Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 ж. 12 желтоқсандағы заң күші бар «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын бекіту, орындау және өткізу туралы» Жарлығының 9 бабы, 1 тармағы). Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын Парламент Палаталардың жеке мәжілісінде, мәселені жүйелі қарау жолымен, алдымен Мәжілісте, содан кейін Сенатта (Конституциясының 54 бабы, 7 тармағы) бекітеді. Осындай жолмен бекітілген Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары оның заңдарынан басым болады және тікелей халықаралық шарт бойынша оны қолдану үшін заң шығару талап етілетін жағдайдан басқа реттерде қолданылады. Қолданылатын құқыққа сай Қазақстан Республикасының міндетіне алған халықаралық шарттары: 1) орындалуы қолданылып жүрген заңдарға өзгеріс енгізуді немесе жаңа заң қабылдауды талап ететін, сондай-ақ Республика заңында қаралғаннан тыс басқа ережелерді белгілейтін шарттар; 2) Қазақстан Республикасының аумағын анықтау туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ерекше экономикалық аймақтары мен континенттің белгілеу жөніндегі шарттар; 3) қарусыздану немесе қарулануға халықаралық бақылау, халықаралық бейбітшілікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша халықаралық негіздер, сондай-ақ бейбіт және ұжымдық қауіпсіздік жөніндегі шарттар; 4) Қазақстан Республикасының халықаралық факторларға, халықаралық ұйымдар мен басқа да бірлестіктерге (егер егеменді құқық тармақтары ол органдардың шешімін Қазақстан

Республикасы үшін заңды міндет деп тапса) қатысуы жөніндегі шарттар; 5) мемлекеттік заем және Қазақстан Республикасының экономикалық, тағы басқа жәрдем көрсетуі жөніндегі шарттар (Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 ж. 12 желтоқсандағы заң күші бар «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын бекіту, орындау және бұзу тәртібі туралы» Жарлығының 11 бабы). Сол сияқты шартқа отырушы жақтар оларды одан әрі бекіту жөнінде келіскен Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын да Парламент бекітеді. Екі жақ бекіту грамотасымен алмасқан сәттен бастап, жасалған халықаралық шарттың нормалары Қазақстан Республикасы мен оның серіктесі үшін міндетті болып саналады. Бекітілгенге дейін белгіленген тәртіп бойынша Қазақстан Республикасының Конституциясына сай келмейді деп танылған халықаралық шарттар бекітілмейді және іске асырылмайды.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШАРТТЫ ЖОҚҚА ШЫҒАРУ – мемлекеттің шарттан бір жақтық бас тартуы арқылы көрініс табатын және шартқа қатысушылар үшін осының салдарынан шарт күшінің жойылу мүмкіндігін туындататын халықаралық шарттың әрекетін тоқтату тәсілі. Халықаралық шартты жоққа шығарудың негіздері: 1) шартқа қатысушының халықаралық субъект ретінде жойылуы; 2) шартқа қатысушылардың бірінің шартты өрескел түрде бұзуы; 4) халықаралық шартты орындаудың мүмкін болмауы; 5) халықаралық шарттың жарамсыздығы (агрессиялық, отаршылдық, теңсіз және т.б. шарттар).

ХЕДЖ – белгілі бір тауардың болашақта нарықтық бағасының өзгеруінен сатушылар мен сатып алушыларды сақтандыру мақсатында жасалатын мерзімдік мәміле.

ХЕДЖЕРЛЕУ - валюта бағамындағы және т.с.с. өзгерістер нәтижесінде мүмкін болар зияндарды жабуға арналған резервтерді құру, сауда немесе несие валютасын өзгерту жолымен валюталық және өзге тәуекелдерді сақтандыру.

ХОЛДИНГ – басқа компаниялар акцияларының бақылау пакеттерін иеленіп, оларға бақылау жүргізетін компания. Құрылтайшы, «ұстап тұрушы» бас компания. Холдинг операцияларын қаржыландыру компания акционерлері құрған активтер есебінен жүзеге асырылады, екінші бір фирмалар акцияларының бақылау пакеттерін сатып алу мақсатында арнайы бөлінген адамдар арқылы да жүргізілуі мүмкін

ХРОНОМЕТРАЖ - қайталанатын жұмыс операцияларының ұзақтығын өлшеу мен орындау шарттарын талдауға кететін жұмыс уақыты шығындарын зерттеу әдістері.

-Ц-

ЦЕДИРЛЕУ - сақтандырылған тәуекелді қайта сақтандыруға беру үрдісі.

ЦЕССИОНЕР - құқық, мүлік және т.б. берілетін тұлға. Сақтандыруда бұл тәуекелдің бір бөлігін қайта сақтандыруға алатын қайта сақтандырушы.

ЦЕССИЯ - меншікті қаражаттарды иелену немесе оларды алу құқығын басқа тұлғаға беру, мысалы, несие беруші (цедент) өзінің қарызды алу құқығын басқа тұлғаға (цессионарға) беруі мүмкін; цессия сөзі тәуекелді қайта сақтандыруға тапсыру дегенді білдіреді. Бұл жағдайда қайта сақтандыруға тапсырушы ролін - цедент, ал қайта сақтандырушы ролін - цессионар атқарады.

ЦЗЯО - Қытай Халық республикасының банкнотасы Цзяо 10 фынямға немесе 10 юан жень миньбиға тең.

-Ч-

ЧАРТИС - чарт базасында биржалық бағамдар эволюциясының болжамдарына маманданған қаржы аналитиктері.

ЧАРТТАР - бағаны есепке алу және болжау үшін қолданылатын баға кестелері.

ЧЕК - чекте көрсетілген соманы чекті ұстаушыға төлеу туралы, өзінің банкіне берген чек берушінің бұйрығы. Бұл сома чек берушінің чектік шотынан шегеріліп тасталынып, чек ұстаушының шотына толығымен аударылады. Чектердің атаулы (бір тұлғаның атына жазылған), ордерлі басқа бір тұлғаның атына аударылып жазылатын, мәлімдеуші (молімдеуге арналған) түрлері болады. Чек белгілі бір уақыт кезеңінде гана жарамды. Банктер арасындағы есеп айырысулар да банктік чектер пайдаланылады.

ЧЕК БЕРУШІ - чек жазып берген адам.

ЧЕК КІТАПШАСЫ - банктегі шоты бар тұлғаға банктен берілетін, чектердің бланкілерінен тұратын, колдан жасауға қарсы өзіндік қорғаныс элементтері бар, кітапша түрінде болатын ақшалай құжат. Чектердің арнайы қағазбен жасалынған нысаны мен реттік нөмері болады. Чектер бойынша чектік кітапшадан клиент колма-кол ақшаларды алады және олардың көмегімен басқа заңды және жеке тұлғалармен тікелей есеп айырысады.

ЧЕК ҰСТАУШЫ - пайдасына чек жазылған адам, соның ішінде, егер чек беруші чекті өз атына жазса, ол да чек ұстаушы болады.

-Ш-

ШАРТ – екі немесе одан көп тұлғаның азаматтық құқықтар мен міндеттерді белгілеу, өзгерту немесе тоқтату туралы келісімі. Азаматтық заңдармен реттелінетін шарттардың түрлері сан алуан. Оларды мазмұнына байланысты бір жақты немесе екі жақты деп бөлуге болады. Бір жақты деп, бір жағы тек құқықтарға, ал екінші жағы міндеттерге ие шартты айтамыз. Мысалы, қарыз шарты, ал екі жақты шартта екі тараптың да құқықтары мен міндеттері бар. Мысалы, сатып алу-сату шарты. Тараптардың құқықтары мен міндеттерінің пайда болу кезеңіне байланысты шарттар консенсуалдық және нақты болып бөлінеді; біріншісі бойынша – тараптардың құқықтары мен міндеттері тараптар шарттың елеулі (мәнді) ережелеріне сәйкес келісімге жеткен кезден басталады. Мысалы, сатып алу-сату және т.б. Нақты шартқа сәйкес тараптардың құқықтары мен міндеттері шарт бойынша мүлік берілген кезден

бастап анықталады. Мысалы, қарыз шарты. Азаматтық құқығында көбінесе екі жақты шарттар кездеседі. Шарт тараптар үшін оны жасау кезінде қолданылып жүрген заңдармен белгіленген міндетті ережелерге сәйкес келуге тиіс.

ШАРТТЫ ЖӘНЕ МҮМКІН МІНДЕТТЕМЕЛЕР - клиенттердің өтініші бойынша берілген аккредитивтер немесе кепілхаттар мен кепілдемелер.

ШАРУАШЫЛЫҚ СЕРІКТЕСТІКТЕР – жарғылық капиталы құрылтайшылардың (қатысушылардың) үлесіне (салымдарына) бөлінген коммерциялық ұйым шаруашылық серіктестік деп танылады. Шаруашылық серіктестіктің түрлері: толық серіктестік, сенім серіктестігі, жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестік. Шаруашылық серіктестіктің қатысушылары тіркеуден өткеннен кейін қатысушы мәртебесін алады.

ШЕГЕРІМДЕР - салық салу саласында бұл салық салынатын базаны төмендететін сома. Бұл ұғым есептелген салықтан шегерілетін соманы да білдіруі мүмкін, бірақта көптеген елдерде бұл механизм салық жеңілдігін, төмендетілетін салықты білдіреді.

ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТИЦИЯЛАР - шетелдік инвесторлар мен сондай-ақ шетелдік заңды тұлға резиденттердің филиалдарының реципиент елдің (алушы) экономикасына мүліктік және интеллектуалдық бағалықтарды ұзақ мерзімге салу, сонымен қатар пайда немесе актив табу мақсатында мемлекеттік немесе корпоративтік бағалы қағаздарды сатып алу. Тікелей және коржындық инвестициялар болып екіге бөлінеді.

ШЕТЕЛДІКТЕР ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҒЫ ЖОҚ АДАМДАР - құқық пен міндет иесі, бірақ Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын және өзінің шетелдік мемлекетке тиістілігіне дәлелі бар адамдар. Азаматтығы жоқ адамдар - Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын әрі өзінің қандай да бір мемлекетке қатыстылығына дәлелі жоқ адамдар. Шетелдіктер (шетелдік азаматтар) мен азаматтығы жоқ адамдар (апатридтер) Қазақстан Республикасында құқық пен бостандыққа ие, сондай-ақ Конституцияда, заңдары мен халықаралық шарттарда көрсетілгендерден басқа жағдайларда, азаматтар секілді міндеттері де бар. Қазақстан Республикасының Конституциясы адамдардың құқығын, бостандығы мен міндеттерін белгілеу үшін олардың азаматтыққа қатыстылығына қарамастан, «әрбір», «бәрі», «ешкім» деген сөздерді пайдаланды. Бұл жағдайда, құқық, бостандықтар мен міндеттер азаматтарға, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға бірдей қатысты. Басқалай тұстарда Конституция құқық, бостандық пен міндет иелерін нақтылай атап көрсетеді.

ШИКІЗАТ СЕКТОРЫНЫҢ ҰЙЫМДАРЫНАН ТҮСЕТІН ТҮСІМДЕР - аталмыш ұйымның салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер түрінде төлейтін түсімдерінің жиынтығы. Оған мыналар жатады: корпоративтік табыс салығы, қосылған құнға салынатын салық, үстеме пайдаға салынатын салық, жер қойнауын пайдаланушылардың арнайы төлемдері мен салықтары және т.б. Шикізат секторының ұйымдарынан түсетін түсімдер олардың тауарына мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық

дамуының орташа мерзімді жоспарында айқындалған дүниежүзілік тұрақты есеп айырысу бағалары ескеріле отырып болжанады.

ШИПЧАНДЛЕР – кемелерге азық-түлік және техникалық жабдықтарды жеткізіп беретін ұйым немесе фирма.

ШОМАЖ - сақтандыру жағдайларының орын алуы нәтижесінде өндірістің тоқтап қалуына байланысты пайданы жоғалтудан немесе басқа да қаржылық залалдардан сақтандыру.

ШОТТАРДЫ АШУ – 1) Бухгалтерлік есепте, шоттарда олардың аталуын және бастапқы сальдосының жазылуы. 2) Банк істерінде клиенттен қолтаңба үлгісін, заңды тұлғалардан құрылтай құжаттарын, шоттың бет карточкасының формулярын толтыру және оған алғашқы соманы енгізуін алу.

ШОТ ШИФРЫ - шоттың сандық шарт түрінде көрсетілуі, бухгалтерлік есепте шоттардың жоспарында әр шоттың атауы мен оның шифры көрсетіледі, ол жазуларды қысқартып, есепті автоматты түрде қамтамасыз етеді.

ШОТ-ФАКТУРА - сауда мәмілесі рәсімделген құжат (сатушы сатып алушыға ұсынады).

ШҰҒЫЛ ШЫҒЫНДАРҒА АРНАЛҒАН РЕЗЕРВ - мемлекеттің немесе оның әкімшілік-аумақтық бірлігінің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін жағдайларды жою, сот шешімі бойынша Үкіметтің, орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелерін атқару мақсатында қолданылатын орталықтандырылған ақша қоры.

ШЫҒЫНДАРДЫҢ ӨСУ КОЭФФИЦИЕНТІ - аяқталмаған өндірістегі өнімнің өзіндік құнының өндірістік құнына қатынасы. Өнімнің дайындық деңгейін сипаттайды.

ШЫҒАРЫЛАТЫН ӨНІМ ТҮРЛЕРІ - бұл кәсіпорын өнімінің жеке бұйым түрлерінің арақатынасы, құрамы, салалары, іріктелген және сапасы ескерілген тауарлар тобы.

ШЫНАЙЫ (НАҚТЫ) МӘМІЛЕЛЕР – тараптардың құқықтары мен міндеттері шарт бойыншап мүлік берілген кезден бастап анықталатын мәміленің түрі. мысалы, заем шарты. Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 717 бабында көрсетілгендей «заем шарты, егер осы Кодексте немесе тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, ақша немесе заттар берілген кезден бастап жасалды деп есептеледі».

-I-

ІШКІ АЙНАЛЫМ - материалдық құндылықтардың бірлестік, кәсіпорын, ұйым ішіндегі айналымы.

ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ОРТАЛЫҚ УӘКІЛЕТТІ ОРГАН - ішкі мемлекеттік қаржы бақылауы жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

ІШКІ ЗАЕМ - ел ішінде Ұлттық валютада орналастырылған мемлекеттік қарыз. Ішкі қарыздарға мемлекеттің шығарған және орналастырған бағалы қағаздары жатады.

ІШКІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ - есептелген шығындардың нақты төлемі мен ақша қаражаттары түсімдері арасындағы уақытша кешіктіруді қолдану арқылы компания операцияларын қаржыландыру.

-Ә-

ЭКАУТАНТ - қаржы және бухгалтерлер жүйесіндегі маман.

ЭКАУТИНГ - құру, өңдеу, топтастыру, талдау және әр түрлі қаржы ақпарат түрлерін құжаттаумен байланысты функционалды бизнес аясы.

ЭКВАЙРЕР БАНК - банктік карточкалар көмегімен жасалатын операциялар бойынша Pos-терминалдармен есеп айырысуды жүзеге асыратын банк.

ЭКВАЙРИНГ - банктік карточкалармен жасалатын операциялар бойынша сауда ұйымдарымен Pos-терминалдар арқылы есеп айырысуды және банктік карточка иелеріне қолма-қол ақша беру операцияларын қамтитын банктік мекемелер қызметі.

ЭКОНОМИКА – материалдық өндіріс пен өндірістік емес саланы қамтитын халықшаруашылығы; елдің немесе оның жекелеген аймақтары шаруашылығының секторларын - өнеркәсіп, ауылшаруашылығын, қызмет көрсету салаларын, сондай-ақ өндірістің кейбір жағдайы мен белгілерін зерттеумен айналысатын ғылыми пән.

ЭКОНОМИКАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫЛЫҚ РЕТТЕУ - мемлекеттің макроэкономикалық тепе-тендік пен экономиканың қызмет ететін әрбір нақты кезеңінің дамуына ықпал ету үшін шаруашылық, жүргізуші субъектілерге қаржылық әсер етудің әдістері мен нысандарын нысаналы бағытта жүйелі түрде қолдану үрдісі.

ЭКОНОМИКАНЫ РЕТТЕУ БЮДЖЕТІ - белгілі бір заңдар жинағының орындалуын бақылауды қамтамасыз етуге бағытталған бюджет қаражаттары, сондай-ақ осындай бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік ведомствоның бюджеті.

ЭКСПИРАЦИЯ – 1) электронды кредиттік картаның қолданылу мерзімінің аяқталуы; 2) опционның қолданылу мерзімінің аяқталуы.

ЭКСПОРТ - сыртқы нарықта өткізу үшін тауарларды, технологиялар мен қызметтерді шекарадан шетелге шығарып сату.

ЭКСПОРТТЫҚ БАЖ - мемлекеттің экспортталған тауарлардан алатын және мемлекеттік бюджеттің кірісіне түсетін кеден бажы.

ЭКСПОРТТЫҚ НЕСИЕ - экспортты қолдау құралы ретінде өнімді сатуды қаржыландыру мақсатында сатып алушыға немесе оның банкіне берген несие. Фирмалық экспорттық несие экспортер тарапынан беріледі де банктен қаржыландырылмайды. Банктік экспорттық несие банктен шетелдік сатып алушыларға тікелей беріледі.

ЭКСТРОУ - берілген нақты шарттарды тек орындаудан кейін ғана басқа біреудің атына беріп, үшінші тұлғада ақша сомасының жабылуы.

ЭЛЕКТРОНДЫ САНДЫҚ ҚОЛТАҢБА - банк пен клиент арасында есеп айырысуларда қолданылатын төлем құжаттарының түпнұскалығын және ондағы мәліметтердің шынайылығын растайтын, сондай-ақ берілетін ақпараттың құпиялығына толық кепілдік беретін және есеп айырысу процесінде үшінші бір тұлғаның араласуына жол бермейтін санмен құпияланған таңбалар. Электронды сандық қолтаңба клиенттің банкке тапсырған қолы және мөр қою үлгісі бар карточкаға балама болып келеді.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ АҚШАЛАР - компьютер тарабының ақпараттарды автоматты түрде өңдеу құралдарын қолданатын байланыс жүйелері арқылы жүзеге асырылатын, банктер және олардың клиенттері, сатушылар мен сатып алушылар арасындағы қолма-қолсыз есеп айырысуларды қамтамасыз ететін электрондық төлем жүйелері.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚОЛМА-ҚОЛСЫЗ ЕСЕП АЙЫРЫСУ ЖҮЙЕСІ - банк пен клиент арасындағы төлем операцияларын жылдамдатуға, сондай-ақ олардың орындалуына бақылау жасауға арналған есеп айырысу жүйесі. Мұндай жүйе Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері мен олардың арасында «Банк-клиент» жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Мұндағы есеп айырысу операцияларының жылдамдатылу қағаз формасындағы құжаттардың орнын, банкке электрондық байланыс жолдары арқылы жеткізілетін олардың электрондық үлгілерімен айырбастау және төлем құжаттарын автоматты түрде өңдеу нәтижесінде жүзеге асады.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ТӨЛЕМ ҚҰЖАТТАРЫ - ақшалай төлемдер мен аударымдарды жүзеге асыруға арналған электрондық жолмен өңделетін төлем құжаттары. Отандық тәжірибеде электрондық қолма-қолсыз есеп айырысу жүйесінде қолданылатын төлем құжаттарына клиенттің төлем тапсырмасы, клиенттің ағымдық шотына ақша қаражаттарының түскендігі туралы хабарлама және клиенттің шотының кешірімесі жатады.

ЭМБРАГО – мемлекеттің қандай да бір тауарларды, қызметтерді, валюталық және басқа да құндылықтарды өз еліне шеттен әкелуге немесе шетке әкетуіне тыйым салу.

ЭМИССИЯ - айналысқа құнды қағаздарды, ақша белгілерін барлық нысандарда шығару. Ақшаны эмиссиялау тек қана ақша белгілерін басуды білдірмейді, сол сияқты айналыстағы қолма-қол және қолма-қолсыз ақшаларды ұлғайтуды сипаттайды. Эмиссиялаудың басты нысандары несиелік ақша — банкнотаны эмиссиялау; құнды қағазды эмиссиялау.

ЭМИССИЯЛЫҚ БАҒАМ - қор нарығының және эмитенттің қаржы саясатына байланысты эмитентпен бекітілген бағалы қағаздарды эмиссиялағанда қойылатын баға.

ЭМИССИЯЛЫҚ ТАБЫС - бағалы қағаздардың номинал құны мен сату құнының айырмасы.

ЭМИССИЯЛЫҚ БАНК - қолма-қолсыз немесе қолма-қол ақша формасында ақша белгілерін, сондай-ақ өзге төлем құралдарын айналысқа шығаратын банк.

ЭМИТЕНТ - бағалы қағаздар шығаратын және бағалы қағаз иелерінің алдында ол бойынша міндеттеме ұстайтын заңды тұлға, мемлекеттік орган немесе жергілікті әкімшілік органы.

ЭМФИТЕВЗИС – басқаның мүлкін пайдалануға заттық құқық; басқаның ауылшаруашылық жерін ұзақ уақыт мұрагерлікпен пайдалану. Эмфитевзис ғылымы бойынша басқаға тиесілі жердің маңыздылығын жоғалтпай, жер телімінен өнімдер алу, жерді сатуға немесе мұраға қалдыру. Ол туралы ұғым алғашқы рет Рим елінде қалыптасқан.

-Ю-

ЮРИСДИКЦИЯ – тиісті мемлекеттік органдардың дауларды шешу және құқық бұзушылық істерді шешу, яғни тұлғаның немесе өзге құқық субъектісінің іс қимылын олардың заңдылығы тұрғысынан бағалау, құқық бұзушыларға заңды санкциялар қолдану жөніндегі өкілеттіктерінің заңмен (немесе өзге нормативтік актілермен) белгіленген жиынтығы.

ЮСТИЦИЯ – 1) әділ сот, сот әділдігі; 2) сот мекемелері жүйесі; 3) сот ведомствосы (сот идарасы).

-Я-

ЯРД – ағылшын өлшемдер жүйесіндегі ұзындық өлшемі; 1 ярд 3 фунтқа немесе 91,44 сантиметрге тең.

Пайдаланған әдебиеттер Использованная литература

1. Сейітқасымов Ғ., Кәрімжанов С., Бекболатұлы Ж. «Русско-казахский финансовый словарь» / « Орысша-қазақша қаржы сөздігі» . – Алматы: Экономика, 2007 – 250 бет.
2. Умбиталиев А.Д. Керимбек Г.Е. Налоги и налогообложение. Русско-казахский словарь / Салық және салық салуды орысша-қазақша сөздігі. – Алматы: Экономика 2008 – 685 с.
3. Экономикалық орысша-қазақша сөздік / Жалпы редакциясын басқарған академик А. Қошанов – Алматы: Дайк-пресс, 2008 – 1164 бет.
4. Сәбден О., Тоқсанбай С.Р. Қаржы-экономика сөздігі. – Алматы: Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің Экономика институты, «Зияткер» ЖШС, 2007 – 640 бет.
5. Бухгалтердің қысқаша орысша-қазақша анықтама-сөздігі. – Краткий русско-казахский словарь-справочник бухгалтера. – Алматы: «LEM», 1999 – 344 с.
6. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексін) » Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 Желтоқсандағы №99 – IV Кодексі.
7. Кодекс Республики Казахстан от 10 декабря 2008 года №99 – IV «О налогах и других обязательных платежах в бюджет (Налоговый кодекс)».
8. «Қазақстан Республикасының банктері және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы №2444 Заңы.
9. Закон Республики Казахстан от 31 августа 1995 года №2444 «О банках и банковской деятельности в Республике Казахстан».
10. «Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 4 шілдегі №336 Заңы
11. Закон Республики Казахстан от 4 июля 2002 года №336 « Об органах финансовой полиции Республики Казахстан»
12. «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 наурыздағы №2155 Заңы.
13. Закон Республики Казахстан от 30 марта 1995 года №2155 «О Национальном Банке Республики Казахстан».
14. «Инвестициялық қорлар туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі №576 Заңы.
15. Закон Республики Казахстан от 7 июля 2004 года №576 «Об инвестиционных фондах».
16. «Қазақстан Республиканың Бюджет кодексі» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-4 Кодексі.
17. Кодекс Республики Казахстан от 4 декабря 2008 года №95-4 «Бюджетный кодекс Республики Казахстан ».
18. «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептелік туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы №234 Заңы.

19. Закон Республики Казахстан от 28 февраля 2007 года №234 «О бухгалтерском учете и финансовой отчетности».
20. «Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдары мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 4 шілдегі №474 Заңы.
21. Закон Республики Казахстан от 4 июля 2003 года №474 «О Государственном регулировании и надзоре финансового рынка и финансовых организаций».
22. «Ақша төлемі мен аударымы туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 4 шілдегі №474 Заңы.
23. Закон Республики Казахстан от 27 июня 1998 года №237-1 «О платеже и переводах денег».
24. «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдегі №272 Заңы.
25. Закон Республики Казахстан от 9 июля 1998 года №272-1 «О естественных монополиях и регулируемых рынках».
26. «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 маусымдағы №57 Заңы.
27. Закон Республики Казахстан от 13 июня 2005 года №57-3 «О валютном регулировании и валютном контроле».
28. «Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 12 сәуірдегі №544 Заңы.
29. Закон Республики Казахстан 12 апреля 2014 года №544-2 «О регулировании торговой деятельности»
30. «Секьюритизация туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 20 ақпандағы №126 Заңы
31. Закон Республики Казахстан от 20 февраля 2006 года № 126 «О секьюритизациях»
32. «Трансферттік баға белгілеу туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 5 шілдедегі № 67- IV заңы
33. Закон Республики Казахстан от 5 июля 2008 года № 67-IV «О трансфертном ценообразовании»
34. «Экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингі туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 қарашадағы №490 заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 12 ақпандағы №131- IV Заңы
35. Закон Республики Казахстан от 12 февраля 2009 года №131- IV «О внесении изменений и дополнений в закон Республики Казахстан от 4 ноября 2003 года №490 «О государственном мониторинге собственности в отраслях экономики, имеющих стратегическое значение»
36. «Жеке кәсіпкерлік туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қаңтардағы №124 Заңы
37. Закон Республики Казахстан от 31 января 2006 года № 124 «О частном предпринимательстве»

38. «Аудиторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 20 қарашадағы №304 Заңы
39. Закон Республики Казахстан от 20 ноября 1998 года №304 «Об аудиторской деятельности»
40. «Банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы №67 Заңы
41. Закон Республики Казахстан от 21 января 1997 года №67 «О банкротстве»
42. «Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі №573 Заңы
43. Закон Республики Казахстан от 6 июля 2004 года №573 «О кредитных бюро и формирований кредитных историй в Республике Казахстан»
44. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 14 желтоқсандағы №101- IV Заңы
45. Закон Республики Казахстан от 10 декабря 2008 года №101-IV «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам налогообложения»
46. «Тауар биржалары туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 мамырдағы №155- IV Заңы
47. Закон Республики Казахстан от 4 мая 2009 года № 155- IV «О товарных биржах»
48. «Экспорттық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі № 300-3 Заңы
49. Закон Республики Казахстан от 21 июля 2007 года №300-3 «Об экспортном контроле»
50. «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі №461 Заңы
51. Закон Республики Казахстан от 2 июля 2003 года №461 «О рынке ценных бумаг»

